Күріштің Сыр Сұлуы сорттарының көшеттерін «гидропоника» тәсілін қолданып өсіру бойынша тәжірибелер жүргізілді. Бұл тәсіл бойынша күріш тұқымы алдын-ала өндіріліп астаушаларға себіледі. Ол үшін көлемі 60-40 см, биіктігі 5 см болатын астаушалардың түбіне ылғалдандырылған фильтрлі қағаз төселіп, оған біркелкі жиілікте гектарына 50 кг есебімен өндірілген тұқым себіледі. Содан кейін астаушалардағы тұқымның үсті екінші ылғалданған фильтрлік қағазбен жабылып, гидрогель араластырылған гидропондық субстрат құйылады. Бұл астаушалар арнайы құрылғылар-стеллаждарға орналастырылып, 20-күндік көшеттер өсіріледі. Өсірілген көшеттер аталған 20 күннен кейін, алдын-ала көшет отырғызуға әзірленген танапқа орналастырылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.

Күріш көшеттерін гидропоникада өсіру тәсілінен алынған өнімнің нәтижелерін дәстүрлі себу және көшеттерді топырақта өсіру әдістерімен салыстырғанда, төмендегі кесте 1-де көрсетілген мәліметтер алынды.

Кесте 1 – Көшеттерді өсіру тәсілдерінің күріш өніміне әсері, 2020 ж.

Тәжірибе нұсқалары	Көшеттер және дән дер саны, дана/м ²	Өнімділік		
		ц/га	бақылаумен салыстырғанда	
			ц/га	%
Дәстүрлі себу тәсілі (бақылау)	750	45,0	-	100
Көшетті топырақта өсіру	50	80,0	30,0	160
Көшетті гидропоника қолданып өсіру	50	85,0	35,0	170

Танаптарға күріш көшеттерін отырғызу кезінде өсімдік тығыздығы, көшеттеу мерзімі және тәсілі ескерілді. Біздің зерттеулерімізде Сыр Сұлуы сортынан жоғары өнім-85,0 ц/га, көшетті 15x15 см тығыздықта, гидропоника қолданылған нұсқада алынды. Бұл нұсқадағы өнім, бақылау нұсқасымен салыстырғанда, 35,0 ц/га жоғары болды.

Күріш өсімдігін биометриялық талдаудан өткізгенде, оның өнімділігі өсімдік тығыздығына, бір ұядағы өсімдіктен және бір масақтан түсетін дән дер мен 1000 дәннің массасына, сонымен қатар, масақтағы дәннің санына тікелей байланысты екені анықталды [7,8].

Дәстүрлі себу және көшеттеп егу әдісінің көрсеткіштерін салыстыра зерттегенде, күрішті көшеттеп егу тиімді екені анықталды (кесте 2).

Кесте 2 – Күрішті дәстүрлі себу және көшеттеп егу тәсілінің салыстырмалы көрсеткіштері, 2020ж.

Көрсеткіштер	Күрішті егу тәсілі		Айырмасы
	дәстүрлі	көшеттегі	
Жұмсалған күріш тұқымы, кг/га	250	50	200
Жұмсалған су, мың шаршы метр	26-30	20-24	6-10
Өсу дәуірі, күн	105-110	82-85	20-25
Егістің арам шөппен ластануы, м ² /дана	21-30	3-5	18- 25
Жұмсалған гербицид; теңге/га	20000	-	20000
Күріш өнімділігі, т/га	4,0-4,5	8,0-8,5	3,0-3,5

Зерттеу нәтижелері бойынша дәстүрлі себу әдісімен салыстырғанда күрішті көшеттеп екенде гектарына 200 кг күріш тұқымы, 6-10 мың текше метр су, құны 20000 тұратын 1,2 л/га гербицид үнемделетіні дәлелденді [9,10]. Сонымен қатар, күріштің өсу дәуірі 20-25 күнге қысқарып, оның өнімі гектарына 30,0-35,0 центнерге артты.

Арал өңірі жағдайында күрішті көшеттеп егу тәсілінің тиімді жақтары бар. Олар, жоғарыда айтылғандардан басқа, еңбекті ұйымдастыруға қолайлы жақтары жатады. Атап айтқанда, күрішті жинау әдеттегіден 2-3 апта бұрын басталып, сонша уақыт бұрын аяқталды [11,12]. Нәтижесінде сүдігер жырту мен күздік дақылдарды егу жұмыстары қолайлы кезеңде жүргізілді [13-15].

Қорытынды. Күрішті көшеттеп, әсіресе гидропоника тәсілімен өсіру, әдісін бастапқы тұқым шаруашылығында пайдаланған тиімді. Атап айтқанда, жаңа технология қолданғанда күріш өнімділігі 30,0-35,0 ц/га артып, жаңа сорттардың аз мөлшердегі тұқымы 4-5 есеге, суару суы 25%-ға үнемделеді. Қызыл дәнді және басқа күріш түрлерімен тұқымның ластануы 100%-ға кемиді және инновациялық сорттарды өндіріске енгізу 2-3 жылға қысқарады.

Әдебиеттер:

- 1 Полухин А.А., Панарина В.И.. Основные проблемы селекции и семеноводства сельскохозяйственных культур и пути их решения. // Научно – производственный журнал «Зернобобовые и крупяные культуры». – 2020. – №3(35) – С. 5-11. DOI: 10.24411/2309-348X-2020-11178
- 2 Пищенко Д. А. Способы посева риса в питомниках размножения и их роль в повышении урожайности. // РИСОВОДСТВО. – Краснодар. – 2014. – № 2 (25). С. – 28-30
- 3 Matthew B. Espe, Haishun Yang, Kenneth G. Cassman, Nicolas Guilpart, Hussain Sharifi, Bruce A. Linquist. Estimating yield potential in temperate high-yielding, direct-seeded US rice production systems // Field Crops Research. – 2016. – July, volume 193, Pages 123-132. <https://doi.org/10.1016/j.fcr.2016.04.003>
- 4 Dzhamirze R R, Ostapenko N V, Garkusha S Vand Chinchenko N N. Problems of primary seed production of some rice varieties. // Earth and Environmental Science – 2020 – 421 Pages 82028. doi:10.1088/1755-1315/421/8/082028
- 5 Б.Ә. Дуйсембеков, Қ. Бәкірұлы, К.Шермағамбетов, А.И. Курбанбаев, К.С. Абдывалиева. «Күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында гидропоника тәсілін қолданып, көшеттеп өсіру әдісін енгізу». Ұсынымдар. – Қызылорда – 2020. – 20 б.
- 6 Satyen Mondal, Jamil Hasan M., Tofayel Ahmed, Giashuddin Miah M., Pompe Sta Cruz C., Abdel Ismail M. Effects of AG1 and AG2 QTLs on Nonstructural Carbohydrate and Seed Management Options for Rice Seedling Growth and Establishment under Flooding Stress. // Rice Science. – 2020. – November, volume 27, Issue 6. Pages 515-528. <https://doi.org/10.1016/j.rsci.2020.09.008>

- 7 Бәкірұлы Қ., Құрбанбаев А., Абдывалиева Қ., Ботаев С., Таңатаров Д., Кенжеев Ғ. Өнімділігі жоғары шетелдік күріш сорттарын Қызылорда облысының стресстік жағдайында экологиялық сынау. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ХАБАРШЫСЫ». – 2020. – №1 (54). Қызылорда. 36-42 б.
- 8 Малышева Н. Н., Пищенко Д. А. Состояние и перспективы развития семеноводства риса в Краснодарском крае. Научный журнал КубГАУ, – 2016. – №121(07), С. – 459-474.
- 9 Cabangon R.J., Tuong T.P., Abdullah N.B. Comparing water input and water productivity of transplanted and direct-seeded rice production systems. // *Agricultural Water Management*. – 2002. – 30 September, Volume 57, Issue 1. Pages 11-31. [https://doi.org/10.1016/S0378-3774\(02\)00048-3](https://doi.org/10.1016/S0378-3774(02)00048-3)
- 10 Рау А.Г., Бакирова А.Ш. Влияние температуры слоя воды рисовых чеков на урожайность риса. // *РИСОВОДСТВО*. № 2 (43) 2019 с. – 48-51
- 11 Оганесян С. А., Шапошникова А. А., Зеленский Г. Л. Посевные качества семян скороспелых сортов риса в зависимости от сроков посева и уборки. // *РИСОВОДСТВО*. – Краснодар.. – 2017. – №3 (36) С. – 30 - 35
- 12 Le Xu, Xuewu Zhan, Tingting Yu, Lixiao Nie, Jianliang Huang, Kehui Cui, Fei Wang, Yong Li, Shaobing Peng. Yield performance of direct-seeded, double-season rice using varieties with short growth durations in central China. // *Field Crops Research* – 2018. – 1 October, volume 227, Pages 49-55. <https://doi.org/10.1016/j.fcr.2018.08.002>
- 13 Phyo Chon Ri, Sangjin Choe, Yongsong Jang. Study on laser pre-sowing treatment of rice seeds by free-falling transport method. *Information Processing in Agriculture* – 2019. – December volume 6, Issue 4. Pages 515-521. <https://doi.org/10.1016/j.inpa.2019.01.004>
- 14 Zheng ZHANG, Ping-lei GAO, Wei-min DAI, Xiao-ling SONG, Feng HU, Sheng QIANG. Effect of tillage and burial depth and density of seed on viability and seedling emergence of weedy rice. // *Journal of Integrative Agriculture* – 2019. – August, volume 18, Issue 8. Pages 1914-1923. [https://doi.org/10.1016/S2095-3119\(19\)62583-9](https://doi.org/10.1016/S2095-3119(19)62583-9)
- 15 Bhagirath Singh Chauhan, Sharif Ahmed, Tahir Hussain Awan, Khawar Jabran, Sudheesh Manalil. Integrated weed management approach to improve weed control efficiencies for sustainable rice production in dry-seeded systems. // *Crop Protection*. – 2015. – May, volume 71, Pages 19-24. <https://doi.org/10.1016/j.cropro.2015.01.012>

References:

1. Poluhin A.A., Panarina V.I. Osnovnye problemy selekcii i semenovodstva sel'skohozjajstvennykh kul'tur i puti ih reshenija // *Nauchno-proizvodstvennyj zhurnal «Zernobobovye i krupjanye kul'tury»*. – 2020. – №3(35). – Pages 5-11. DOI: 10.24411/2309-348X-2020-11178 [in Russian]
2. Pishhenko D. A. Sposoby poseva risa v pitomnikah razmnozhenija i ih rol' v povyshenii urozhajnosti // *РИСОВОДСТВО*. – Краснодар. – 2014. – № 2 (25) – Pages 28-30 [in Russian]
3. Matthew B. Espe, Haishun Yang, Kenneth G. Cassman, Nicolas Guilpart, Hussain Sharifi, Bruce A. Linquist. Estimating yield potential in temperate high-yielding, direct-seeded US rice production systems // *Field Crops Research*. – 2016. – July, volume 193. Pages 123-132. <https://doi.org/10.1016/j.fcr.2016.04.003>
4. Dzhamirze R. R., Ostapenko N .V., Garkusha S .V. and Chinchenko N .N. Problems of primary seed production of some rice varieties // *IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science* 421 – 2020. – Pages 82028. doi:10.1088/1755-1315/421/8/082028
5. Dujsembekov B. A., Bakiruly K., Shermagambetov K., Kurbanbaev A.I., Abdyvalieva K.S.. «Kurishtin bastapky tukym sharuashylygynda gidroponika tasilin koldanyp, koshettep osiru adisin engizu» // *Usynymdar*. – Kyzylorda, – 2020. – 20 b. [in Kazakh]
6. Satyen Mondal, Jamil Hasan M., Tofayel Ahmed, Giashuddin Miah M., Pompe Sta Cruz C., Abdel Ismail M. Effects of AG1 and AG2 QTLs on Nonstructural Carbohydrate and Seed Management Options for Rice Seedling Growth and Establishment under Flooding Stress // *Rice Science*. – 2020. – November, volume 27, Issue 6. Pages 515-528. <https://doi.org/10.1016/j.rsci.2020.09.008>
7. Bakiruly K., Kurbanbaev A., Abdyvalieva K., Botaev S., Tanatarov D., KENZHEEV G. Onimdiligi zhogary sheteldik kurish sorttaryn Kyzylorda oblysynyn stresstik zhagdayynda ekologialyk

- synau//Respublikalyk gylimi-adistemelik zhurnal, «Korkyt Ata atyndagy Kyzylorda universitetinin HABARShYSY». – Kyzylorda. – 2020. – №1 (54) – 36-42 b. [in Kazakh]
8. Malysheva N. N., Pishhenko D. A. Sostojanie i perspektivy razvitija semenovodstva risa v krasnodarskom krae. Nauchnyj zhurnal KubGAU, – 2016. – №121(07).Pages 459-474 [in Russian]
 9. CabangonR.J., TuongT.P., AbdullahN.B.Comparing water input and water productivity of transplanted and direct-seeded rice production systems//Agricultural Water Management. – 2002. – 30 September,volume 57, Issue 1. Pages 11-31. [https://doi.org/10.1016/S0378-3774\(02\)00048-3](https://doi.org/10.1016/S0378-3774(02)00048-3)
 - 10.RauA.G., BakirovaA.Sh.Vlijanie temperatury sloja vody risovyh Chekov na urozhajnost' risa //RISOVODSTVO. – 2019. – № 2 (43). Pages 48-51[in Russian]
 - 11.OganesjanS. A., ShaposhnikovaA. A., ZelenskijG. L.Posevnye kachestva semjan skorospelyh sortov risa v zavisimosti ot srokov poseva i uborki // RISOVODSTVO. – Krasnodar. – 2017. – №3 (36) Pages 30-35 [in Russian]
 - 12.Le Xu, Xuewu Zhan, Tingting Yu, Lixiao Nie, Jianliang Huang, Kehui Cui, Fei Wang, Yong Li, Shaobing Peng. Yield performance of direct-seeded, double-season rice using varieties with short growth durations in central China //Field Crops Research. – 2018.– 1 October,volume 227. Pages 49-55. <https://doi.org/10.1016/j.fcr.2018.08.002>
 - 13.Phyongchol Ri, Sangjin Choe, Yongsong Jang. Study on laser pre-sowing treatment of rice seeds by free-falling transport method //Information Processing in Agriculture. – 2019. – December,volume 6, Issue 4. Pages 515-521. <https://doi.org/10.1016/j.inpa.2019.01.004>
 - 14.ZhengZHANG, Ping-leiGAO,Wei-minDAI, Xiao-lingSONG, FengHU,ShengQIANG.Effect of tillage and burial depth and density of seed on viability and seedling emergence of weedy rice //Journal of Integrative Agriculture. – 2019. –August,volume 18, Issue 8. Pages 1914-1923.[https://doi.org/10.1016/S2095-3119\(19\)62583-9](https://doi.org/10.1016/S2095-3119(19)62583-9)
 - 15.Bhagirath SinghChauhan, SharifAhmed, Tahir HussainAwan, KhawarJabran, Sudheesh Manalil. Integrated weed management approach to improve weed control efficiencies for sustainable rice production in dry-seeded systems //Crop Protection. – 2015. – May,volume 71. Pages 19-24.<https://doi.org/10.1016/j.cropro.2015.01.012>

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ РАССАДНОГО МЕТОДА РИСА С ПРИМЕНЕНИЕМ ГИДРОПОННОГО СПОСОБА В УСЛОВИЯХ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Бакирулы К., доктор сельскохозяйственных наук, главный научный сотрудник
Курбанбаев А., магистр сельскохозяйственных наук, старший специалист
Ботаев С., заведующий отделением
Баимбетова Г., магистр сельскохозяйственных наук, ученый секретарь
Абдывалиева К., младший научный сотрудник
*ТОО "Казахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева",
г. Кызылорда, Республика Казахстан*

Аннотация. В статье приводится эффективность выращивания риса рассадным методом с применением гидропонного способа в условиях Кызылординской области. Важное значение имеет ускоренное внедрение в производство казахстанских сортов риса, адаптированных к экстремальным условиям Приаралья. Высокое качество крупы и урожайность сорта должны быть устойчивыми к экстремальным условиям региона. В связи с этим, в данной статье описана важность ускоренного размножения новых местных сортов с использованием инновационной технологии, внедрения их в производство и обеспечения семян высших репродукций в достаточном количестве оригинаторов и элитсемхозов. Исследованы способы выращивания риса рассадным методом с применением двух субстратов, а также на почве. По результатам исследований доказана эффективность выращивания риса рассадным методом с использованием гидропоники. Уборка риса, выращенного по инновационной технологии, была начата и закончена на 2-3 недели в сравнении с традиционным способом выращивания. В результате чего вспашка зяби и посев озимых культур были произведены в оптимальные сроки. Наряду с этим, урожайность риса с применением новой технологии увеличивается на 30,0-35,0 ц/га, засоренность другими сортами и краснозерными формами риса снижается на 100%, экономия

оросительной воды составит 25%, а также сокращает сроки внедрения инновационных сортов в производство на 2-3 года.

Ключевые слова: рис, гидропоника, семеноводства, традиционные посев, рассадный метод выращивания.

EFFECTIVENESS OF THE RICE SEEDLING METHOD USING THE HYDROPONIC METHOD IN THE CONDITIONS OF THE KYZYLORDA REGION

Bakiruly K., doctor of agricultural Sciences, chief researcher

Kurbanbayev A., master of agricultural science, senior specialist

Botaev S., head of the Department

Baimbetova G., master of agricultural science, scientific secretary

Abduvalieva K., Junior researcher

Kazakh research Institute of rice production named after I. Zhakhayev LLP, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

Annotation

The article describes the efficiency of growing rice by the seedling method using the hydroponic method in the conditions of the Kyzylorda region. The accelerated introduction into production of Kazakhstani rice varieties adapted to the extreme conditions of the Aral Sea region is of great importance. The high quality of the cereals and the yield of the variety must be resistant to the extreme conditions of the region. In this regard, this article describes the importance of accelerated reproduction of new local varieties using innovative technology, their introduction into production and the provision of seeds of higher reproductions in a sufficient number of originators and elite semkhozses. The methods of growing rice by the seedling method using two substrates, as well as on the soil, have been investigated. According to the research results, the effectiveness of growing rice by seedling method using hydroponics has been proven. The harvesting of rice grown using the innovative technology was started and finished in 2-3 weeks compared to the traditional cultivation method. As a result, the plowing of the plow and the sowing of winter crops were carried out at the optimum time. Along with this, the yield of rice with the use of the new technology increases by 30.0-35.0 c / ha, weediness with other varieties and red-grain forms of rice is reduced by 100%, the saving of irrigation water will be 25%, and production for 2-3 years.

Keywords: rice, hydroponics, seed production, traditional sowing, seedling method

FTAXP 68.35.49

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА КАРТОП СОРТТАРЫН БАҒАЛАУ

Кульжабаев Е.М., а.ш.ф.м., ассистент

agro_eldos82@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3728-9819>.

Амантаев Б.О., а.ш.ф.к., аға оқытушы

bekzat-abu@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4541-363X>.

Кипшакбаева Г.А., а.ш.ф.к., аға оқытушы

guldenkipshakbaeva@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2830-7173>.

*«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Мақалада КеАҚ С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми-тәжірибелік кампусы жағдайында қытай селекциясы шығарған картоп сорттарын кешенді бағалау нәтижелері берілген. Тәжірибе танабының топырағы - қоңыр, келесі агрохимиялық көрсеткіштермен ерекшеленді: қарашірінді мөлшері - 2,97%; жеңіл гидролизденетін азот 3,12

мг/кг (төмен деңгейде); P_2O_5 - 10,22 мг/кг және K_2O - 523,1 мг/кг. Стандарт сорт ретінде Ақмола облысы жағдайында пайдалануға рұқсат етілген Аладин сорты алынды.

Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалық аймағы жағдайында картоп дақылының өсіп даму кезеңінде 2018 жыл күндізгі және түнгі температураның айтарлықтай ауытқуы айтарлықтай болып біршама суық жыл, ал 2019 жыл құрғақ болуымен ерекшеленді.

Фенологиялық бақылаулар нәтижесі бойынша, зерттелінген барлық картоп сорттарын өсіп даму кезеңдерінің ұзақтығы бойынша екі топқа жатқызылды - орташа және ортадан кеш пісетін сорттар. Бір түптен алынған түйнек өнімділігі, бір өсімдіктегі қалыптасқан түйнек сандары, олардың массасы және тауарлылығы бойынша Qingshy 9, Ningshy 16 және Jizhangshy 8 сорттары ең өнімді (19,8-27,0 т/га) деп табылды. Сабақ альтернариозы мен түйнек фитофторозына жоғары төзімділік дәрежесін Ningshy 16 сорты көрсетті.

Кілт сөздер: сорт сынау, сорт, картоп, өнім құрылымы, өнімділік.

Кіріспе. Картоп (*Solanum tuberosum* L.) - жан-жақты пайдаланылатын аса маңызды ауылшаруашылық дақылдарының бірі болып табылады [1, 257 б.]. БҰҰ жанындағы азық-түлік және ауылшаруашылығы мекемесінің мәліметі бойынша, картоп дақылы бидайдан (*Triticum aestivum*), жүгеріден (*Zea mays* L.) және күріштен (*Oryza sativa* L.) кейін әлем халықтарының негізгі азық түрі болып табылады. Аталған мекеменің статистикалық мәліметтері көрсеткендей, 2019 жылы дүние жүзі бойынша картопты 17,7 миллион гектар жерге отырғызып, орташа өнімділігі 19,81т/га құрайтын жалпы 352,4 миллион тонна түйнек өнімін жинады [2].

Соңғы 10 жылдық мәліметтер бойынша, Қазақстанда картоп жыл сайын 170,3-193,7 мың/га жерге отырғызылып, орташа өнімділігі 177ц/га құрады [3]. Кейінгі 5 жылдықта картоптың сыртқы нарықтағы сұранысының артуына байланысты, дақыл өндірісін жоғарылату еліміздің аграрлық саласының негізгі міндеттерінің біріне айналып келеді. Себебі, әлемдік орташа картоп өнімділігімен салыстырғанда Қазақстан 20 ц/га өнімді аз жинайды. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы жоғары өнімді сорттарды пайдалану болып отыр. Әсіресе, картоп өсіру көлемі бойынша алғашқы бестікке кіретін Ақмола облысында бұл мәселе ең өзектілердің бірі. Себебі, ауа-райы жағдайларына байланысты облыс қатерлі егіншілік аймағына жатқызылады [4, 42 б.].

Нақты топырақ -климаттық жағдайда картоптың генетикалық жақсартуын әртүрлі жерлерден алып келген сорттардың жергілікті жердегі ауа-райы жағдайларына бейімделу деңгейін бағалау арқылы жүргізіледі. Мұнда генотиппен оршаған ортаның [5, 133б.] өзара байланысының әсері маңызды, яғни қоршаған ортада генотип өзінің фенотиптік көрсеткіштерін қаншалықты толық көрсете алтындығы [6,1160б.; 7, 515б., 8, 46 б., 9,91б.] ескеріледі. Сондықтан, Ақмола облысының топырақ-климаттық жағдайларына бейім, өнімділігі мен сапасы жоғары сорттар мен сорттүлгілерді таңдау, әсіресе дүние жүзі бойынша картоп өндіруден алдыңғы қатарлардың бірін алатын Қытай халық Республикасы селекциясы шығарған сорттарды зерттеудің маңызы жоғары болып табылады.

Зерттеу материалдары және әдістемесі. Зерттеу жұмысы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми-экспериментальді кампусының тәжірибе танабында 2018-2019 жылдары жүргізілді.

Зерттеуге Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс орман және ауылшаруашылығы университеті ғалымдары шығарған 10 сорт алынды. Стандарт ретінде Ақмола облысында пайдалануға рұқсат етілген Аладин сорты пайдаланылды.

Варианттар рендомизацияланған тәртіппен мөлдектердің ыдырау жүйесімен орналастырылды. Төрт қайталаулы. Екінші реттік есептеу мөлдектерінің ауданы 25,2 м², бірінші реттік есептеу мөлдектерінің ауданы- 176,4 м² құрады.

Тәжірибедегі бақылаулар мен анықтаулар (фенологиялық бақылау, өнімнің құрылымдық талдауы) жалпы қабылданған әдістемелер негізінде жүргізілді. Өнімді тіркеу

сабақтардың толық қурауы байқалғанда қолмен атқарылды. Бақылаулар мен анықтаулар нәтижелерін дисперсті талдау әдісімен өңделді [10, 1136.].

Картопты өсіру технологиясы аймаққа ұсынылған технологиямен бірдей болды. Алғы дақыл - сүрі танабынан кейінгі жаздық бидай. Түйнектер 70х30см сызбасымен 2018 жылы мамыр айының 13-не, 2019 жылы 8 мамырда отырғызылды. Дақылдың өсіп даму кезеңінде 3 рет суарылды. Егістікті күтіп-баптау жұмыстарында 2 рет қатарарылықты өңдеу (біріншісі- 8-10 см, екіншісі-12-14 см тереңдікке) және түптеу жұмыстары жүргізілді. Аурулармен, зиянкестермен күресу шаралары үшін химиялық препараттармен өңдеу қарастырылған жоқ.

Картоп дақылы үшін 2018 жыл орташа қолайлы болуымен, 2019 жыл қолайсыз болуымен ерекшеленді. Зерттеудің алғашқы жылында, яғни 2018 жылы ауа-температурасы дақылдың өсіп-даму кезеңінде 11,2-20,4 °C аралығын болып, ал түскен жауын-шашын мөлшері 170,2 мм құрады.

2019 жылы дақылдың өсіп даму кезеңінде ауа температурасы 11,9-32,1°C аралығында ауытқыды, ал осы аталған кезеңде небары 94 мм жауын шашын түсті, оның ішінде оның 63,5 мм мөлшері маусым айының алғашқы жартысында, одан кейін ылғал шілде айында -5,7мм,тамыз айында -15,1 мм түсті.

Танап топырағы - қоңыр топырақ, ол орташа есеппен зерттеу жылдарында келесі агрохимиялық көрсеткіштермен сипатталды: қарашірінді мөлшері - 2,97%; жеңіл гидролизденетін азот 3,12 мг/кг (төмен деңгейде); P₂O₅—10,22 мг/кг және K₂O—523,1 мг/кг. Топырақ ортасы - аз сілтілі (рН мөлшері 7,6).

Зерттеу нәтижелері. Өсімдіктің қоршаған ортасын толығымен өзгерткенімен генотип тұрақты болып қала береді, өзгерген ортада сорт өзінің потенциалын әртүрлі көрсетеді. Агроэкологиялық жағдайлар, оның ішінде қоршаған ортаның температурасы түйнектердің келесі ұрпаққа берілетін қасиеттеріне тікелей әсер етеді.

Зерттеу жүргізілген жылдары картоп түйнегін отырғызу топырақтың 10-12 см тереңдігінде температура 10 °C жеткенде жүргізілді. Түйнектерді отырғызғаннан соң егін көгі пайда болғанға дейінгі болған төмен температура әсерінен егін көгінің пайда болуы біршама созылыққы жүрді. Климаттық жағдайларға байланысты егін көгінің пайда болу кезеңі 2 жылда орта есеппен 30-37 күн аралығын құрады. Егін көгі пайда болу кезеңінде ғылыми- экспериментальді кампус жағдайында 2018 жылы түнгі температура 4,1°C дейін төмендеді, ал 2019 жылы қысқа мерзімді үсік (-5°C дейін) болды. Дақыл дамуының алғашқы сатысында болған төмен температура өну кезеңінің тежелуіне алып келді, бұл сорттар арасында анық көрініс берді.

Сорт ерекшеліктері мен өсіру жылдарындағы температуралық ерекшеліктерге байланысты егін көгі пайда болғаннан соң гүл түйіндері 51-59 күн аралығында көрініс бере бастады. Картоптың гүл түйіндерінің пайда болуы 2018 жылға қарағанда 2019 жылы 3-4 күнге ерте байқалды. Жыл ерекшеліктеріне қарамастан сорттар бойынша гүл түйіндегінің пайда болуы - гүлдену кезеңдері 11-14 күнге созылды. Бұл кезеңнің ұзақтығы бойынша барлық сорттар 2-3 күн ауытқуымен стандарт сорт деңгейінде болды.

Тәжірибеге алынған сорттардың барлығы орташа мерзімде пісетін сорттар тобына жатқызылғанымен, фенологиялық бақылаулар нәтижелері бойынша, сорттардың өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы бойынша 2 топқа жатқызылды, оның ішінде стандарт сортпен бірге Tianshu 11, KE XIN 1 сорттары орташа мерзімде, ал басқа сорттардың барлығы ортадан кеш пісетін сорттар болып табылды.

Сорт авторларының ұсынған сипаттамасына қарамастан, жаңа зерттеу ортасында кейбір сорттардың пісу ұзақтығының ауысуы орын алды. Біршама тұрақты ауа-райы жағдайынан (матеріктік Қытай) континентальді ауа-райына (Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалық аймағы) ауысқанда зерттеуге алынған 10 сорттың 8-і орташа мерзімдегі пісу тобынан ортадан кеш пісу тобына ауысты. Яғни, кез келген сорттарды жаңа ортада

зерттеу барысында олардың пісу топтарынан бұрын, сорттың пісіп-жетілуіне қажетті белсенді температура жиынтығын басты назарда ұстау қажет.

Айта кетерлік жайт, 2018 жылы Tianshu 12, Jizhangshu 14, Longshu 7, Zhangshu 3, Ningshu 16, Jizhangshu 8 сорттарының сабақтарының толық құрауы байқалған жоқ. Аталған сорттардың өсіп-дамуының 116-119 күндері -2°C дейінгі үсіктің болуы нәтижесінен олардың жер үсті массалары өсуін бір күнде аяқтады.

Жаңа ортада сорттарды зерттеу барысында олардың шаруашылық-биологиялық қасиеттерімен қатар қалыптасқан өнім құрылымын талдауды қажет етеді.

Тәжірибе танабынан алынған картоп түйнектерінің құрылымдық талдау нәтижелері көрсеткендей, 2018 жылы 1 өсімдіктегі орташа түйнек саны 6,1 құраса, 2019 жылы 2,45 данаға артық болды (1 кесте).

Кесте 1 – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми-экспериментальді кампусы жағдайында картоп сорттарының өнім құрылымы, 2018-2019жж.

№	Сорттар	Түйнек саны және массасы							
		1 өсімдіктегі орташа түй- нек саны, дана	1 өсім- діктегі түйнек массасы, г	оның ішінде					
				Ірі		орташа		ұсақ	
				дана	г	дана	г	дана	г
1	Аладин (Kz st.)	10	568	3	259,1	5	287,5	2	21,4
		10	415,8	1	90,8	4	213,2	5	111,8
2	Tianshy 11	4	160,75	1	130	0	0	3	30,75
		7	179	0	0	2	85,3	5	93,7
3	Tianshy 12	7	263,8	0	0	4	219,9	3	63,9
		7	261,2	0	0	3	182,6	4	78,6
4	Qingshy9	9	514,2	3	340,2	3	122,4	3	51,6
		12	484,4	2	165,1	4	194,8	6	124,5
5	Jizhangshy 14	5	157,2	1	91	1	39,9	3	26,3
		6	239,3	0	0	2	136,2	4	103,1
6	Longshu 7	4	467,5	3	399,1	1	68,5	0	0
		7	299,9	1	82,2	2	110,5	4	107,2
7	Zhangshy 3	4	386,5	3	339	1	47,5	0	0
		8	307,5	1	80,8	2	98,5	5	128,2
8	Ningshy 16	5	531,95	3	444,2	2	87,75	0	0
		10	445,2	1	86,6	4	240,9	5	117,7
9	Longshy 3	3	315,6	2	305,3	0	0	1	10,3
		7	352,3	1	92,7	2	128,1	4	131,1
10	Jizhangshy 8	9	557	3	408,2	2	92	4	56,8
		10	416,4	1	85,6	4	227,2	5	103,6
11	Kexin 1	4	301	1	210	2	85,03	1	26,11
		9	396,3	1	95,8	2	131,1	6	168,7
Орташа сорттар бойынша		6,1	383,95	2,09	266,00	1,91	95,50	2,09	22,46
		8,45	345,21	0,82	70,87	2,82	159,01	4,82	115,33

*алымында 2018 жылғы көрсеткіштер, бөлімінде 2019 жылғы көрсеткіштер.

Бір өсімдіктегі түйнек массасы бойынша көрініс керісінше нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, 2019 жылы 1 өсімдіктегі түйнек массасы 2018 жылға қарағанда 38,74 г -ға кем болды.

Түйнек фракциялары бойынша 2018 жылға қарағанда 2019 жылы өнімнің ұсақталып, түйнек сандарының артқандығы байқалады. Мұнда, 2018 жылы ірі түйнектер саны орта

есеппен 2,09 дана құраса, олардың салмағы 266 г болды, ал 2019 жылы бұл көрсеткіштер сәйкесінше - 0,82 дана және 70,87 г болды.

Алғашқы зерттеу жылына қарағанда, 2019 жылы орташа және ұсақ фракциялы түйнектердің құрылымы көрсеткендей, түйнек саны да салмағы да арта түсті.

1-кесте нәтижелері көрсеткендей, сорттар арасында жоғары құрылымдық көрсеткіштермен стандарт сортпен қатар Qingshy 9, Ningshy 16 және Jizhangshy 8 сорттары ерекшеленді. 2018 жылы аталған сорттардың барлығы 1 өсімдіктегі түйнек массасы бойынша төмен нәтижелер көрсеткенімен, 2019 жылы керісінше біршама артық салмақтарымен ерекшеленді.


Tianshy 11, Tianshy 12, Zhangshy 3 сорттары қалыптастырған өнім құрылымы стандарт сортпен салыстырғанда зерттеудің 2 жылында да төмен нәтижелер көрсетті, әсіресе Longshy 7 сорты 2018 жылы 1 өсімдіктегі түйнек массасы бойынша стандарттан небары 17,8 пайызға төмен нәтиже көрсетсе, 2019 жылы бұл көрсеткіш 27,87 пайызға дейін төмендеп кетті.

2018 жылға қарағанда 2019 жыл құрғақ, жауын-шашын мөлшерінің аз болуымен ерекшеленгімен Jizhangshy 14, Longshy 3 және Kexin 1 сорттарының өнімділігі керісінше артық болды (1 сурет). Яғни, аталған сорттар жыл өткен сайын аймақтың ауа-райы жағдайларына бейімделіп келе жатқандығын көрсетті.

Тәжірибе жүргізілген жылдары зерттеуге алынған картоп сорттарының орташа өнімділігі 80,9- 234,24 ц/га аралығын құрады. 2018 жылы Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс орман және ауылшаруашылығы университеті ғалымдарының шығарған сорттарының барлығы бірдей стандарт сортқа қарағанда өнімділігі төмен болса, 2019 жылы тек Qingshy 9 және Ningshy 16 сорттары стандарт сортқа қарағанда сәйкесінше 32,67 және 14 т/га жоғары өнім қалыптастырды.

Ауа райы жағдайларының әртүрлі болғандарына қарамастан аталған екі сорттың өнімділігінің ауытқуы жылдар бойынша айтарлықтай көп болған жоқ. Тәжірибенің жүргізген 2 жылында Jizhangshy 8 сорты стандарт сорт деңгейінде өнімділік көрсетті, басқа сорттардың өнімділігі стандарт сортпен салыстырғанда төмен болды.

Картоп сорттарының өнімділігінің жылдар бойынша көрінісі, зерттеудің бірінші жылымен салыстырғанда біршама жақсарғандығы байқалады. Яғни бұл, зерттеуге алынған сорттардың аймақтың топырақ климаттық жағдайларына біртіндеп бейімделіп келе жатқандығын көрсетеді.



Сурет 1 – С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ ғылыми-экспериментальді кампусы жағдайында картоп сорттарының өнімділігі, 2018-2019жж.

Картоп дақылының шаруашылық құндылық қасиеттері олардың ауруларға төзімділік деңгейімен тығыз байланысты.

Қытай ғалымдарының шығарған сорттарын өсіп-даму кезеңінде альтернариоз және фитофтороз ауруларына, сондай-ақ сақтау барысында түйнектердің фитофтороз ауруларына төзімділігі бағаланды. Картоп сабақтарының альтернариоз ауруына жоғары төзімділігімен Ningshy 16 және Kexin 1 сорттары, ауруға бейімділігімен Tianshy 11, Jizhangshy 14, Longshu 7 сорттары ерекшеленді (2 кесте).

Кесте 2 – Өсіп-даму және жинағаннан кейінгі картоп сорттарының ауруларға төзімділігі (2018-2019жж), балл

№	Сорттар	Альтернариозға (сабағы)	Фитофторозға (сабағы)	Фитофторозға (түйнегі)
1	Аладин (Kz st.)	9/9	9/9	9/10
2	Tianshy 11	7/9	7/9	9/9
3	Tianshy 12	9/9	8/9	8/9
4	Qingshy9	9/9	9/10	9/9
5	Jizhangshy 14	7/9	9/9	9/9
6	Longshu 7	7/9	8/9	9/9
7	Zhangshy 3	8/9	9/9	9/9
8	Ningshy 16	9/10	9/9	9/10
9	Longshy 3	8/9	8/9	9/9
10	Jizhangshy 8	9/9	9/9	9/9
11	Kexin 1	9/10	9/9	9/9

*алымында 2018 жылғы көрсеткіштер, бөлімінде 2019 жылғы көрсеткіштер.

Сабақ фитофторозына төзімділігімен Qingshy 9 сорты, бейімділігімен Tianshy 11 сорты көзге түсті. Тәжірибеге алынған басқа сорттар сабақ альтернариозы мен фитофторозы ауруларға төзімділігі стандарт сорт деңгейінде болды. Түйнек фитофторозына Tianshy 12 сорты аса төзімсіз екендігі белгілі болды.

Айта кетерлік жайт, картоп сорттарының ауруларға шалдығуы зерттеу жылдарындағы қалыптасқан ауа-райы жағдайларына байланысты біршама ауытқудың болатындығын көрсетті. Зерттеуге алынған сорттардың барлығына тән қасиет құрғақшылық болған 2019 жылға қарағанда біршама ылғалды болған 2018 жылы ауруларға шалдығу деңгейінің біршама жоғары болатындығын көрсетті.

Қорытынды. Әрбір сорттың өсіретін ортасын өзгерткенде ол өзінің генетикалық потенциалын әртүрлі деңгейде көрсетеді. Жаңа ортада сортқа көптеген факторлар әсер етеді, әсіресе жаңа ортадағы температуралық және ылғал режимдері маңызды роль атқарады.

Зерттеу барысында айқындалған мәліметтер негізінде келесі қорытындылар жасауға болады;

1. Тәжірибеге алынған сорттардың өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы бойынша орташа және ортадан кеш пісу топтарына жатқызылды, оның ішінде стандарт сортпен бірге Tianshu 11, KE XIN 1 сорттары орташа мерзімде, ал басқа сорттардың барлығы ортадан кеш пісетін сорттар.

2. Жүргізілген танаптық зерттеулер нәтижелері бойынша, Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалық аймағы жағдайында жоғары және тұрақты өнім (19,8-27,0 т/га) қалыптастырған Qingshy 9, Ningshy 16 және Jizhangshy 8 сорттары ерекшеленді.

3. Өсіп-даму және жинағаннан кейінгі картоп сорттарының ауруларға төзімділігі бойынша Ningshy 16 сорты сабақ альтернариозы мен түйнек фитофторозына шалдықпайтындығымен көзге түсті.

Әдебиеттер:

1. Аринов К., Мусынов К., Шестакова Н., Серекпаев А., Апушев А. Растениеводство. [Мәтін] Учебник/ Под общей редакцией профессора К.Аринова. – Астана: Фолиант, 2016 – 584 б.
2. FAOSTAT. 2019. Database. Disponible en: <http://www.fao.org/faostat/en/#data/QC>.
3. ҚР Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитеті, ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы. <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/6>.
4. Агроклиматические ресурсы Акмолинской области: научно-прикладной справочник [Мәтін] / Под ред. С.С. Байшоланова – Астана, 2017 – 133 с.
5. Contreras S., Krarup C.(2000)Interacción genotipo por ambiente en cinco cultivares de espárrago [Asparragus officinalis L.]. Ciencia e Investigación Agraria 2000, no 27, pp133-139.
6. Maharana J., Panda C., Jakhar P. (2017)Genotype × Environment Interaction and Stability Analysis of Kharif Potato in Koraput Region of Odisha, India. [International Journal of Current Microbiology and Applied Sciences.]vol.6, no 5,pp. 1159-1166.
7. Mateus, R.J.; Haan, S.Z.; Rodríguez, A.D.(2014)Genotype by Environment Effects on Potato MiniTuber Seed Production in an Aeroponics System.[Agronomy]vol. 4. pp. 514-528.
8. Тулинов А.Г., Конкин П.И.. Оценка перспективныхсортаобразцов картофеляв условиях Республики Коми.// Ж. Земледелие – 2016 – №8. С. 45-47.
9. Тайков В.В., Удовичкий А.С., Екатеринбургская Е.М.Оценка новых сортов и гибридов картофеля отечественной и зарубежной селекции в питомнике экологического сортоиспытания в Костанайском НИИСХ за 2015-2017 гг.// Ж. «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». – 2018 - №2. – С. 89-94.
- 10.Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. М.:Изд. – 1985-351с.

References:

1. Arinov K., Musynov K., Shestakova N., Serekpaev A., Apushev A. Rastenievodstvo. [Matin] Uchebnik/ Pod obshchei redakciei professor K.Arinoва. – Astana:Foliant, 2016 – 584 b.
2. FAO STAT. 2019. Database. Disponibleen: <http://www.fao.org/faostat/en/#data/QC>.
3. QR Ulttyk ekonomika ministriligi, Statistika komiteti, auysharuashylygy onimderinin zhalpy shygarylymy. <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/6>.
4. Agroklimaticheskie resursy Akmolinski joblasti: nauchno-prikladnoi spravochnik [Matin] / Pod red. S.S. Bajsholanova – Astana, 2017 – 133 s.
5. Contreras S., Krarup C. (2000) Interacción genotipo por ambiente en cinco cultivares de espárrago [Asparragus officinalis L.]. Ciencia e Investigación Agraria 2000, no 27, pp133-139.
6. Maharana J., Panda C., Jakhar P. (2017) Genotype × Environment Interaction and Stability Analysis of Kharif Potato in Koraput Region of Odisha, India. [International Journal of Current Microbiology and Applied Sciences.] vol. 6, no 5, pp. 1159-1166.
7. Mateus, R.J.; Haan, S.Z.; Rodríguez, A.D. (2014) Genotype by Environment Effects on Potato MiniTuber Seed Production in an Aeroponics System. [Agronomy]vol. 4. pp. 514-528.
8. Tulinov A.G., Konkin P.I.. Ocenka perspektivnyh sortoobrazcov kartofelya v usloviyah Respubliki Komi. // ZH. Zemledelie – 2016 – №8. S. 45-47.
9. Tajkov V.V., Udovickij A.S., Ekaterinskaya E.M. Ocenka novyh sortov I gibridov kartofelya otechestvennoi i zarubezhnoi selekcii v pitomnike ekologicheskogo sortoispytaniya v Kostanaiskom NIISKH za 2015-2017 gg. // ZH. «3i: intellect, idea, innovation -intellekt, ideya, innovaciya». – 2018 – №2. – S. 89-94.
- 10.Dospekhov B.A.Metodika polevogo opyta. M.:Izd. – 1985 - 351 s.

ОЦЕНКА СОРТОВ КАРТОФЕЛЯ В УСЛОВИЯХ СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Кульжабаев Е.М., а.ш.ғ.м., ассистент

Амантаев Б.О., к.с-х.н., старший преподаватель

Кипшакбаева Г.А., к.с-х.н., старший преподаватель

¹ *НАО«Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина», Республика Казахстан*

Аннотация. В статье представлены результаты комплексной оценки сортов картофеля китайской селекции в условиях научно-экспериментального кампуса НАО Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина. Почва опытного участка каштановая, характеризовалась следующими агрохимическими показателями: гумус – 2,97 %, N_{лег.гидролиз.} – 3,12 мг/кг, P₂O₅ – 10,22 мг/кг и K₂O – 523,1 мг/кг почвы. В качестве стандарта использовали допущенный в Акмолинской области сорт Аладин (среднеранний).

В условиях сухостепной зоны Северного Казахстана период вегетации картофеля 2018 год был холодными, со значительными колебаниями дневных и ночных температур, 2019 год характеризовался как острозасушливый.

По результатам фенологических наблюдений всех изучаемых сортов картофеля позволил отнести к двум группам по длине вегетационного периода – среднеспелым и среднепоздним сортам. Установлено, что наиболее урожайными (19,8-27,0 т/га) оказались сорта Qingshy 9, Ningshy 16 және Jizhangshy 8 с высоким показателем среднего урожая на один куст, количеству формируемых клубней одним растением их средней массы и товарности. Сорт Ningshy 16 проявил высокую устойчивость (10 баллов из 10) к альтернариозу по ботве и фитофторозу по клубням.

Ключевые слова: сортоиспытания, сорт, картофель, структура урожая, урожайность.

EVALUATION OF POTATO VARIETIES IN THE CONDITIONS OF THE DRY-STEPPE ZONE OF NORTHERN KAZAKHSTAN

Kulzhabaev E.M., master of agronomy, assistant

Amantaev B.O., candidate of agricultural science, senior lecturer

Kipshakbayeva G.A., candidate of agricultural science, senior lecturer

¹ «S.Seifullin Kazakh Agro Technical University» NCJSC, Republic of Kazakhstan

Annotation. The article presents the results of a comprehensive assessment of potato varieties of Chinese selection in the conditions of the scientific and experimental campus of the Kazakh agrotechnical University named after S. Seifullin. The soil of the experimental site is chestnut, characterized by the following agrochemical indicators: humus-2.97 %, N_{leg. hydrolysis.} – 3.12 mg / kg, P₂O₅-10.22 mg / kg and K₂O – 523.1 mg/kg of soil. As a standard, the Aladin (medium-early) variety approved in the Akmola region was used.

In the conditions of the dry-steppe zone of Northern Kazakhstan, the growing season of potatoes in 2018 was cold, with significant fluctuations in daytime and night temperatures, and 2019 was characterized as acutely arid.

According to the results of phenological observations, all the studied potato varieties can be attributed to two groups by the length of the growing season – medium-ripe and medium-late varieties. It was found that the most productive (19.8-27.0 t/ha) were the varieties Qingshy 9, Ningshy 16 Zheng Jizhangshy 8 with high indicators of average yield per Bush, the number of tubers formed by one plant, their average weight and marketability. The Ningshy 16 variety showed high resistance (10 points out of 10) to alterniosis on the tops and late blight on tubers.

Key words: variety tests, variety, potatoes, crop structure, yield stability.

ҒТАХР 68.01.81

СЕБУ МЕРЗІМДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘРТҮРЛІ ШӨП ҚОСПАЛАРДЫҢ КӨК БАЛАУСА ЖӘНЕ ҚҰРҒАҚ МАССА ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Курбанбаев А.И. ¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, аға маманы,
almaskurbanbaev@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3976-6970>

Байтеленова А.А. ², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы,
baitelenova_alya@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0774-4750>

Стыбаев Ғ.Ж.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессоры,
gast-75@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6264-4042>

¹Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,

²Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Мақалада Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жүргізілген зерттеу жұмыстарының мақсаты, әр түрлі шөп қоспаларының көк балауса мен құрғақ масса өнімділігіне себу мерзімдерінің әсері жөнінде айтылған. Шөп қоспаларымамыр айының екінші және үшінші онкүндігінде себіліп, екі жылдық орташа мәліметтерін салыстырған. Шөп қоспаларының көк балауса және құрғақ масса өнімділігіне әсер етуші факторлардың бірі – топырақ –климат жағдайларының мәліметтері келтірілген. Жылжымалы калийінің мөлшері орташа 583,0мг/кг жоғары болғанымен гидролизденетін азот орташа 4,2мг/кг болып, қажетті мөлшерден өте төмен болса, жылжымалы фосфордың мөлшері орташа 13,8мг/кг болып, қажетті мөлшерден төмен болған. Өсімдіктердің тіршілік өсіп даму кезеңнің басым температура режимі мен жауын-шашын мөлшерінің негізінде жүргізілетін гидротермиялық коэффициентті есептеу бойынша 2017жылы - өте құрғақ (ГТК = 0,32) ал, 2018 жылы – құрғақшылығы шамалы (ГТК = 1,01) деп сипатталған. Сонымен қатар, шөп қоспаларының биіктіктері, мамырдың екінші онкүндігіне қарағанда үшінші онкүндігінде рапс дақылымен ерекшеленетін шөп қоспасында орташа 2,4см-ге, пайза дақылымен ерекшеленетін шөп қоспасы 5,2см-ге, ал африкалық тары дақылы ерекшеленетін шөп қоспасы орташа 7,1см-ге дейін жоғарыболды. Шөп қоспаларының көк балауса өнімін салыстырғанда, мамырдың екінші онкүндігіне қарағанда мамырдың үшінші онкүндігі екі жылдық орташа көрсеткіші бойынша орташа 15-20 ц/га-ға жоғары болды. Ал, құрғақ массасы бойынша салыстырғанда, орташа 2,8-11,8 ц/га дейін жоғары қалыптастырды.

Кілт сөздер: себу мерзімі, шөп қоспасы, көк балауса, құрғақ масса, өнімділік

Кіріспе. Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында, ірі қара мал шаруашылығын тиімді жүргізудің маңызды шарты–берік мал азықтық базаның құру қажет. Алайда, қазіргі таңда шаруашылықтардағы өнімділігі жоғары шабындықтар, жаз бойы малды жеткілікті мөлшерде жасыл азықпен қамтамасыз ете алмай отыр. Сонымен қатар, Қазақстан республикасында біржылдық мал азықтық шөптердің егіс алқаптары, көк балауса өнімділігінің төмендігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, біржылдық мал азық түрлерін, әр түрлі топырақ-климат жағдайларында өсе алатын, әрі тұрақты және жоғары сапалы өнім беретін, агроклиматтық жағдайларды тиімді пайдаланатын шөп қоспаларын өсіру технологиясын жетілдірудің маңызы зор болып табылады [1-5].

Соңғы уақытта Ресейде біржылдық мал азықтық дақыл шөп қоспаларынан негізінен екі –үш түрлі құрамдас дәнді-бұршақты және мал азықтық шөптерден жасалынады. Мысалы шөп қоспалардың құрғақшылыққа төзімді дақыл ретінде судан шөбін алсақ, судан шөбі+танаптық асбұршақ, судан шөбі + жаздық сиыржоңышқамен, судан шөбі+майлы шалғам және судан шөбі+ мал азықтық асбұршақ. Судан шөбі жақсы көк балауса өнімін береді. Жоғарыда келтірілген шөп қоспаларының көк балауса өніміне қарайтын болсақ, жалғыз себілген судан шөбіне 207,7 ц/га қарағанда, судан шөбіне қосымша танаптық асбұршақ - 289,9, майлы шалғам 254 ц/га т.б қосу арқылы яғни шамамен 50-80 ц/га дейін қосымша өнім алынды [6]. Дегенмен Ресейдің қара топырақ-климаттық жағдайында 2 құрамдас бөлікті мал азықтық шөптерден жақсы өнім алынғанымен, біздің Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында, механикалық құрамы ауыр құмбалшықты, қара-қоңыр топырағында дәл осындай 2 құрамдас бөліктен тұратын шөп қоспадан жоғарыдағыдай көк балауса өнімін алу мүмкін емес [7,8].

Соңғы уақытта Қазақстанда шөп қоспа ретінде бір жылдық дақылдардан асбұршақ пен арпаны және танаптық асбұршақ пен сұлы себіліп, таза себілген бір түрлі дақылға қарағанда 3-7 ц/га дейін жоғары өнім алынып келеді. Еліміздің құрғақ далалы аймағы жағдайына бейімделген астық, майлы және бұршақ дақылдардың құрамдас бөліктерін

көбейте отырып, жемшөп өнімділігін арттыру қажет. Сондықтан Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жүргізілген зерттеу жұмыстарының мақсаты, әр түрлі шөп қоспаларының өнімділігіне себу мерзімдерінің биоклиматтық әсерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Зерттеу жұмыстары 2017-2018 жж. Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында, Нұр-Сұлтан қаласы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің тәжірибелік эксперименттерді жүргізетін «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» кафедрасының стационарында жүргізілді.

Танаптық зерттеу жұмыстары В.Д. Доспеховтың далалық тәжірибе әдістемесі [9], ауылшаруашылық дақылдарын мемлекеттік сортсынау әдістемесі бойынша жүргізілді [10].

Танаптық зерттеу жұмысындағы тұқым себілетін және фенологиялық бақылау жүргізілген әр мөлдек ауданы 100м². Тәжірибедегі мөлдектер жүйелі орналасып, үш нұсқа (1. шөп қоспасы: арпа, асбұршақ, судан шөбі, шәй жүгері-судан шөбі буданы, рапс; 2. арпа, асбұршақ, судан шөбі, шәй жүгері-судан шөбі буданы, пайза; 3. арпа, асбұршақ, судан шөбі, шәй жүгері-судан шөбі буданы, африкалық тары), төрт қайталамнан тұрады. Тәжірибеге осы аймаққа ұсынылған агротехникалық шаралар қолданылды.

Зерттеу кезеңінің метеорологиялық жағдайларын талдау "METOS" далалық агрометеостанциясының алынған деректері негізінде жүргізілді. Гидротермиялық коэффициентті есептеу Г. Т. Селянинов әдістемесі бойынша жүргізілді (1984), формула:

$$ГТК = t/0,1 T$$

мұндағы, t – орташа тәуліктік температурасы 10 С-дан жоғары кезеңдегі жауын-шашын сомасы, мм; T – осы кезеңдегі температура сомасы, °С.

Көк балаусаның өнімін 1 м² шөп қоспаларындағы астық дақылдар – масақтану, мал азық шөптер – түтікке шығу, және бұршақ және майлы дақыл -гүлдену кезеңдерінде шабу алдында өсімдіктердің биіктіктері өлшеніп алынды және шабылды. Көк балаусадағы құрғақ заттардың құрамын кептіру әдісімен анықталды. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу Б.А.Доспеховтың (1985) әдістемесіне сәйкес корреляциялық-регрессиялық талдау бағдарламасын қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Тәжірибе танабының топырағы – механикалық құрамы ауыр құмбалшықты, қара-қоңыр. Топырақ қабаты бойынша эксперименталды учаске құнарлылығының негізгі көрсеткіштері 1-кестеде келтірілген. Қара-қоңыр топырақтың құнарлылығы төмен, себебі қарашірінді құрамы топырақтың 0-20 см топырақ қабатында орташа 1,9% көрсеткішпен өте төмен болды.

Жылжымалы калийінің мөлшері орташа 583,0мг/кг жоғары болғанымен гидролизденетін азот орташа 4,2мг/кг-ға өте төмен және жылжымалы фосфордың мөлшері орташа 13,8мг/кг-ға төмен болды.


Кесте 1 – Зерттеу жүргізілген 2017-2018 жж. тәжірибелік жер телімі топырағының агрохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2017		2018	
	қабаттар, см			
	0-20	20-40	0-20	20-40
1	2	3	4	5
Қарашірінді, %	1,33	2,51	2,5	1,84
1	2	3	4	5
P ₂ O ₅ , мг/кг	12,82	9,51	14,8	7,7
K ₂ O, мг/кг	761,0	632,0	405,0	272,0
N-NO ₃ , мг/кг	4,9	3,6	3,5	3,4
РН	6.7	6.7	6.5	6.34

2017 жыл өсімдіктердің тіршілік кезеңдерінде климаттық жағдайлар өте құрғақшылық (ГТК=0,32) болса, ал, 2018 жыл өсімдіктердің тіршілік кезеңі үшін климаттық жағдайлар құрғақшылығы шамалы (ГТК =1,01) болып табылды (1-сурет). 2017 жылы шөп қоспасындағы дақылдардың тұқымдарын себу мерзімдерінде (мамыр айының екінші және үшінші онкүндігі) ауа температурасы көпжылдық орташа көрсеткішпен салыстырғанда +0,2, +2,0°C-ға жылы болса, жауын-шашын мөлшері керісінше 6,7-9,0мм-ге төмен болды. Сондай-ақ өсімдіктердің тіршілік кезеңінде ең жоғары жауын-шашын мөлшері маусым және шілде айларының екінші онкүндігінде жақсы түсті. Өсімдіктердің тіршілік кезеңінде орташа +1,4°C жылы болғанымен жауын-шашын мөлшері орташа 4,0 мм-ге дейін төмен болды. Жауын-шашынның аз түсуі гидротермиялық коэффициенттің өте құрғақшылық болуына алып келді.

2018 жыл мамырдың екінші және үшінші онкүндіктерінде ауа температурасы көпжылдық орташа көрсеткішпен салыстырғанда -4,3;-1,2°C-қа суық болса, жауын-шашын мөлшері 2,0-1,0мм-ге төмен болды. Дегенмен өсімдіктердің тіршілік кезеңінде ең жоғары шілде және тамыз айларында 32-31 мм түсті. Сондай-ақ орташа ауа температурасын көпжылдық орташа көрсеткішпен салыстырғанда +5,4°C-қа жылы болса, ал жауын-шашын мөлшері орташа 5,4 мм түсті. Өсімдіктердің тіршілік өсіп даму кезеңнің басым температура режимі мен жауын-шашын мөлшерінің негізінде жүргізілетін гидротермиялық коэффициентті есептеу бойынша 2017 жылы - өте құрғақ (ГТК = 0,32) ал, 2018жылы – құрғақшылығы шамалы (ГТК = 1,01) деп сипаттады.

Топырақтағы ылғалдылық өсімдіктердің биіктеп өсуі көк балауса өніміне жақсы әсер тигізді. Сондай-ақ өсімдіктердің биіктеп өсуі көк балауса өніміне жақсы әсер ететіні белгілі. Сондықтан шөп қоспасындағы өсімдіктердің биіктіктерінің екі жылдық орташа мәліметтері төмендегі кесте 2-де келтірілген. Шөп қоспаларының екі жылдық мәліметтерін салыстырғанда, өсімдіктердің өсіп-даму кезеңінде 2017 жылы ауа температурасы 2018 жылға қарағанда +2,+5°-қа жоғары болғанымен жауын-шашын мөлшері 2 есеге төмен болды (сурет1). Бұл өсімдіктердің биіктеп өсуіне әсерін тигізбей қоймады.



Сурет 1 – 2017-2018 жылдардағы өсімдіктердің тіршілік кезеңдеріндегі ауа температурасы (°C) және жауын-шашын мөлшерін (мм) көпжылдықпен салыстырғандағы көрсеткіш

Өсімдіктер биіктерін себу мерзімдерін екі жылдық орташа көрсеткіштері бойынша салыстырғанда, мамырдың екінші онкүндігіне қарағанда үшінші онкүндігінде рапс

дақылы себілген шөп қоспасында дақылдардың орташа биіктігі 2,4см-ге, пайза себілген шөп қоспасы 5,2см-ге, ал африкалық тары себілген шөп қоспасы орташа 7,1см-ге дейін жоғары болды. Өйткені мамырдың үшінші онкүндігінде себілген шөп қоспасындағы дақылдардың тіршілік ету кезеңіндегі масақтану, түтікке шығу және гүлдену кезеңдеріне шілде айында түсетін жауын-шашынға сәйкес келіп топырақтағы ылғалдылық жеткілікті болып, өсімдіктердің биіктеп өсуіне себеп болды. А.И.Тютюнниковтың зерттеулерінде бір жылдық мал азықтық шөптерде өсімдіктердің өсу динамикасына климаттық жағдайларының үлкен әсер ететін айтқан [12].

Кесте 2 – Зерттеу жүргізілген жылдардағы шөп қоспаларының орташа екі жылдық өсімдіктердің биіктігі, см. (2017-2018ж.ж.)

Шөп қоспалар	Өсімдіктердің орташа биіктігі, см.			
	мамырдың II онкүндігі		мамырдың III онкүндігі	
	2017	2018	2017	2018
Арпа, асбұршақ, шәй жүгері-судан шөбі буданы, суданшөбі, рапс	36,3	59,6	38,8	61,9
Арпа, асбұршақ, шәй жүгері-судан шөбі буданы, суданшөбі, пайза	36,4	60,7	39,6	67,9
Арпа, асбұршақ, шәй жүгері-судан шөбі буданы, суданшөбі, африкалық тары	37,9	60,9	39,9	73,2

Зерттелініп жатқан шөп қоспаларының көк балауса және құрғақ масса өнімділігіне себу мерзімдерінің әсерін анықтау үшін, астық дақылдардың түтікке шығу және масақтану кезеңдерінде, майлы және бұршақ дақылдары гүлдену кезеңдерінде шабылды. Шөп қоспаларын екі жылдық орташа мәліметтері бойынша мамырдың екінші онкүндігінде себілген нұсқалардың арасындағы ең жоғары көк балауса өнімі африкалық тары дақылы себілген шөп қоспасында -110,8ц/га, оның құрғақ массасының өнімі 25,1ц/га яғни құрғақ масса көк балауса өнімінің 22,6 % құрады.

Кесте 3 – Мамыр айының екінші және үшінші онкүндігіндегі көк балауса және құрғақ массасының өнімі, ц/га (2017-2018ж.ж.)

Аңдатпа. Мақалада топырақты терең кесу процесінің тәжірибелік деректерін өңдеу әдістері берілген – қопсытқыш-кротовательдің жұмыс процесінің интенсификациясымен байланысты. Мақсат күш көрсеткіштері мен эксперименттік зерттеулерді жүргізу шарттары арасындағы тәуелділікті анықтау болып табылады. Қопсытқыш-кротовательдің күштік көрсеткіштерін эксперименталды зерттеу деректері осциллограмма түрінде өлшенетін шамалар мен импульстік типтегі датчиктердің белгілері жазылған. Өлшенетін шамалардың қысық жазбаларын шифрлеу тікелей осциллограммалар бойынша жүргізілді, өйткені барлық қолданылатын датчиктер сызықтық сипаттамаға ие болды.

Кілт сөздер: осциллограф, дреноер, қопсытқыш-кротователь, тензоэлементтер

FEATURES OF CALIBRATION AND ESTIMATION OF THE ACCURACY OF THE MEASURING SYSTEMS OF THE RIPPER-MOLLER

Doszhanov O.M., candidate of technical sciences

Doszhanov Ye.O., PhD, associate professor
Azat S. PhD, associate professor
Baiseitov D.A., PhD, senior lecturer
Massataeva A.M., graduate student
Matayev O.M., candidate of technical sciences
Utemaliev S.S., senior teacher
Saribayev G.M., master, senior lecturer

Annotation. The article describes the methods of processing experimental data of the process of deep cutting of the soil - associated with the intensification of the working process of the ripper-mover. The task is to identify the relationship between power indicators and the conditions for conducting experimental research. The data of experimental studies of the power indicators of the ripper-rover were obtained in the form of oscillograms with the recording of the measured values and the marks of the pulse-type sensors. The interpretation of the curves of the records of the measured values was carried out directly from the oscillograms, since all the sensors used had a linear characteristic.

Keywords: oscilloscope, trainer, ripper-mover, tensometers

FTAMP 631. 31-25

КҮРІШ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІГІНДЕ ЖЕР ӨНДЕП, СЕБУДІ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Тәжібайұлы Ә., техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
tazhibay_anuar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0139-8252>

Көптілеуов Б.Ж., техника ғылымдарының кандидаты, доцент,
kbolatsag@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8434-3307>

Оңдасынов Б., магистрант,
beksultanjndasynov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9408-5938>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа

Қазіргі кезде күріш ауыспалы егістігінде қолданылатын техниканың техникалық әзірлік коэффициенті 0,7-ден аспайды және техника бірлігіне жүктеме нормативтен 1,2-1,6 есе артық. Күріштік алқаптың топырағын тұқым себуге дайындайтын ауылшаруашылық техникаларының жұмысына мынадай агротехникалық талаптар қойылады: тұқым орналастыратын тереңдіктегі топырақтың түйіршектерінің өлшемдері 2 см ден кем болуы және алқаптың бетінің тегістігінің біркелкілігі, оның орта деңгейінен 5 см ден аспауы қажет. Бұл талаптар орындалмаған жағдайда себілген тұқымды топырақ қыртысына 2 см қалыңдыққа біркелкі көміліп, оның өсіп-өнуіне толық мүмкіндік болмай қалады. Осыған байланысты майда дәнді себуге бейімдеген СЗ-3,6 астық сепкішімен бір маусымда бидай, күріш дақылдарымен қатар жоңышқа тұқымын себу арқылы сепкіштің жұмыс істеу уақытын ұзартуға мүмкіншілік жасайды және сепкіштің бірнеше түрін егеленуге мүмкіншілігі жоқ шағын қожалықтарға, фермерлерге осы бір түрімен жұмыстарын атқаруға мүмкіншілік туады. Тұқымды себу жұмыстарында дәнді топырақ астына біркелкі, таяз тастауды қамтамасыз ететін арнаулы жаңа қистырманы біркелкі жазықтықта із сала сырғанайтын сына табанды сіңіргішті күріш және жоңышқа себуге арналған СЗ-3,6 сепкішіне орнатып атқаруға болатындығын зерттеудің нәтижесі көрсетті. Осы айтылғандарға байланысты мақалада, мемлекеттік аграрлық азық түлік бағдарламасын негізге ала отырып, Арал өңірі егіншілігінде күріштік жерді өңдеп, себу технологиясын механикаландыруды жүзеге асыруға байланысты проблемаларды шешуді алға қоямыз.

Кілт сөздер: ауыспалы егістік, жер өңдеу, механикаландыру, себу.

Кіріспе

Күріш ауыспалы егістігінде ауылшаруашылық өндірісін өркендетуде қазіргі талаптарға сай механикаландыру және техникалық құрылғылармен қамтамасыз етудің орны орасан зор. Күріш ауыспалы егістігінде механикаландырудың проблемаларын шешу жолында ғылымға, білімге, қаржыға байланысты қиыншылықтар мен қайшылықтар жеткілікті. Облысымыздың негізгі дақылы күріш өндіруде, жерді өңдеп, себу технологиясына қолданылатын ауылшаруашылық машиналарымен жабдықтау ел экономикасын алға жылжытуға септігін тигізеді. Қазіргі кезде біздің еліміздегі ауылшаруашылық техникаларының жағдайы жаңа технологияларды игеру талаптарына сай келмейді. Ауылшаруашылық машиналарын пайдаланудың нормативтік мерзімі 7-10 жыл болғанмен, оларды пайдаланудың орта ұзақтығы 15-20 жылға созылып отыр. Пайдаланылымдағы техниканың техникалық әзірлік коэффициенті 0,7-ден аспайды және техника бірлігіне есептелгенде жүктеме нормативтен 1,2-1,6 есе көп. Ауылшаруашылық техникаларының пайдаланылуының нормативтік мерзімнің жоғары болуы, пайдалану уақытының ұзартылуы және уақытында техникалық қызмет көрсетіліп жөнделмеуі қозғалтқышта жанатын жанар-жағар майдың әсерінен сыртқа шығарылатын улы газдардың ауаға таралуын екі есе арттырады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық машиналарын пайдалану тиімділігі нормативтен төмендейді және жанар-жағар майдың шығын мөлшері артады.

Күріш ауыспалы егістігінде қолданылатын техникалардың күріш дақылын қазіргі технологияларға сай механикаландыруға бейімделмегені бір жағынан болса, екіншіден күріштік инженерлік жүйеге келтірілген жерге техниканы тиімді пайдалану технологиясы дұрыс жолға қойылмай отыр. Күрішті жинап алғаннан кейін алқаптарды техникамен сүдігер жыртқан кезде соқалар топырақ қыртыстарын майдаламай ірі-ірі кесектер етіп аударады. Бұл өз кезегінде көктемгі егістікке дайындық барысында көптеген қиыншылықтар туғызады. Қызылорда облысының күріш ауыспалы егістік жағдайында топырақ сазды болып келеді. Өңделген жердің ылғалды топырағы күн қызған кезде тез кеуіп, олардың кесектерінің қаттылығы 4 МПа-дан асып кетеді. Жылдамдығы 2 м/с-пен жұмыс атқаратын агрегаттағы құралдың тіктістері, болмаса тегершіктері қатып қалған кесектерді майдалап үлгірмейді. Сондықтан күріш тұқымын себетін алқаптың топырағының түйіршіктерінің өлшемі 20 см ден асып кетеді. Бұл жұмысты атқаратын агрегаттағы қолданылатын тіктісті, тегершікті тырмалар алқаптың бетімен бірнеше рет өткенмен түйіршіктердің ірілігі агротехникалық талапқа сәйкес майдаланбайды. Себебі, бұл құралдардың тіктерінің, тегершіктердің ара қашықтықтары (20 см ден артық) алшақ болуында [1, 2].

СЗ-3,6 секілді сепкіштердің қостегершікті сіңіргіштері (двухдисковые сошники) таяз тереңдіктегі арықша жасай алмайтынын ескерсек, майдаланбаған топырақты жерде күріш тұқымының өте терең (2 см ден артық), немесе жердің бетіне тасталатыны күріш ғылыми зерттеу институтының зерттеулерінен белгілі болып отыр [2,3]. Қазіргі кездегі шаруашылықтарда қолданылып жүрген тұқым сепкіштер дәнді атыз бетіне шашып, сеуіп тастайды. Себілген тұқымдардың жердің бетіне түскендері құстар мен жәндіктерге жем болады және алқаптарды сумен бастырғанда шайылып атыздардың басқа жағына ағып кетеді. Осы себептерден тұқымдық дақылдардың өңгіштігі өте төмен болады. Сондықтан өніп-өсу тығыздылығын қажетті деңгейге жеткізу үшін тұқымның себу мөлшерін гектарына 300 кг-ға дейін көбейту қажет болады.

Себілген тұқымның өңгіштігінің нашарлығының тағы бір себебі алқаптың бетінің агротехникалық талапқа сай тегістелмеуінде болып табылады [3,4]. Осы талаптың орындалмауы алқапты суға бастырғаннан кейінгі тереңдігінің 40 см ге дейін тереңдеуіне әкеледі. Ал, кей жерлерге биіктеп кеткендіктен су шықпай қалады. Алқапты суға бастыруға пайдаланылатын судың мөлшері де екі есе жоғарылап кетеді. Бұл өз кезегінде

Арал теңізіне құятын су мөлшерінің кемуіне және экологиялық өзгерулерге әкелетіні белгілі.

Жұмыстың мақсаты. Күріш ауыспалы егістігінде топырақты тұқым себуге дайындайтын ауылшаруашылық машиналарының жұмысына қойылатын мынадай агротехникалық негізгі талаптардың орындалуына қол жеткізу: тұқымды топырақ қыртысына 2 см қалыңдыққа біркелкі көміп, оның өсіп-өнуіне толық жағдай жасау мақсатында тұқым орналастыратын тереңдіктегі топырақтың түйіршектерінің ірілігі 2 см ден кем болуы және танаптың бетінің тегіс еместігінің айырмасының 5 см ден аспауы қажет [2, 3].

Материал және әдістер. Күріш ауыспалы егістігінде алқап топырағының ірі бөлшектерін майдалауға роторлы топырақөңдегіш культиватор (ротоционный почвообработывающий культиватор РПК) қолданылады. Культиватордың ұзындығы 3,6 м барабанының бетінің ұзына бойына доғал түйгіш сырықтар орнатылған. Барабан айналғанда олар топырақтың ірі бөлшектерін ұрып майдалайды. Барабан трактордың қуат алу білігінен орталық редуктор мен жапсардағы шынжыр берілістер негізінде жұмыс атқарады. Барабанның айналу жылдамдығы n және оның түйгіш сырықтардың санын Z пен агрегаттың жүру жылдамдығын V өзгерту арқылы топырақты майдалау нәтижесін нормативтік деңгейге дейін жеткізуге болады. Біздің тәжірибемізде өте құрғақ, қатты топырақтың ірі бөлшектерін майдалау үшін агрегат 9..11 м/с жылдамдықпен жүру керектігі анықталды. Топырақтың ірі бөлшектерінің қаттылығы азайған сайын бұл жылдамдықты 3..4 м/с дейін төмендетіп, керек болса түйгіш сырықтардың санын азайтуға болады. Тракторға орнатылатын РПК-ның жұмыстық жылдамдығы 3 м/с болуы да мүмкін. Дақыл өнімділігінің тұқым себу тереңдігіне байланысты болғандықтан алқаптың топырағын 10 см тереңдікке дейін өңдеу жеткілікті [5, 6].

Күріш ауыспалы егістігінде қолданылатын бұл құралдың тағы бір артықшылығы оның әмбебаптығы. Шаруашылықтарда қолданылатын агрегаттардың бірнеше рет жүріп топырақ өңдейтін тырмалардың, культиваторлардың, малалардың жұмысын РПК-нің өзі бір-ақ рет өтіп орындайды. Топырақтың ірі бөлшектерінің ылғалдығына байланысты барабанның айналу жылдамдығы РПК-нің қапталдарындағы шынжыр берілістегі жұлдызшаларды ауыстыру арқылы 15...20 минутқа реттеледі.

Біздің жүргізген бұл зерттеулерімізде, Арал өңірінің күріш ауыспалы егістігінде күріш тұқымын себуге облысымызға көп тараған СЗ-3,6 сепкішіне қондырғылар орнату арқылы агротехникалық талапқа сай өңдеу жұмыстарын атқаруға болатыны анықталды. Ол үшін қолданыстағы сепкіштің 24 қостегершіктің сіңіргішінің орнына біз ұсынған сына табанды сіңіргішті орнатып пайдалану керек [7, 8].

Сынақ нәтижелері. СЗ-3,6 астық сепкішімен күріш тұқымымен қатар сусымалы майда жоңышқа тұқымын себу үшін себушіден түскен дәнді үшке бөлетін бөлгіш қондырғыны шарғылы себушіге жалғап орналастырып, оның төменгі үш алқымдарын сына табанды сіңіргіштің үш тармағына резиналы түтіктермен қосу арқылы жүзеге асырылады. Бұндай жағдайда астық сепкішінің 24 шарғылы себушісінің 8 ғана жұмыс істейді де қалғандары жабылып тасталады. Сол арқылы майда сусымалы дәннің ағылу біркелкілігін сақтап, себу мөлшерін қажетті деңгейге кетіруді жүзеге асыруға болады.

Осы біздің майда дәнді себуге бейімдеген СЗ-3,6 астық сепкішімен бір маусымда бидай, күріш дақылдарымен қатар жоңышқа тұқымын себу арқылы сепкіштің жұмыс істеу уақытын ұзартуға мүмкіншілік жасайды және сепкіштің бірнеше түрін егеленуге мүмкіншілігі жоқ шағын қожалықтарға, фермерлерге осы бір түрімен жұмыстарын атқаруға мүмкіншілік туады [9, 10].

Сондықтан да тұқымды себу жұмыстарында дәнді топырақ астына біркелкі, таяз тастауды қамтамасыз ететін арнаулы жаңа қистырманы біркелкі жазықтықта із сала сырғанайтын сына табанды сіңіргішті күріш және жоңышқа себуге арналған СЗ-3,6 сепкішіне орнатып атқаруға болатындығын зерттеудің нәтижесі көрсетті. Бұл сына

табанды сіңіргіштің қарсылығы аз болып сырғанайтын түрі сепкіш рамасына механизмдері параллелограм сияктандырылып, кедергісіз қозғалатындай болып орналасқан жағдайда тиімді болады. Оның жоғарғы жағының дөңес доға болып жабылуы жүргенде, көтеріп, түсіргенде топырақ пен сіңіргіштің жанасуын болдырмайды. Бір сепкішке осындай сегіз бөлек сүйретілмелі қарсылықсыз сырғанайтын сына табанды сіңіргіштерді қатарластырып орналастырады. Оның әрбір бөлігінде трапеция формалы көлденең бойына орналастырылған үш сыналы із қалдырғыштары бар. Сіңіргіш табанындағы сыналы із қалдырғыштары арқылы пайда болатын шұқырға дән түсетіндей етіп, дән жүретін түтік шүмектерді бақыттай дәнекерлеп тығыз бекітіледі. Шүмектен келген тұқым сынаның із қалдырған шұқырына түседі де, оны артында кәдімгідей салбырытып іліп қойған шылбырлары дәннің бетін жауып тегістеп кетеді.

Сынатабанды сіңіргіштің астыңғы табаны жұмыс кезінде горизонтальді қалпында болуы керек, оны жоғарғы бөліктің ұзындығын ұзартып, қысқартып реттеуге болады. Технологиялық өңдеу барысында сынатабанның негізі өзінің алымындағы (45 см) топырақ бетін аздап нығыздап, әрі тегістеп өтеді. Астындағы сыналардың әр қайсысы ұсақ қарықша ашады: жоғарғы және төменгі ені 40 пен 20 мм, тереңдігі 45 мм. Сепкіштің әр себушісінен шыққан тұқым кәдімгі дәнтүтіктер мен төмен ағып сіңіргіштің дәнтүтігінен сына ашқан қарықша түбіне түседі. Егілген тұқымдардың бетін сепкіштің артына тіркелген шынжыр ысырма топырақпен жабады. Қарықшалардың ара қашықтығы 15 см болады.

Біз жүргізген зерттеу жұмыстарындағы мәліметтер бойынша күріш тұқымы орта есеппен 1,1 см тереңдікте топыраққа сіңірілетіндігі және жер беткі қабатында қалатын дәндер 3 пайыздан аспайтындығы дәлелденген. Соңғы деректерге бойынша бұл сіңіргіштер тұқымды орта есеппен 1,2 см тереңдікте орнатқан, дәндердің орналасу технологиясынан ауытқуы 2,5 пайыз ғана болған. Жақсы өңделген алқапта сынатабанды сіңіргіштер ұштармақты бөлгішпен бірлесіп майда тұқымды технологиялық сай таяз тереңдікке және біркелкі себетіні анықталды [4, 5, 11].

Сіңіргіштер сапалы жұмыс істеу үшін топырақ түйіршіктерінің 70 % мөлшері 2 см ден аспағаны жөн. Осы талаптарға байланысты күріш егістігін өндеп, себу жұмыстарын қажетті агротехникалық қажеттіліктерді толық орындай алатын ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз ету, олардың жаңа қондырғыларын жасап, өндіріске енгізу қажет.

Осыған байланысты, мемлекеттік аграрлық азық түлік бағдарламасын негізге ала отырып, Арал өңірі егіншілігінде күріштік жерді өндеп, себу технологиясын механикаландыруды жүзеге асыру үшін мынадай түйінде проблемаларды шешуді алға қоямыз.

- Сервис орталықтары мен машина технологиялық станцияларының (МТС) техникамен, құрал жабдықтармен жасақталуын және оларға көрсететін қызметтердің деңгейін жоғарылату;

- Қызылорда облысының күріш егетін алқаптарын механикаландыруда жер өңдейтін роторлы топырақ өндегіш культиваторды (РПК) одан әрі жетілдіру. Роторлы топырақ өндегіш культиватордың (РПК) жаңа түрін шығаруды ұйымдастыру;

- Күріштік агротехникалық талапқа сай біркелкі таяз тереңдікке себетін және дәнді қажетті себу мөлшерінде аңызға біркелкі бөлуді қамтамасыз ететін сепкіш түрін шығарып, шаруашылыққа ұсыну.

Бұларды жүзеге асыру үшін мына төмендегідей шараларды атқаруды керек етеді деп ойлаймыз:

- Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге кейіннен лизингке беруі үшін отандық және шетелдік техникамен қосалқы бөлшектер сатып алуға кредит беру;

- Қызметтерінің бастапқы кезінде мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен кейіннен мемлекеттік үлесін бәсекелес секторға сатып, сервис орталықтарымен МТС-тің тиімді нысандарын құру жөніндегі пилоттық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік аграрлық азық түлік бағдарламасына сәйкес, жаңа технологиядағы қолданылатын технологияларды сынақтан өткізіп, өндіріске бөлімін ашып, оны қаржыландыру;

- Күріш ауыспалы егістігінде қолданылатын роторлы енгізу және жерді өңдеп, себу бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жаңадан топырақ өндегіш культиватордың (РПК) қосалқы бөлшектерін ойлап тауып, оның жұмыс істеуін зерттеу;

- Дән сепкіштің қосалқы қондырғылары мен бөлшектерін жасап шығару. Дән сепкіш техникасының жаңа қондырғыларын жасап оның өндірісте жұмыс істеу мүмкіншілігін зерттеу.

Қорытынды. Осы жұмыстарды орындау арқылы күтілетін технологиялық нәтижелер:

1. Қолданымдағы ауылшаруашылық техникалар паркін орта есеппен 10 пайызға жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы техникасының қосалқы бөлшектерін шығаруды қолдау;

2. Ауылшаруашылығының материалдық техникалық базасын ішінара жақсарту. Сервис орталықтары мен МТС-тер көрсететін қызметтерді ұлғайту және жақсарту;

3. Ауылшаруашылығы дақылдарын өндіру тиімділігін арттыру. Күріштік жерді өндеуге арналған қазіргі заман талабына сай техника түрі роторлы топырақ өндегіш пен дәнсепкіштерді пайдалану. Сол арқылы, жер өндеу операцияларының санын азайту;

4. Агротехникалық талапқа сай себу арқылы күріш тұқымын үнемдеу үшін күріш ауыспалы егістігінде техниканы тиімді қолдану үшін, ауылшаруашылық машиналарына арналған жаңа құралдарды (роторлы, топырақөндегіш культиваторға арналған, сепкішке қойылатын сынатабанды сіңіргіштер) жасап шығарып, шаруашылықтарға тарату.

Әдебиеттер:

1. Алшынбай М. Р. Ауыл шаруашылығы машиналарының теориясы. Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Алматы, 1999. 203 б.
2. Тәжібайұлы Ә. Күріш ауыспалы егістігін механикаландыру. Қазақ тілінде жарияланған ғылыми мақалалар жинағы. Монография, Қызылорда: Тұмар баспасы, 2009 – 216 бет
3. Өмірзақов С.И., Тәжібаев Ә.Ә., Байманов Ж.Н. Күріш ауыспалы егістігінде жер тегістеудің маңыздылығы және оған қойылатын агротехникалық талаптар. II Международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности» в Осаке (Япония) 7-9 марта 2017 г.
4. Тәжібайұлы Ә., Тыныштықбаев Н. Тұқым себер алдында топырақ өндеуге қолданылатын тісті және дискалы тырмамен жүргізілген жұмысының көрсеткіштері. Ғылымның, техниканың және білім берудің басымдықтары атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Қызылорда – Киев 2014. 110-112 б.
5. Тәжібайұлы Ә. Күріш ауыспалы егістігінде жоңышқа тұқымының топыраққа сіңірілуі. // Жаршы. – 1995 №5, Алматы. 78-85 б.
6. Кленин, Н. И. Сельскохозяйственные и мелиоративные машины [Текст] / Н. И. Кленин, В. Г. Егоров. – М.: КолосС, 2004. – 464 с.: ил.
7. Механизация и автоматизация сельскохозяйственного производства [Текст]: учебник для ссузов / В.А. Воробьев [и др.]. – М.: КолосС, 2004. – 541 с. : ил. - (Учебники и учебные пособия для ссузов). – ISBN 5-9532-0129-X : 443-52.
8. Механизация и электрификация сельскохозяйственного производства [Текст] /А.П. Тарасенко, В.И. Солнцев, В.П. Гребнев и др. – М.: КолосС, 2004. – 552 с.: ил.
9. Проничев Н.П. Справочник механизатора [Текст]/ Н.П. Проничев. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – 272с.: ил.

10. Сельскохозяйственные машины. Технологические расчеты в примерах и задачах [Текст] : учеб, пособие для вузов / М. А. Новиков [и др.] ; под ред. М. А. Новикова. – СПб. : Проспект Науки, 2011. – 208 с. – ISBN 978-5-903090-55-6.
11. Халанский, В.М. Сельскохозяйственные машины [Текст] / В.М. Халанский, И.В. Горбачёв. – М.: КолосС, 2006. – 624 с.

References:

1. Alshynbaj M. R. Auyly sharuashylygy mashinalarynyñ teoriyasy. Qazaq memlekettik agrarlyk universiteti, Almaty, 1999. 203 b.
2. Tazhibajlyy Ə. Kyrysh auyspaly egistigin mekhanikalandyru. Qazaq tilinde zhariyalanğan ғылыми maqalalar zhinafy. Monografiya, Kyzylorda: Tұmar baspasy, 2009 – 216 bet
3. Əmirzakov S.I., Tazhibaev Ə.Ə., Bajmanov ZH.N. Kyrysh auyspaly egistiginde zher tegisteudiñ manyzdylygy zhəne oğan qojylatyn agrotekhnikalық talaptar. II Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «Integraciya nauchnogo soobshchestva pered golobal'nyimi problemami sovremennosti» v Osake (Yaponiya) 7-9 marta 2017 g.
4. Tazhibajlyy Ə., Tynyshtykbayev N. Tұqym seber aldynda topyraqəndeuge qoldanylatyn tisti zhəne diskaly tyrmamen zhyrgizilgen zhұmysynың kərsetkishteri. Fylymnyñ, tekhnikanыñ zhəne bilim berudiñ basymdylyqtary atty halykaralық ғылыми-praktikalық konferenciya materialdary, Kyzylorda – Kiev 2014. 110-112 b.
5. Tazhibajlyy Ə. Kyrysh auyspaly egistiginde zhoñyshka tұqymnyñ topyraqqa siñirilui. // ZHarshy. – 1995 №5, Almaty. 78-85 b.
6. Klenin, N. I. Sel'skohozyajstvennye i meliorativnye mashiny [Tekst] / N. I. Klenin, V. G. Egorov. – M.: KolosS, 2004. – 464 s.: il.
7. Mekhanizaciya i avtomatizaciya sel'skohozyajstvennogo proizvodstva [Tekst]: uchebnik dlya ssuzov / V.A. Vorob'ev [i dr.]. – M.: KolosS, 2004. – 541 s. : il. – (Uchebniki i uchebnye posobiya dlya ssuzov). – ISBN 5-9532-0129-H : 443-52.
8. Mekhanizaciya i elektrifikaciya sel'skohozyajstvennogo proizvodstva [Tekst] /A.P. Tarasenko, V.I. Solncev, V.P. Grebnev i dr. – M.: KolosS, 2004. – 552 s.: il.
9. Pronichev, N. P. Spravochnik mekhanizatora [Tekst]/ N.P. Pro – nichev. – M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2003. – 272s.: il.
10. Sel'skohozyajstvennye mashiny. Tekhnologicheskie raschety v primerah i zadachah [Tekst] : ucheb, posobie dlya vuzov / M. A. Novikov [i dr.] ; pod red. M. A. Novikova. – SPb. : Prospekt Nauki, 2011. – 208 s. – ISBN 978-5-903090 – 55 - 6.
11. Halanskij, V.M. Sel'skohozyajstvennye mashiny [Tekst] / V.M. Halanskij, I.V. Gorbachyov. – M.: KolosS, 2006. – 624 s.

ПРОБЛЕМЫ МЕХАНИЗАЦИИ ОБРАБОТКИ ПОЧВЫ И ПОСЕВА В РИСОВОМ СЕВООБОРОТЕ

Тажибайұлы А., кандидат технических наук, доцент,

Коптилеуов Б.Ж., кандидат технических наук доцент,

Ондасынов Б., магистрант,

Кызылординский университет имени Коркыт Ата

Аннотация. Коэффициент технической готовности техники, применяемой в настоящее время на рисовом севообороте, не превышает 0,7 а нагрузка на единицу техники превышает нормативного в 1,2-1,6 раза. Основные агротехнические требования, предъявляемые к работе средств подготовки почвы рисового севооборота к посеву семян: крупность гранул почвы на глубине размещения семян менее 2 см и ровность поверхности поля выше его среднего уровня, углубления не более 5 см. При невыполнении этих требований посеянное семя равномерно заглубляется в почвенную корку толщиной 2 см, что не дает полноценных условий для его прорастания. В связи с этим сеялка СЗ-3,6, приспособленная для посева мелкозернистого зерна, позволяет продлить время работы сеялки путем посева семян люцерны наравне с зерновыми культурами пшеницы, риса за один сезон и позволяет малым хозяйствам, фермерам, не имеющим возможности сеять несколькими видами, работать с этим видом сеялки. Результаты исследования показали, что при посевных работах специальная новая борона, обеспечивающая равномерный,

неглубокий выброс зерна под почву, может быть выполнена с установкой на сеялку СЗ-3,6, предназначенную для посева риса и люцерны, на клиновидный поглотитель, следящий за равномерной плоскостью. В связи с этим в статье, исходя из государственной агропродовольственной программы, мы ставим перед собой решение проблем, связанных с осуществлением механизации технологии возделывания и посева рисового севооборота в сельском хозяйстве Приаралья.

Ключевые слова: севооборот, обработка почвы, механизация, посев.

PROBLEMS OF MECHANIZATION OF TILLAGE AND SEEDING IN THE RICE CROP ROTATION

Tazhibaiyly A., candidate of technical Sciences, associate professor,

Koptileyov B. Zh., candidate of technical Sciences, associate professor,

Ondasynov B., undergraduate

Kyzylorda University named after Korkyt Ata

Annotation. The coefficient of technical readiness of equipment currently used in the rice crop rotation does not exceed 0.7 and the load per unit of equipment exceeds the standard by 1.2-1.6 times. The main agrotechnical requirements for the work of means of preparing the soil of rice crop rotation for sowing seeds: the size of soil granules at a depth of seed placement is less than 2 cm and the flatness of the field surface is above its average level, the depth is not more than 5 cm. If these requirements are not met, the sown seed is evenly buried in the soil crust 2 cm thick, which does not provide full conditions for its germination. In this regard, the Sz-3,6 seeder, adapted for sowing fine-grained grain, allows you to extend the operation time of the seeder by sowing alfalfa seeds on a par with wheat and rice crops in one season and allows small farms, farmers who are not able to sow several types, to work with this type of seeder. The results of the study showed that during sowing operations, a special new harrow that provides a uniform, shallow release of grain under the soil can be installed on the Sz-3,6 seeder designed for sowing rice and alfalfa, on a wedge-shaped absorber that monitors a uniform plane. In this regard, in the article, based on the state agri-food program, we set ourselves the solution of problems related to the implementation of mechanization of the technology of cultivation and sowing of rice crop rotation in agriculture of the Aral sea region.

Keywords: crop rotation, tillage, mechanization, seeding.

FTAXP 63.631/631.5

ШЕТЕЛДІК ҚАУЫН СОРТТАРЫН СЫНАҚТАН ӨТКІЗІП, ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРГЕ БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУ

Бегалиев Қ.Б., а.ш.ғ. кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер,
begaliev.54@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4839-4865>;

Байтөрсеева Ә.Н., а.ш.ғ. магистрі, бөлім меңгерушісі,
aselya-2217@mail.ru, , <https://orcid.org/0000-0002-1895-0456>;

Алпыс Е.Е., аға лаборант,
yerzhan.alpys@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0682-4954>

*«Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа

Мақалада бақша дақыл сортименттерін арттыру мақсатында, 2018-2020 ж.ж. «Қызылорда облысы Қазақстандық Арал өңірі жағдайында экспорттық әлеуеті сапалық жағынан кепілді, әлемдік талаптарға сай келетін шетелдік сорттарды жергілікті жерге бейімдеу, шетелдік

селекциясының сұранысқа ие сорттарының алғашқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру және олардың сорттық технологиясын жасау» тақырыбы бойынша шетелдік қауын сорттарын экологиялық сынақтан өткізу және жерсіндіру жұмыстарының жүргізілгендігі жайлы, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, ерекшеленген шетелдік ерте пісетін Ананас және орташа пісетін Израиль сорттарын облыс шаруашылық өндірістеріне енгізілгендігі жөнінде баяндалады.

Кілт сөздер: өсімдік, қауын, түр, сорт, генофонд, іріктеу, вегетациялық кезең, жемісі, жерсіндіру, өнімділік, сапа

Кіріспе

Парижде ұйымдастырылған бақша дақылдарынан өткен көрмеде Қызылорда өңірінің дәмі тіл үйретін, дәмділігімен ерекшеленген Сыр қауыны бірінші орын алды. Осы кезеңнен бастап, Сыр қауынының даңқы артып, алыс және жақын шетелдерге теміржол бекеттері арқылы тасымалданып, экспортталып, ауыл еңбеккерлерінің табыс көзіне айналып, шаруашылықтың экономикасының артуына оң ықпалын тигізді. Ауылшаруашылық құрылымдарының жекешелендірілу салдарынан арнайы көкөніс-бақша дақылдарын өсіретін шаруашылықтар статусынан айырылды. Нәтижесінде өңірдегі әрбір шаруашылық құрылымдары аз көлемде өздеріне қажетті түрлі қауын сорттарын азғандай учаскелерге араластыра еге отырып, қауын сорттарының айқас тозандану процесстері арқылы, жылдар бойы сапалы қауын сорттары сорттық қасиетінен ажырап, жоғары сапалы дәмділік-құнды белгілерінен айырылды. Мұндай процестердің басты себебі, республика көлемінде көкөніс-бақша дақылдарының алғашқы тұқым шаруашылығының жоқтығында. Облысымызда көкөніс-бақша дақылдарына маманданған бұрынғы Қызылжарма (Совхоз техникум) және Маханбет (Киров) ауылдарында алғашқы тұқым шаруашылықтары жабылып, қазіргі кезеңде нәтижесінде көкөніс-бақша дақылдарынан репродукциялы тұқымдық материалдар дайындалмайды. Бақша дақылдарының алғашқы тұқым шаруашылығымен Сырдария ауданы (Алматы бақша шаруашылығы) айналысып, облыс шаруашылықтарына қажетті мөлшерде репродукциялы тұқымдық материалдармен қамтамасыз етіліп отырды. Көкөністің репродукциялы тұқымдары Алматы облысынан алынып, әрбір шаруашылықтарға таратылып, егіліп, нәтижесінде өнімділігі мен сапасы жоғары өнімдер алынып, халықтың ішкі сұранысын қанағаттандыра отырып, экспорттықәлеуеті де артқан болатын. Жоғарыдағы мәселелерді толық қанды шешу мақсатында, жеделдетіп көкөніс-бақша, картоп дақылдарының алғашқы тұқым шаруашылығын облыс көлемінде ашу және ұйымдастыру, сондай-ақ шаруашылықтарды қажетті мөлшерде репродукциялы тұқыммен қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазақстанның территориялық аймағы шамамен 272 млн² га. Батыстан шығысқа дейін 3000 км, солтүстіктен оңтүстікке дейін 1300 км. Осыншама көлемдегі аймақтардың топырақ қабаттары мен табиғат-климат жағдайлары әрине әртүрлі. Осы мәселелерді ескере отырып аймақтар бойынша ауылшаруашылық дақылдарын орналастыру тәсілдерін ауылшаруашылық мамандары толық сараптай отырып жүргізуі тиіс. Көкөніс-бақша дақылдарын Республиканың әрбір аймақтарында орналастыру үшін, олардың солтүстік және оңтүстік аймақтар болып бөлінетіндігін ескеруіміз қажет. Солтүстік аймақтарға солтүстік, батыс, шығыс және орталық облыстың әкімшілік аймақтары, ал Оңтүстікке оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтары жатады. Солтүстік аймақтар: суыққа төзімді дақылдардың өсуі үшін қолайлы. Оңтүстік аймақтарда дақылдардың биологиялық талаптары бойынша жылу сүйгіш дақылдар жақсы өседі. Қазақстан тауарлы көкөніс шығаратын республикалар қатарына жатпайды. Өндірілетін өнімдер негізінен халықтың сұранысын қанағаттандыру бағытында қолданылады. Халық санының күрт көбеюімен қатар, жаңа қалалар пайда болып, ескі қалалардағы өндіріс орталықтарының кеңеюіне байланысты, жылма-жыл көкөніс-бақша өнімдеріне сұраныс артуда. Көкөніс-бақша өнімдері тағамдық маңыздылығы әртүрлі қоректік заттармен ғана емес, құрамындағы дәрумендердің адам организмдеріндегі ауруларға қарсы тұра алатындығымен

ерекшеленеді [1,2]. Сонымен қатар көкөніс-бақша дақыл өнімдерінің құрамында әртүрлі минералды тұздар және қышқылдар организмдегі басқа да тағамдардың тез сіңуіне оң әсерін тигізеді [3]. Халықты жыл он екі ай балғын және қайта өңделген көкөніс-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатынды, шаруашылықтар мен мекемелерде миницехтар ұйымдастырып, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажет. Дақылдың балғын өнімдерімен және қайта өңделген түрлеріне, ірі қалалар мен өндіріс орталықтарында сұраныс өте жоғары. Әсіресе көкөніс-бақша дақыл өнімдері тасымалдауға және ұзақ сақтауға төзімсіз, сол себептен ірі өндіріс орындарының жылуларын пайдалана отырып, жылыжайлар салып, ондағы өндірілетін балғын жемістермен халық сұранысын қамтамасыз етуді жеделдетіп ұйымдастырған жөн. Соңғы жылдары елбасының суармалы жерлердің көлемін ұлғайту жайлы қабылдаған шешімдері, облыс көлемінде қазіргі кездегі игеріліп жүрген 185 мың га егістік алқапты келешекті 300 мың га жеткізу көзделуде. Әрине мұндай шешімдер көкөніс-бақша дақылдар көлемі мен өнімін арттыру бағытында қабылдаған оң шешім деп білеміз. Көкөніс-бақша шаруашылықтарын интенсивтендіру, ғылыми техникалық прогрестер мен ғылым жетістіктерді және озық тәжірибе нәтижелерін ауылшаруашылық құрылымдарына жеделдетіп енгізу арқылы іске асады. Бұл шараларда негізгі атқарылатын бағыт ауылшаруашылық ғылымдарына тиесілі. «Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ» ғалымдарының жүргізілген ұтымды тәжірибе ұсыныстарын шаруашылықтар басшылыққа ала отырып, жүргізілген жағдайда өндіріс аясы кеңейеді, ел тұрғындары қосымша жұмыстармен қамтылып, нәтижесінде өнім мен сапа артады, өндірілетін өнімнің өзіндік құны төмендеп, сұраныс артып, нәтижесінде шаруашылықтың экономикалық жағдайлары жақсарады.

Материалдар және зерттеу әдістемелері. «Қызылорда облысы Қазақстандық Арал өңірі жағдайында экспорттық әлеуеті сапалық жағынан кепілді, әлемдік талаптарға сай келетін шетелдік сорттарды жергілікті жерге бейімдеу, шетелдік селекциясының сұранысқа ие сорттарының алғашқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру және олардың сорттық технологиясын жасау» тақырыбына 2018-2020 жылдары Қарауылтөбе өндірістік-тәжірибе учаскесінде ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін, Алматыда 2019 жылы шығарылған «Қазақстандық Арал өңірі жағдайында қауын сорттарын сынақтан өткізу жайлы әдістемелік ҰСЫНЫМЫ» басшылыққа алынады. Ғылыми зерттеу жұмыстарын сапалы жүргізу үшін, егістік жерді тандау, егістік жерлер қоршалынады, топырақ өңдеу жұмыстары жүргізіліп, тегістеледі. Тәжірибе қою үшін тәжірибе қайталанымдары рендомизация әдісі арқылы орналастырылады. Тәжірибедегі зерттелетін сорттардың қоректену алаңы бірдей салынады, есептік алаң көлемі 9 м², қайталанымы - 3 мәрте [4,5,6]. Тәжірибе учаскесінен топырағынан топырақ үлгілері алынады. Тұқымдық материалдарға зертханалық талдаулар жүргізіліп, егу алдында өсу реттегіш препараттармен өңделіп, агротехникалық талаптарға сай егіледі. Күтіп-баптау, фенологиялық және өсімдікке биометриялық талдау жұмыстары жүргізіліп, отандық St сорттармен салыстырып, шетелдік қауын сорттарының жергілікті жерге бейімділігі анықталады. Сортсынақ учаскесінде салыстыру үшін стандарт (st) ретінде (Сырдария, Колхозница, Ливера) жергілікті сол топтағы сорттар пайдаланылды. Бақша дақылдарының ерте, орташа, кеш пісу мерзімдері анықталады. Сондай-ақ дақыл өнімдері пісу кезеңдеріне сәйкес жиналады. Піскен қауын жемістеріне биометриялық және биохимиялық талдау жұмыстары жүргізіліп, тұқымдары алынып, жуылып, кептіріліп, өнгіштігі анықталып, тектік қорға сақталады [7,8].

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. Шетелдік қауын сорттарын сортсынақ жұмыстары, өндірісте қабылданған далалық ауыспалы егістегі алдыңғы дақыл ескеріле отырып жүргізілді [9,10,11]. Тұқымдық материалдар егілуден 2-3 сағат бұрын «АФГ» препаратымен өңделіп, көлеңкеде жеңіл кептірілді. Өскін пайда болмаған ұяларға өскіні және бірінші жапырақша пайда болуға дейін, өндірілген тұқыммен қайта егілді.

«Қызылорда облысы Қазақстандық Арал өңірі жағдайында экспорттық әлеуеті сапалық жағынан кепілді, әлемдік талаптарға сай келетін шетелдік сорттарды жергілікті жерге бейімдеу, шетелдік селекциясының сұранысқа ие сорттарының алғашқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру және олардың сорттық технологиясын жасау» тақырыбы бойынша Қарауылтөбе ғылыми-өндірістік тәжірибе учаскесінде 0,9 га жерге тәжірибе салынды. Тәжірибедегі барлық сорттардың мөлтек аудандары бірдей, мөлтектегі өсімдік сандары (3 өсімдік) өркендерінің ұзындықтары әртүрлі болды. Сорт учаскесіндегі зерттелген өркендері ұзын сорттардың, коректену алаңы 9 м² тең болды. Әрбір мөлтектерде 1 қатардан кем емес қорғау жолағы салынды.

Тәжірибе учаскесінің қайталанымдарының бәрінде фенологиялық бақылау жұмыстары дер кезінде толық жүргізілді. Қатараралық өңдеулерден кейін, әрбір мөлтектердегі нақты есептік алаңындағы қалған өсімдіктер санын және өсімдіктің есептік сан пайызы анықталды. Онда егістің егілу күні, алғашқы және толық көктеулері, аналық гүлдер мен түйін түзілуінің басы, өсімдіктердің шамамен 10-15% алғашқы гүлдері ашылып, осы кезең аналық гүлдерінің гүлдеу басы болып саналды, бірлі-жарым жемістерінің пісуі мен жинау кезеңдері белгіленіп, далалық журналға тіркелді. Өсімдіктерді күтіп-баптау мақсатында, вегетациялық кезеңінде 4 рет суару жұмыстары, негізгі және үстеп коректендіру кезеңдерінде аммафос және слъфат аммоний тыңайтқыштар беріліп, гүлдеу алдында өсімдік жапырақтарына биопрепарат Экорост, ал шілде айында антистресстік препарат Аминопул беріліп, өсімдік өсуі мен дамуына оң ықпал жасалынды. Қауын шыбынына қарсы гүлдеу алдында және толық түйнектеу кезеңдерінде Нурелл-Д инсектицидімен өңделіп, нәтижесінде бақша дақыл өнімі мен сапасы артты. Өсімдіктердің қатараралықтары өркен жайғанға дейін, фреза агрегатымен екі рет өңделіп, арамшөптері жойылып, топыраққа органика есебінде араластырылды [12].

Өнімді жинау алдында барлық қайталанымдағы мөлтектердегі қауын сорттарын мұқият қарап, екі рет сорттық тазалау жұмыстары жүргізілді. Әрбір зерттеуге алынған сорттар мөлтектер бойынша толық пісу кезеңдеріне сәйкес жиналды [13].

2018-2020 ж.ж. Қарауылтөбе ғылыми-өндірістік тәжірибе танабында жүргізілген жоба нәтижелері бойынша (1-кесте) шетелдік қауын сорттарын жергілікті жерге бейімдеу бағытында, отандық St Колхозница сортымен салыстырмалы түрде ресейлік ерте пісетін Ананас сорты, St Сырдария сортымен салыстырғанда орташа пісетін израильдік Израиль сорттары сапалық көрсеткіші және жергілікті жерге бейімділігімен ерекшеленіп, өңір шаруашылықтарының өндірісіне енгізілді [14].

Қызылорда облысы жағдайында шетелдік қауын сорттарына 2018-2020 жылдар аралығындағы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша, жергілікті жерге бейімділігімен, сондай-ақ өнім сапасымен салыстырғанда, төмендегідей шетелдің Ананас және Израиль сорттары ерекшеленді. Сорт учаскедегі зерттелген 21 шетелдік қауын сорттарынан 13,2 кг бірегей тұқым алынып, сақтауға қойылды [15].

Қорытынды. Қазақстандық Арал өңірінің тұзданған топырағында жерсіндіру мақсатында, 2018-2020 жылдары «Қызылорда облысы Қазақстандық Арал өңірі жағдайында экспорттық әлеуеті сапалық жағынан кепілді, әлемдік талаптарға сай келетін шетелдік сорттарды жергілікті жерге бейімдеу, шетелдік селекциясының сұранысқа ие сорттарының алғашқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру және олардың сорттық технологиясын жасау» тақырыбында шетелдің 21 қауын сортына тәжірибе салынып, вегетациялық кезеңдері бойынша ерте, орташа, кеш пісетін топтары анықталды.

Тәжірибелік учаскедегі зерттеулер нәтижелері бойынша түйнек салмағы, құрғақ заттар ерітіндісінің құрамымен және өнімділігімен ерекшеленіп, стандартпен салыстырғанда жергілікті жерге бейімделген Ананас және Израиль сорттары ерекшеленіп, Шиелі ауданы, Бестам ауылы, «Алтын Дән» ШҚ енгізіліп, облыс көлемінде тарату жайлы

Кесте 1 – 2018-2020 ж.ж. Қарауылтөбе ғылыми-өндірістік тәжірибе танабында жүргізілген жоба нәтижелері бойынша бақша дақылдарының сандық және сапалық көрсеткіштері

№	Сорт	Өнімділік, т/га				СРВ, %				Дегустациялық бағалау, балл			Сақтауға төзімділігі	Тасымалдауға төзімділігі
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	орташа	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	орташа	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.		
1	St Сырдария	8,0	8,3	8,2	8,16	12	11	12	11,6	6	5	6	орташа	орташа
2	Абн нават	14,0	14,3	13,8	14,03	17	17	12	15,3	9	10	9	төзімсіз	орташа
3	Ак қауын	24,0	-	-	24,0	8	-	-	8	5	-	-	төзімсіз	төзімсіз
4	Ак куляби	14,0	14,1	-	14,05	10	13	-	6,5	5	5	-	төзімді	тр
5	Гурбек	21,0	21,1	21,0	21,03	15	12	13	13,3	10	7	8	орташа	орташа
6	Израиль	10,0	10,3	10,5	10,26	17	16	16	16,3	10	10	10	төзімді	тр
7	Ингулька	12,0	12,1	-	12,05	12	12	-	12	6	6	-	төзімді	тр
8	Ичкызыл	20,0	20,1	20,4	20,16	18	15	8	13,6	10	9	8	орташа	орташа
9	Сап-4	17,0	17,1	-	17,05	12	10	-	11	6	5	-	орташа	орташа
10	Сары пачак	20,0	20,4	-	20,2	10	10	-	10	6	5	-	төзімді	тр
11	St Колхозница	16,0	16,7	16,3	16,3	15	15	15	15	10	9	8	төзімсіз	төзімсіз
12	Ананас	18,0	18,1	18,3	18,13	17	17	17	17	10	10	10	төзімді	тр
13	Арава	10,0	10,4	10,1	10,16	13	13	14	13,3	7	7	9	орташа	тр
14	Галия	21,0	21,1	-	21,05	13	10	-	11,5	6	5	-	төзімді	тр
15	Rev-4	10,0	10,3	10,6	10,3	14	14	13	13,6	7	7	5	төзімді	тр
16	Revigal	20,0	20,1	-	17,9	10	10	-	10	6	5	-	төзімсіз	төзімсіз
17	Сырнат	13,0	13,3	13,7	13,3	17	16	14	15,6	10	10	8	төзімсіз	тр
18	St Ливера	17,0	17,9	17,5	17,46	14	17	13	14,6	9	10	8	төзімді	тр
19	Ала хама	19,0	19,2	18,9	19,03	15	16	13	14,6	7	9	7	төзімсіз	орташа
20	Асанбей	24,0	24,4	-	24,2	11	10	-	10	7	6	-	төзімді	тр
21	Койбаш	20,0	20,3	19,7	20,0	7	12	8	9	4	6	5	төзімді	тр
22	Кокча	13,0	13,5	13,2	13,23	10	11	10	10,3	5	5	7	орташа	орташа
23	Чоғаре	9,0	9,1	8,9	9,0	10	14	10	11,3	6	9	7	төзімсіз	орташа
24	Эфиопка	25,0	-	-	25,0	10	-	-	10	5	-	-	төзімді	орташа

ұсыныс берілді. Сондай-ақ дақылдардың сорттық агротехнологияларына ұсыным жасалынып, бақша егетін шаруашылықтарға таратылды.

Әдебиеттер:

1. Akrami M., Arzani A., Inheritance of fruit yield and quality in melon (*Cucumis melo* L.) grown under field salinity stress // *Scientific Reports*. – 2019. – Т. 9.
2. Dere S., Coban A., Akhoundnejad Y., Ozsoy S., Dasgan H. Y. Use of Mycorrhiza to Reduce Mineral Fertilizers in Soilless Melon (*Cucumis melo* L.) Cultivation // *Notulae Botanicae Horti Agrobotanici Cluj-Napoca*. – 2019. – Т. 47, № 4. – С. 1331-1336.
3. Gonzalez-Mas N., Sanchez-Ortiz A., Valverde-Garcia P., Quesada-Moraga E. Effects of Endophytic Entomopathogenic Ascomycetes on the Life-History Traits of *Aphis gossypii* Glover and Its Interactions with Melon Plants // *Insects*. – 2019. – Т. 10, № 6. – С. 15.
4. Нургисаев С.У., Бисенов К.А., и др. Система сельскохозяйственного производства Кызылординской области: Рекомендации. – Алматы, ТОО Издательство «Бастау», 2002, – С. 167-170.
5. ГОСТ 32592-2013 Семена овощных, бахчевых культур, кормовых корнеплодов и кормовой капусты. Сортные и посевные качества. Общие технические условия. С. – 10.
6. ГОСТ 7178-2015 (UNECE STANDARD FFV-23:2012) Дыни свежие. Технические условия (Переиздание). С. – 2-7.
7. Нормы высева, способы посева и площади питания сельскохозяйственных культур. – М.: Колос. – 1970. – 472 с.
8. Алиакбарова К.А. Поливной режим дыни в Кызыл-Ординской области. – Алма-Ата: Кайнар. – 1977. – С. 167-170.
9. Gonzalez-Mas N., Sanchez-Ortiz A., Valverde-Garcia P., Quesada-Moraga E. Effects of Endophytic Entomopathogenic Ascomycetes on the Life-History Traits of *Aphis gossypii* Glover and Its Interactions with Melon Plants // *Insects*. – 2019. – Т. 10, № 6. – С. 15.
10. Toyzhigitova B., Yskak S., Lozowicka B., Kaczynski P., Dinasilov A., Zhunisbay R., Wolejko E. Biological and chemical protection of melon crops against *Myiopardalis pardalina* Bigot // *Journal of Plant Diseases and Protection*. – 2019. – Т. 126, № 4. – С. 359-366.
11. Sarabi B., Fresneau C., Ghaderi N., Bolandnazar S., Streb P., Badeck F. W., Citerne S., Tangama M., David A., Ghashghaie J. Stomatal and non-stomatal limitations are responsible in down-regulation of photosynthesis in melon plants grown under the saline condition: Application of carbon isotope discrimination as a reliable proxy // *Plant Physiology and Biochemistry*. – 2019. – Т. 141. – С. 1-19.
12. Дуйсембеков Б.А., Бегалиев К.Б., Токтамысов А.М., Жанзаков М.М., Байтореева А.Н., Мамырбеков Ж.Ж., Тайшибаева Э.У., Айтбаева А.Т., Ерболова Л.С., Джумадилова Г.Б., Смагулова Д.А., Методические рекомендации по сортоиспытанию дыни в условиях Казахстанского Приаралья – Кызылорда, 2019, С. 6-14.
13. Гуцалюк Т.Г. Семеноводство (Бахчеводство Казахстана). – Кайнар, – 2006. – С. 56-59.
14. Бегалиев К.Б., Баимбетова Г.З., Отчет о научно-исследовательской работе за 2019 г. (промежуточный) // Кызылорда. – 2019. С. – 12-26.
15. Бегалиев К.Б., Баимбетова Г.З., Отчет о научно-исследовательской работе за 2018-2020 г.г. (заключительный) // Кызылорда. – 2020. С. – 11-34.

References:

1. Akrami M., Arzani A. Inheritance of fruit yield and quality in melon (*Cucumis melo* L.) grown under field salinity stress // *Scientific Reports*. – 2019. – Т. 9.
2. Dere S., Coban A., Akhoundnejad Y., Ozsoy S., Dasgan H. Y. Use of Mycorrhiza to Reduce Mineral Fertilizers in Soilless Melon (*Cucumis melo* L.) Cultivation // *Notulae Botanicae Horti Agrobotanici Cluj-Napoca*. – 2019. – Т. 47, № 4. – С. 1331-1336.
3. Gonzalez-Mas N., Sanchez-Ortiz A., Valverde-Garcia P., Quesada-Moraga E. Effects of Endophytic Entomopathogenic Ascomycetes on the Life-History Traits of *Aphis gossypii* Glover and Its Interactions with Melon Plants // *Insects*. – 2019. – Т. 10, № 6. – С. 15.
4. Nurgisaev S.U., Bisenov K.A., i dr. Sistema sel'skhozajstvennogo proizvodstva Kyzylordinskoj oblasti: Rekomendacii. – Almaty, TOO Izdatel'stvo «Bastau», 2002, – S. 167-170. [in russian]

5. GOST 32592-2013 Semena ovoshhnyh, bahchevyh kul'tur, kormovyh korneplodov i kormovoj kapusty. Sortovye i posevnye kachestva. Obshhie tehicheskie uslovija. S. – 10. [in russian]
6. GOST 7178-2015 (UNECE STANDARD FFV-23:2012) Dyni svezhie. Tehicheskie uslovija (Pereizdanie). S. – 2-7. [in russian]
7. Normy vyseva, sposoby poseva i ploshhadi pitaniya sel'skohozjajstvennyh kul'tur. – M.: Kolos. – 1970. – 472 s. [in russian]
8. Aliakbarova K.A. Polivnoj rezhim dyni v Kzyl-Ordinskoj oblasti. – Alma-Ata: Kajnar. – 1977. – S. 167-170. [in russian]
9. Gonzalez-Mas N., Sanchez-Ortiz A., Valverde-Garcia P., Quesada-Moraga E. Effects of Endophytic Entomopathogenic Ascomycetes on the Life-History Traits of Aphis gossypii Glover and Its Interactions with Melon Plants // Insects. – 2019. – T. 10, № 6. – C. 15.
10. Toyzhigitova B., Yskak S., Lozowicka B., Kaczynski P., Dinasilov A., Zhunisbay R., Wolejko E. Biological and chemical protection of melon crops against Myiopardalis pardalina Bigot // Journal of Plant Diseases and Protection. – 2019. – T. 126, № 4. – C. 359-366.
11. Sarabi B., Fresneau C., Ghaderi N., Bolandnazar S., Streb P., Badeck F. W., Citerne S., Tangama M., David A., Ghashghaie J. Stomatal and non-stomatal limitations are responsible in down-regulation of photosynthesis in melon plants grown under the saline condition: Application of carbon isotope discrimination as a reliable proxy // Plant Physiology and Biochemistry. – 2019. – T. 141. – C. 1-19.
12. Dujsembekov B.A., Begaliev K.B., Toktamysov A.M., Zhanzakov M.M., Bajtoreeva A.N., Mamyrbekov Zh.Zh., Tajshibaeva Je.U., Ajtbaeva A.T., Erbolova L.S., Dzhumadilova G.B., Smagulova D.A., Metodicheskie rekomendacii po sortoispytaniyu dyni v uslovijah Kazahstanskogo Priaral'ja. Kyzylorda, 2019. S. – 6-14. [in russian]
13. Gucaljuk T.G. Semenovodstvo (Bahchevodstvo Kazahstana). – Kajnar, –2006. – S. 56-59. [in russian]
14. Begaliev K.B., Baimbetova G.Z., Otchet o nauchno-issledovatel'skoj rabote za 2019 g. (promezhutochnyj) // Kyzylorda. – 2019. S. – 12-26. [in russian]
15. Begaliev K.B., Baimbetova G.Z., Otchet o nauchno-issledovatel'skoj rabote za 2018-2020 g.g. (zakljuchitel'nyj) // Kyzylorda. – 2020. S. – 11-34. [in russian]

СОРТОИСПЫТАНИЕ, АДАПТАЦИЯ И ВНЕДРЕНИЕ В ПРОИЗВОДСТВО ЗАРУБЕЖНЫХ СОРТОВ ДЫНЬ

Бегалиев К. Б., кандидат с.-х.н., ведущий научный сотрудник,

Байтөреева Ә.Н., магистр с.-х.н., заведующая отделом,

Алпыс Е.Е., старший лаборант

ТОО «Кзахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева»

г.Кызылорда, Республика Казахстан

Аннотация. В статье приведены результаты проведения экологического испытания и акклиматизации зарубежных сортов дынь в условиях Казахстанского Приаралья по теме: «Изучение адаптивности зарубежных сортов, гарантирующих экспортоориентированность по качеству продукции, соответствующих международным требованиям, с организацией первичного семеноводства новых востребованных сортов дыни зарубежной селекции и разработка их сортовой технологии возделывания» в условиях Казахстанского Приаралья Кызылординской области» за период 2018-2020 г.г. с целью повышения сортиментов бахчевых культур. Также приводятся результаты исследований и внедрения в хозяйства выделившихся зарубежных сортов дынь.

Ключевые слова: растение, дыня, вид, сорт, генофонд, отбор, семена, вегетационный период, плод, адаптация, урожайность, качество

VARIETY TESTING, ADAPTATION AND INTRODUCTION OF FOREIGN MELON VARIETIES INTO PRODUCTION

Begaliev K., Candidate of Agricultural Sciences, Leading Researcher,

Baitoreyeva A., master of agricultural sciences, head of department,

Alpys E, senior laboratory assistant

*Kazakh Research Institute of Rice Growing named after I. Zhakhaev
Republic of Kazakhstan*

Abstract. The article presents the results of environmental testing and acclimatization of foreign varieties of melons in the conditions of the Kazakhstan Aral Sea region on the topic: "Study of the adaptability of foreign varieties that guarantee export orientation in terms of product quality that meet international requirements, with the organization of primary seed production of new popular varieties of melon of foreign selection and the development of their varietal technology cultivation "in the conditions of the Kazakhstan Aral region of the Kyzylorda region" for the period 2018-2020. in order to increase the assortment of melons and gourds. The results of research and introduction into farms of the isolated foreign varieties of melons are also presented.

Keywords: plant, melon, species, variety, gene pool, selection, seeds, growing season, fruit, adaptation, yield, quality

IRSTI 68.33.01.

THE EFFICIENCY OF NITROGEN FERTILIZERS IN RICE PRODUCTION IN ARAL SEA REGION OF KAZAKHSTAN

Kultasov B.Sh., doctoral student

bekzathan70@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-4682-553X>

Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan

Abstract

The article presents the results of a study of the nitrogen status in meadow-boggy soils under rice crops. Field studies were conducted in 2018-2019 at the experimental plot of the Kazakh Research Institute of Rice Production named after Y. Zhakhaev, located in the southeastern part of Kyzylorda city. Of the mineral fertilizers used in rice crops, nitrogen ones play the leading role. The purpose of the research was to study the effect of methods and rate of application of nitrogen fertilizer on the productivity of a promising rice variety Syr Syluy. The results of the study showed that the split application of urea provided an increase in rice yield, compared to a single presowing application of 9.2-10.8 c/ha, with the yield for the nitrogen doses N_{120} and N_{150} 53.9 and 62.3 c/ha, respectively.

Keywords: rice, nitrogen fertilizer, urea, ammonium sulfate, utilization coefficient, tillering, booting, yield.

Introduction

The main rice sowing zone in Kazakhstan is the lower reaches of the Syrdarya River. The desiccation of the Aral Sea in this region causes an ecological catastrophe not only in the geophysical and meteorological aspects, but also disturbs the biological and ecological balance. In the current critical environmental situation with the forced reduction of the rice sowing area, enhancement of grain yield is a crucial task [1].

Of all the agricultural methods of growing this crop, the leading role in yield enhancement belongs to mineral fertilizers, of which the nitrogen ones are of primary importance. They account for more than 70% of the total yield increase obtained from the use of industrial fertilizers [2]. Part of the fixed nitrogen in the soil can meet the needs of other diversification crops (wheat, barley, sorghum saccharatum, safflower) cultivated in rice crop rotation [3, 4]. Nitrogen fertilizers not only increase the yield, but also improve its culinary and nutritive properties of rice grits [5].

Ағынды сулар - атмосфералық сулар мен жауын-шашын, оған еріген және жаңбыр сулары, сондай-ақ су қоймаларына өндірістік кәсіпорындар мен елді мекендер аумағынан кәріз жүйесі немесе ауырлық арқылы ағызылатын, адам қызметінің нәтижесінде қасиеттері нашарлаған жасыл екпелер мен көшелерді суарудан алынған сулар жатады.

Ағынды сулардың құрамында ластаушы заттардың екі негізгі тобы бар — консервативті, яғни химиялық реакцияларға әрең түсетін және іс жүзінде биологиялық ыдырауға ұшырамайтын (ауыр металл тұздары, фенолдар, пестицидтер сияқты ластаушы заттардың мысалдары) және консервативті емес, яғни су объектілерін өзін-өзі тазарту процестерінен өтуі мүмкін.

Ағынды сулардың құрамына бейорганикалық (топырақ бөлшектері, кендер мен бос жыныстар, шлактар, бейорганикалық тұздар, қышқылдар, сілтілер); сонымен қатар органикалық (мұнай өнімдері, органикалық қышқылдар), соның ішінде биологиялық объектілер (саңырауқұлақтар, бактериялар, ашытқылар, соның ішінде ауру тудыратын заттар) кіреді.

Түйінді сөздер: өтелдеу, сумен жабдықтау, су құбыры желілері, жылдық ағын, құдық, су қоймасы.

WATER SUPPLY AND WASTE WATER DISPOSAL IN THE CITY OF KYZYLORDA

Zhiembai Y.S., PhD doctoral student,
Shomantaev A.A., doctor of agricultural Sciences, Professor
Zhynisov A.T., candidate of technical Sciences, Professor
Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan

Annotation. The structural elements of the river basin system of the arid zone are industrial enterprises, fish and municipal household facilities. Therefore, in the conditions of developing agriculture, the annual intake of wastewater from industrial and municipal water facilities reaches 6.34 km³ per year, of which 1.09 km³ is collector-drainage water[1].

Waste water — atmospheric water and precipitation, which include meltwater and rainwater, as well as water from irrigation of green spaces and streets, diverted to reservoirs from the territories of industrial enterprises and localities through the sewer system or by gravity, the properties of which were degraded as a result of human activity.

As part of wastewater, there are two main groups of pollutants — conservative, that is, those that hardly enter into chemical reactions and are practically not biodegradable (examples of such pollutants are heavy metal salts, phenols, pesticides) and non-conservative, that is, those that can also be subjected to self-cleaning processes in reservoirs.

The composition of wastewater includes both inorganic (soil particles, ore and waste rock, slag, inorganic salts, acids, alkalis) and organic (petroleum products, organic acids), including biological objects (fungi, bacteria, yeast, including pathogens).

Keywords: water supply, water supply networks, annual runoff, well, reservoir.

МРНТИ: 50.03.03

**ИССЛЕДОВАНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ СИСТЕМ АВТОМАТИЧЕСКОГО
УПРАВЛЕНИЯ В КРИТИЧЕСКОМ СЛУЧАЕ ЧИСТО МНИМЫХ КОРНЕЙ
ХАРАКТЕРИСТИЧЕСКОГО УРАВНЕНИЯ**

Турешбаев А.Т., кандидат физико-математических наук, ассоциированный профессор
aturesh@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8211-3986>

Дюсенбаева Т.Н., магистр математики
tolkushadn@mail.ru

Бексейтова А.Б., магистр технических наук
ainur.85@list.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0346-1924>

Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация. Рассматриваются линейная система автоматического управления, которая описывается дифференциальным уравнением шестого порядка, а также система с переменными коэффициентами и нелинейным элементом. Характеристическое уравнение линейно системы представляет собой бикубическое уравнение, которое введением промежуточного переменного сводится к кубическому уравнению. Получены условия, при выполнении которых последнее уравнение будет иметь три различных действительных корня. Используя критерий Рауса-Гурвица совместно с требованием выполнения отрицательности корней кубического уравнения, получены необходимые условия устойчивости исходной системы. Заметим, что корни характеристического уравнения в этом случае являются чисто мнимыми. Исследуется возмущенная система автоматического регулирования, нелинейность которой обусловлена наличием в исходной принципиальной схеме нелинейного элемента. Из-за этого уравнения возмущенной системы имеет кубический член вида $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3$. При некоторых фиксированных значениях коэффициентов системы может наступить случай, когда корни характеристического уравнения будут чисто мнимыми. В теории устойчивости такой случай называется критическим. Вопрос об устойчивости по Ляпунову решается выбором знакоопределенной функции Ляпунова, производная по времени которой в силу уравнений возмущенного движения оказалась знакопостоянной функцией. Отсюда следует вывод: тривиальное решение нелинейной системы устойчива не только при достаточно малых значениях отклонения x_1 , но и при их относительно больших значениях..

Ключевые слова: управление, возмущение, нелинейность, метод Ляпунова, устойчивость, мнимые корни, критический, характеристическое уравнение.

Введение. Математическое описание систем автоматического управления позволяет определить их динамическое поведение в реальных условиях как при изменении задающего воздействия, так и при различных внешних возмущениях, приводящих к вынужденному отклонению управляемой величины от ее заданных значений [1-3]. В настоящее время интенсивно развиваются модели и методы теории современных систем управления технологическими процессами и объектами [4,5]. При этом одним из основных требований, предъявляемых к качеству управления, является

устойчивость систем [6,7]. Пусть имеем дело с одноконтурной системой автоматического управления с отрицательной обратной связью (Рис.1). На рисунке приводятся обозначения: ЗУ-задающее устройство, АРУ- автоматическое регулирующее устройство, ОУ-объект управления, $f(t)$ –возмущение.




Рисунок 1. Функциональная схема системы автоматического управления.

В зависимости от наличия или отсутствия в системе нелинейных элементов, различают линейные и нелинейные системы автоматического управления[8,9]. Если предположить, что замкнутая система линейная и непрерывная, то она в общем случае описывается обыкновенным неоднородным дифференциальным уравнением n -го порядка [10]:

$$\begin{aligned} & a_n \frac{d^n y(t)}{dt^n} + a_{n-1} \frac{d^{n-1} y(t)}{dt^{n-1}} + \dots + a_1 \frac{dy(t)}{dt} + a_0 y(t) = \\ & = b_m \frac{d^m x(t)}{dt^m} + b_{m-1} \frac{d^{m-1} x(t)}{dt^{m-1}} + \dots + b_1 \frac{dx(t)}{dt} + b_0 x(t), \end{aligned} \quad (1)$$

где, $x(t)$ - входная (или заданная) величина; $y(t)$ – управляемая (выходная) величина, a_i, b_i – постоянные коэффициенты ($m < n$), отражающие параметры системы управления.

Уравнение (1) в операторном виде имеет вид

$$(a_n s^n + a_{n-1} s^{n-1} + \dots + a_1 s + a_0) Y(s) = (b_m s^m + b_{m-1} s^{m-1} + \dots + b_1 s + b_0) X(s) \quad (2)$$

Однородное уравнение

$$a_n s^n + a_{n-1} s^{n-1} + \dots + a_1 s + a_0 = 0 \quad (3)$$

называют характеристическим полиномом системы. Практически во многих системах требуется поддержание выходных (регулируемых) величин постоянными или их изменения по заранее заданной программе. Несмотря на существование нескольких методов исследования систем управления (частотных, алгебраических и других), методы Ляпунова является фундаментальными и перспективными [11,12].

Исследование линейной системы. Уравнение (1) называется уравнением невозмущенного движения, описывающего поведение системы при отсутствии влияния на нее непредвиденных возмущающих факторов, порождающих отклонения управляемой величины от ее заданного (желаемого) значения. При эксплуатации систем автоматического управления часто встречаются случаи, когда уравнение невозмущенного движения (1) имеет вид, называемый критическим случаем [13]:

$$a_3 \frac{d^6 y(t)}{dt^6} + a_2 \frac{d^4 y(t)}{dt^4} + a_1 \frac{d^2 y(t)}{dt^2} + a_0 y(t) =$$

$$= b_m \frac{d^m x(t)}{dt^m} + b_{m-1} \frac{d^{m-1} x(t)}{dt^{m-1}} + \dots + b_1 \frac{dx(t)}{dt} + b_0 x(t), \quad (m < 6) \quad (4)$$

Поскольку поведение системы определяется характером изменения управляемой величины $y(t)$, то в уравнении (4) отбрасывая правую часть, левую часть перепишем в следующем виде:

$$\frac{d^6 y}{dt^6} + a \frac{d^4 y}{dt^4} + b \frac{d^2 y}{dt^2} + cy = 0. \quad (5)$$

Исследование системы на устойчивость по Ляпунову заключается в том, что в некоторый начальный момент времени управляемая величина $y(t)$ под действием возмущений принимает малое отклонение z выходной величины $y(t)$ от ее заданного (желаемого) значения. Далее подставляя $y(t)+z$ вместо $y(t)$ в уравнении (5), получим дифференциальное уравнение относительно малого отклонения z , называемое дифференциальным уравнением возмущённого движения системы управления

$$\frac{d^6 z}{dt^6} + a \frac{d^4 z}{dt^4} + b \frac{d^2 z}{dt^2} + c = 0, \quad (6)$$

где z называется возмущением. Из последнего уравнения получим характеристическое уравнение системы в виде

$$\lambda^6 + a\lambda^4 + b\lambda^2 + c = 0 \quad (7)$$

которое представляет собой бикубическое уравнение относительно λ . Введя промежуточное обозначение $\chi = \lambda^2$, уравнение (7) перепишем в виде

$$\chi^3 + a\chi^2 + b\chi + c = 0, \quad (8)$$

которое подстановкой $\chi = \xi - a/3$ приводится к виду

$$\xi^3 + p\xi + q = 0, \quad (9)$$

где
$$p = -\frac{a^2}{3} + b, \quad q = 2\left(\frac{a}{3}\right)^3 - \frac{ab}{3} + c. \quad (10)$$

Уравнение (8) имеет три различных действительных корня, если

$$Q = \frac{p^3}{27} + \frac{q^2}{4} < 0 \quad (11)$$

Следовательно при выполнении условия (11) и уравнение (9) будет иметь три различных действительных корня. Исходная система автоматического управления может быть устойчивой только тогда, когда корни характеристического уравнения (7) будут чисто мнимыми [4]. А это возможно лишь в том случае, если корни бикубического уравнения (9) относительно λ^2 будут действительными и отрицательными [14]. Для этого воспользуемся критерием Рауса-Гурвица [10]: если главные диагональные миноры определителя

$$\Delta = \begin{vmatrix} a & c & 0 \\ 1 & b & 0 \\ 0 & a & c \end{vmatrix} \quad (12)$$

положительны, то все корни уравнения имеют отрицательные вещественные части, т.е. при выполнении следующих неравенств

$$a > 0, \quad ab - c > 0, \quad c(ab - c) > 0. \quad (13)$$

Если использовать критерий (13) Рауса-Гурвица вместе с требованием отрицательности Q , то получим необходимые условия устойчивости исследуемой системы автоматического управления в виде

$$\begin{cases} a > 0, & ab - c > 0, & c(ab - c) > 0, \\ \frac{1}{27} \left(-\frac{a^2}{3} + b \right)^3 + \frac{1}{4} \left[\frac{2a^3}{27} - \frac{ab}{3} + c \right]^2 < 0 \end{cases} \quad (14)$$

Таким образом, если условия (14) будут выполнены, то корни характеристического уравнения (7) будут чисто мнимыми, следовательно, исследуемая система автоматического управления устойчива в линейном приближении [14].

Анализ нелинейной системы. Предположим, что у системы автоматического управления отклонения выходной величины от своих заданных значений представлены в виде следующих дифференциальных уравнений возмущенного движения:

$$\begin{cases} \dot{x}_1 = \varphi_1(x_1) + b_1 x_2 \\ \dot{x}_2 = a_2 x_1 + b_2 x_2, \end{cases} \quad (15)$$

где x_1, x_2 – отклонения выходной и входной x величин от своих заданных значений, $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3$ – нелинейная функция переменной x_1 , a_1 – переменный коэффициент, а коэффициенты a_2, b_1 и b_2 – переменные. Как видно, что система (15) является нелинейной, так как функция $\varphi_1(x_1)$ содержит нелинейный член. Рассмотрим теперь исходную полную систему с учетом нелинейных членов в правой части. Для получения ответа на вопрос об устойчивости системы применим второй метод Ляпунова. Для этого выберем функцию Ляпунова в виде

$$\begin{aligned} V &= b_2 \int_0^x \varphi_1(x_1) dx + (b_2^2 - a_2 b_1) x_1^2 - 2b_1 b_2 x_1 x_2 + b_1 x_2^2 \\ &= b_2 \int_0^x [a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3] dx + (b_2^2 - b_1 a_2) x_1^2 - 2b_1 b_2 x_1 x_2 + b_1^2 x_2^2 \end{aligned}$$

Подобная задача была рассмотрена М.А. Айзерманом [15], в которой в качестве нелинейного члена была выбрана функция $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1$, где предполагается, что выполняется неравенство

$$a_1(x_1)b_2 - b_1 a_2 > \varepsilon \text{ для } |x_1| > \xi, \quad (20)$$

при $|x_1| > \xi$, где ξ – достаточно большое число, и используя второй метод Ляпунова доказывается асимптотическая устойчивость. К этому результату можно прийти с

помощью критериев устойчивости по первому приближению для достаточно малых значений x_1 и x_2 .

Рассмотрим полные уравнения возмущенного движения системы автоматического регулирования с учетом нелинейного элемента, моделируемого кубическим членом $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3$ в правой части исходной системы (15).

Предположим, что параметры системы удовлетворяют условиям

$$b_2 - a_2 b_1 > 0, \quad a_1 = -b_2, \quad (21)$$

которые соответствуют случаю, когда корни характеристического уравнения чисто мнимые. Этот случай в теории устойчивости называется критическим. Для решения вопроса об устойчивости рассматриваемой системы выберем знакоопределенную функцию Ляпунова[6] в виде

$$V = \int_0^x b_2 \varphi_1(x_1) dx_1 + \frac{1}{2} [(b_2^2 - b_1 a_2) x_1^2 - 2b_1 b_2 x_1 x_2 + b_1^2 x_2^2], \quad (22)$$

производная которой по времени в силу управлений возмущенного движения системы имеет следующий вид

$$\dot{V} = b_2 \varphi_1^2(x_1) + (b_2^2 - a_2 b_1)(a_1 x_1 + \gamma x_1^3) x_1 - a_2 b_1 b_2 x_1^2 \quad (23)$$

Подставляя значение функции $\varphi(x_1) = a_1 x_1 + \gamma x_1^3$ в (23), получим

$$\dot{V} = b_2 (a_1^2 + 2a_1 \gamma x_1^2 + \gamma^2 x_1^4) x_1^2 + b_2 (a_1 + \gamma x_1^2) x_1^2 - \gamma a_2 b_1 x_1^4, \quad (24)$$

которая, как нетрудно заметить, является знакопостоянной функцией для $b_2 > 0$ (так по условию (21) $a_1 = -b_2$, то можно принять $a_1 > 0$, $b_2 < 0$). Следовательно исследуемая система будет устойчива не только при достаточно малых значениях, но и для относительно больших значений x_1 , соответствующих отклонению регулируемой величины от своих заданных значений.

Заключение. Исследована устойчивость линеаризованной системы управления шестого порядка, характеристическое уравнение которой является бикубическим. Получены условия вещественности квадрата корней характеристического уравнения. Совместно используя эти условия и критерий Рауса-Гурвица, обеспечивающий условия отрицательности действительных частей характеристического уравнения, получены необходимые условия устойчивости системы. Рассмотрена система управления с переменными коэффициентами и нелинейным элементом, моделируемым кубическим членом, корни характеристического уравнения которой чисто мнимые. Прямым методом Ляпунова доказана устойчивость нелинейной системы не только при достаточно малых значениях, но и для относительно больших значений отклонений регулируемой величины от их заданных значений.

Литература:

1. Бесекерский В.А., Попов Е.П. Теория систем автоматического управления. Москва.: Профессия. – 2003. 752 с.
2. Юревич, Е.И. Теория автоматического управления. 4-е изд., пер. и доп. / Е.И. Юревич. – СПб.: ВНУ, 2016. – 560 с.
3. Власов, К.П. Теория автоматического управления. Основные положения. Примеры расчета. Харьков: Гуман. Центр, 2013. – 544 с.
4. Дорф Р., Бишов Р. Современные системы управления. Перевод с английского Б.И.Копылова. – М.: Лаборатория базовых знаний, 2002. – 832 с.

5. Ротач В.Я. Теория автоматического управления / Учебник для вузов. – М.: МЭИ, 2006. – 256 с.
6. Малкин И. Г. Теория устойчивости движения. М., Главная редакция физико-математической литературы. 1966. – 532 с.
7. Барбашин Е.А. Введение в теорию устойчивости. М.: Наука, 1967. – 223с.
8. Гелиг А.Х., Леонов Г.А., Якубович В.А. Устойчивость нелинейных систем с неединственным состоянием равновесия. Москва. «Наука». 1978 г.
9. Поляк Б.Т., Хлебников М.В., Рапопорт Л.Б. Математическая теория автоматического управления. М.: ЛЕНАНД, 2019. – 500с.
10. Меркин Д.Р., Бауэр С.М., Смирнов А.Л., Смольников Б.А. Теория устойчивости в примерах и задачах. М.; Ижевск: НИЦ "Регулярная и хаотическая динамика", 2007. – 208 с.
11. Барбашин Е.А. Функции Ляпунова. М.: Наука, 1970. – 240 с.
12. Теория автоматического управления. Под ред. Члена-корреспондента РАН Соломенцева Ю.М., Москва, «Высшая школа», 2000. – 365 с.
13. Ощепков, А.Ю. Системы автоматического управления: теория, применение, моделирование в MATLAB: – СПб.: Лань, 2013. – 208 с.
14. Турешбаев А.Т. Об устойчивости компланарных точек либрации фотогравитационной задачи трёх тел // Письма в Астрон. Журнал АН СССР, 1986, Т.66, С.722-725.
15. Айзерман, М.А. Теория автоматического регулирования. – Изд. 3-е, перераб. и доп. – М.: Наука, Гл. ред. физ.-мат. лит., 1966. – 452 с.

References

1. Besekerskiy V.A, Popov E.P. Teoriya sistem avtomaticheskogo upravleniya. Moskva.: Professiya. – 2003. 752 s.
2. YUrevich, E.I. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya. 4-e izd., per. i dop. / E.I. YUrevich. – SPb.: BHV, 2016. – 560 с.
3. Vlasov, K.P. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya. Osnovnye polozheniya. Primery rascheta. Har'kov: Guman. Centr, 2013. – 544 с.
4. Dorf R., Bishov R. Sovremennye sistemy upravleniya. Perevod s anglijskogo B.I.Kopylova. – M.,: Laboratoriya bazovyh znaniy, 2002. – 832 s.
5. Rotach V.YA. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya / Uchebnik dlya vuzov. – M.: MEI, 2006. – 256 с.
6. Malkin I. G. Teoriya ustojchivosti dvizheniya. M., Glavnaya redakciya fiziko-matematicheskoy literatury. 1966. – 532 s.
7. Barbashin E.A. Vvedenie v teoriyu ustojchivosti. M.: Nauka, 1967. – 223с.
8. Gelig A.H., Leonov G.A., YAkubovich V.A. Ustojchivost' nelinejnyh sistem s needinstvennym sostoyaniem ravnovesiya. Moskva. «Nauka». 1978 g.
9. Polyak B.T., Hlebnikov M.V., Rapoport L.B. Matematicheskaya teoriya avtomaticheskogo upravleniya. M.: LENAND, 2019. – 500s.
10. Merkin D.R., Bauer S.M., Smirnov A.L., Smol'nikov B.A. Teoriya ustojchivosti v primerah i zadachah. M.; Izhevsk: NIC "Regulyarnaya i haoticheskaya dinamika", 2007.-208 s.
11. Barbashin E.A. Funkcii Lyapunova. M.: Nauka, 1970. – 240 с.
12. Teoriya avtomaticheskogo upravleniya. Pod red. CHlena-korrespondenta RAN Solomenceva YU.M., Moskva, «Vysshaya shkola», 2000. – 365 s.
13. Oshchepkov, A.YU. Sistemy avtomaticheskogo upravleniya: teoriya, primeneniye, modelirovaniye v MATLAB: – SPb.: Lan', 2013. – 208 с.
14. Tureshbaev A.T. Ob ustojchivosti komplanarnykh tochek libracii fotogravitatsionnoy zadachi tryokh tel // Pis'ma v Astron. ZHurnal AN SSSR, 1986, T.66, S.722-725.
15. Ajzerman, M.A. Teoriya avtomaticheskogo regulirovaniya. – Izd. 3-e, pererab. i dop. – M.: Nauka, Gl. red. fiz.-mat. lit., 1966. – 452 s.

**МІНЕЗДЕМЕЛІК ТЕНДЕУЛЕРІ ТАЗА ЖОРАМАЛ БОЛАТЫН АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ
ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚҚА ЗЕРТТЕУ**

Турешбаев А.Т., физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Дюйсенбаева Т.Н., математика магистрі, аға оқытушы
Бексентова А.Б., техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Андатпа. Сызықтық алтыншы ретті дифференциалдық теңдеумен сипатталатын автоматты басқару жүйесі қарастырылады. Сонымен қатар айнымалы коэффициенттері және сызықты емес элементі бар жүйе зерттеледі. Ауытқу қозғалысының бикубтық теңдеуін аралық айнымалы енгізу арқылы кубтық теңдеуге келтіріледі. Келтірілген кубтық теңдеудің нақты үш түбірі болатын шарттары алынды. Раус-Гурвиц критерийін пайдалана отырып, кубтық теңдеу түбірлерінің теріс болуының шарттары анықталып, зерттеп отырған жүйенің орнықтылығының қажетті шарттары алынды. Бұл жағдайда сипаттамалық теңдеудің түбірлері таза жорамал болатындығы белгілі. Бейсызықты жүйенің оң жағында $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3$ кубтық мүшесімен модельделетін сызықтық емес элементін ескере отырып, автоматты реттеу жүйесінің ауытқу қозғалысының теңдеулері қарастырылады. Жүйенің параметрлері сипаттамалық теңдеуінің түбірлері таза жорамал жағдайға сәйкес келетін шарттарды қанағаттандыратын жағдайды қарастырылады. Орнықтылық теориясындағы бұл жағдай критикалық жағдай деп аталады. Осы бейсызықты жүйені орнықтылыққа зерттеу үшін Ляпуновтың таңбасы анықталған функциясын құрамыз. Бұл функцияның уақыт бойынша ауытқу қозғалысының теңдеулерін ескере анықталған туындыды теңдеу коэффициенттерінің кейбір мәндері үшін таңбасы тұрақты функция болып шықты. Демек, зерттеліп отырған жүйе тек өте кіші мәндерде ғана емес, сонымен қатар x_1 ауытқудың салыстырмалы үлкен мәндер үшін де орнықты болатындығы анықталды.

Кілт сөздер: басқару, ауытқу тудырушы, сызықтық емес, Ляпунов әдісі, орнықтылық, жорамал түбірлер, сыни, мінездемелік теңдеу.

STUDY OF STABILITY OF AUTOMATIC CONTROL SYSTEMS IN CRITICAL CASE OF PURE IMAGINATED ROOTS OF CHARACTERISTIC EQUATION

Tureshbaev A.T., candidate of physical and mathematical sciences, associate professor
Dyussenbayeva T.N., master of Mathematics, Senior Lecturer
Bexseitova A.B., master of Engineering, Senior Lecturer
Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan

Annotation. We consider a linear automatic control system, which is described by a sixth-order differential equation, as well as a system with variable coefficients and a nonlinear element. The characteristic equation of a linear system is a bicubic equation, which is reduced to a cubic equation by the introduction of an intermediate variable. Conditions are obtained under which the last equation will have three different real roots. Using the Raus-Hurwitz criterion together with the requirement to fulfill the negativity of the roots of the cubic equation, the necessary stability conditions of the initial system are obtained. Note that the roots of the characteristic equation in this case are purely imaginary. The equations of perturbed motion of the automatic control system are considered, taking into account the nonlinear element modeled by the cubic term $\varphi_1(x_1) = a_1(x_1)x_1 + \gamma x_1^3$ on the right side of the source system. Let's assume that the system parameters satisfy the conditions that correspond to the case when the roots of the characteristic equation of a nonlinear system are purely imaginary. This case is called critical in stability theory. To solve the problem of stability of the system under consideration, a sign-defined Lyapunov function is chosen. The time derivative of this function due to the equations of perturbed motion of the system turned out to be sign-constant for certain values of coefficients. Therefore, the system will be stable not only for sufficiently small values, but also for relatively large values of x_1 , corresponding to the deviation of the specified value from their set values.

Keywords: control, perturbation, nonlinearity, Lyapunov method, stability, imaginary roots, critical, characteristic equation.

FTAXP 83.77.23

БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Жалбырова Ж.Т., экономика ғылымдарының кандидаты
jainagan_1975@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4183-4728>

Шильманова А.М., экономика ғылымдарының кандидаты
altynsh@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8376-1275>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Шешім қабылдау - бұл қолда бар нұсқалар немесе баламалар ішінен ең қолайлысын таңдау. Қабылданған шешім бүкіл ұжымның, әрбір қызметкердің экономикалық және әлеуметтік нәтижелеріне оң немесе теріс әсер етеді. Мақалада көпкритерийлі шешім қабылдау есебінің толық анықталғандық жағдайындағы тиімді жолдары нақты мысал негізінде көрсетілген. Зерттелетін құбылыстар немесе процестердің математикалық модельдері, элементтері жүйенің қызмет жасау тиімділігінің жеке критерийлерінің мәндері болып келетін кесте түрінде беріледі. Бірнеше критерий бойынша оптималды шешімді таңдаудың көпкритериялы есебін шешу әдістері, яғни аддитивті оптимизация әдісі мен көпмақсатты оптимизация әдістері кеңінен қарастырылған. Әр әдістер нақты мысалдар негізінде тиімділік критерийлері есептелінген. Көпкритерийлі есептердің басқа маңызды мүмкін шешімдерінің бірі болып тізбектеп орын беру әдісінің технологиясы ұсынылады.

Кілт сөздер: оптималды тиімділік критерийі, шешім қабылдау, модель, модельдеу, оптималдау, басқару.

Кіріспе: Шешім қабылдау басқару қызметінің міндетті бөлігі болып табылады. Әрбір басшының кез-келген әрекеті қандайда бір шешім қабылдаудан басталып, кәсіпорын қызметінің нәтижелері оның дұрыс әрі уақытылы қабылдануына, жүзеге асыра білу қабілетіне байланысты болып, ал оның жеделдігі мен дұрыстығы басшы тәжірибесі мен біліміне байланысты. Басшы жете ойластырып, жоқ мәліметтерді толықтыра білуі, дұрыс қорытынды жасап, соның негізінде жағдайға сәйкес келетін шешім қабылдауы тиіс.

Шешім қабылдау - бұл қолда бар нұсқалар немесе баламалар ішінен ең қолайлысын таңдау. Маңызды ұйымдық шешім қабылдау үшін жауапкершілік басқарудың жоғары деңгейлерінде айқын көрінетін ауыртпалық болып табылады. Қабылданған шешім бүкіл ұжымның, әрбір қызметкердің экономикалық және әлеуметтік нәтижелеріне оң немесе теріс әсер етеді. Сондықтан да шешім қабылдаған адам үлкен жауапкершілік тартады.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Зерттелетін құбылыстар немесе процестердің математикалық модельдері элементтері жүйенің қызмет жасау тиімділігінің жеке критерийлерінің мәндері болып келетін кесте түрінде беріледі. Элементтері әрқайсысына сыртқы жағдайда салыстырылатын стратегиялардан есептеледі. Қарастырылатын шарттар үшін шешім қабылдау:

- бір критерий бойынша;
- бірнеше критерий бойынша.

Мысалы, қандай да бір фирмаға жаңа өндірісті өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін оптималды стратегия таңдау қажет. Тәжірибелі бақылаулар көмегімен 3 өндіруші зауыт өндіретін әр сәйкесті құралдың (a_{ij}) жеке критерийлерінің мәні анықталады.

Толық анықталғандық жағдайында оптималды стратегияны таңдау үшін келесі мәліметтерді қарастырайық (1-ші кесте):

Сараптық бағалаулар негізінде жеке критерийлердің λ_j ; $j = \overline{1,4}$ үлесі анықталады:

$$\lambda_1 = 0,4; \lambda_2 = 0,2; \lambda_3 = 0,1; \lambda_4 = 0,3$$

Бір критерий бойынша оптималды стратегияны есептеу еш қиындық тудырмайды. Мысалы, егер құралды сенімділігі бойынша бағаласақ, онда ең жақсысы болып 1 зауыт табылады (стратегия x_1).

Кесте 1. Жеке критерийлердің мәндері

Құрал-жабдықтар варианттары (стратегиялар, шешімдер)	Құрал-жабдықтарының тиімділігінің жеке критерийлері			
	Өнімділік, құрал-жабдықтарының бірлік құны			
1-зауыттың өндіріс құрал-жабдықтары, x_1	$a_{11}=5$	$a_{11}=7$	$a_{11}=5$	$a_{11}=6$
2-зауыттың өндіріс құрал-жабдықтары, x_2	$a_{21}=3$	$a_{21}=4$	$a_{21}=7$	$a_{21}=3$
3-зауыттың өндіріс құрал-жабдықтары, x_3	$a_{31}=4$	$a_{31}=6$	$a_{31}=2$	$a_{31}=4$

Бірнеше критерий бойынша оптималды шешімді таңдау – көпкритериялы есеп болып табылады. Басқарудың көпкритериялы есебін шешуге бір тәсілі $F_i (a_{i1} ; a_{i2} ; a_{i3} \dots a_{in})$ функциясын құру мен $a_{i1}; a_{i2}; a_{i3} \dots a_{in}$ критерияларында. Олардың бірнеше түрі бар:

-аддитивті оптимизация әдісі;

-көпмақсатты оптимизация әдісі және т.б.

Аддитивті оптимизация әдісін толығырақ қарастырайық. Айталық

$$F_i(a_{i1}) = \sum_{j=1}^n \lambda_j a_{ij} \quad (1)$$

$\lambda_j - j$ – критерияның басқа критериялармен салыстырғанда қалау дәрежесінің сандық формасын анықтайтын үлес коэффициенттері. Басқаша айтқанда λ_j коэффициенті j -ші критерийдің оптималдылығының маңыздылығын анықтайды. Оның ішінде негұрлым маңызды критерийге үлкен үлес беріліп, барлық критерийлердің жалпы маңыздылығы 1-ге тең.

$$\sum_{j=1}^n \lambda_j = 1, \lambda_j \geq 0, n \quad (2)$$

Мақсаттың жалпы функциясы оптималдылықтың жеке критерияларын жинақтауға қолданылады, егер:

- жеке критерийлер сандық түрде маңыздылығы бойынша өлшенетін болса, яғни әрқайсысына қайсыбір λ сәйкес қоюымызға болады, ал ол басқа критерийге қатынасының маңыздылығын есептейді.

- Жеке критерийлер біртекті (бірдей өлшемге ие).

Бұл жағдайда көпкритериялы оптимизациялық есепті шешу үшін оптималдылықтың аддитивті критерийін қолданған тиімді.

Айталық, мысалымыздағы 2 біртекті локальды критерий бойынша оптималды вариантты таңдайық: өнімділік және құрал-жабдық құны (ақш.бірлік)

Сараптық бағалаулар негізінде осы екі критерийдің үлес коэффициенттері анықталды:

$\lambda_1 = 0,667; \lambda_2 = 0,333$. Үш вариант үшін оптималдылықтың аддитивті критерийін есептейік:

$$F_1(a_{1j}) = \lambda_1 * a_{11} + \lambda_2 * a_{12} = 0,667 * 5 + 0,333 * 7 = 5,666$$

$$F_2(a_{2j}) = \lambda_1 * a_{21} + \lambda_2 * a_{22} = 0,667 * 3 + 0,333 * 3 = 3,333$$

$$F_3(a_{3j}) = \lambda_1 * a_{31} + \lambda_2 * a_{32} = 0,667 * 4 + 0,333 * 6 = 4,666$$

Мұның ішінде бірінші вариант оптималды, өйткені $F_{\max} = F_1(a_{1j}) = 5,666$. Біздің мысалымызда 4 локалды критерий біртекті емес, яғни әртүрлі өлшем бірліктері бар. Бұл жағдайда критерийлерді нормалдау қажет.

Нормалдау деп – барлық критерийлер бір ортақ өлшеусіз өлшем бірлігіне келтірілетін әрекеттер тізбегі.

Әр критерийдің максимум, минимумын анықтайық:

$$a_j^+ = \max a_{ij}; \quad i = \overline{1, m} \quad (3)$$

$$a_j^- = \min a_{ij}; \quad i = \overline{1, m} \quad (4)$$

a_j критерийлердің тобын белгілейік $j = \overline{1, l}$ есеп шешу нәтижесінде максималанады және $j = \overline{l+1, n}$, a_j критерийлер тобын минималдайық.

Сонда максималды тиімділік принципіне сәйкес нормалданған критерийлер келесі қатынастан анықталады:

$$\overline{a_{ij}} = \frac{a_{ij}}{a_j^+} \quad j = \overline{1, l}; \quad \overline{a_{ij}} = \frac{a_{ij} - a_j^-}{a_j^+ - a_j^-} \quad j = \overline{1, l} \quad (5)$$

немесе

$$\overline{a_{ij}} = 1 - \frac{a_{ij}}{a_j^+} \quad j = \overline{l+1, n} \quad \overline{a_{ij}} = \frac{a_j^+ - \overline{a_j}}{a_j^+ - a_j^-} \quad j = \overline{l+1, n} \quad (6)$$

Мақсат функцияның максималды мәнін қамтамасыз ететін вариант оптималды болып табылады:

$$F = \sum_{j=1}^n \lambda_j * \overline{a_{ij}}; \quad i = \overline{1, m} \quad (7)$$

Минималды жоғалту принципіне сәйкес нормалданған критерий келесі қатынастан есептеледі:

$$\overline{a_{ij}} = 1 - \frac{a_{ij}}{a_j^+}; \quad j = \overline{1, l};$$

немесе

$$\overline{a_{ij}} = \frac{a_j^+ - \overline{a_j}}{a_j^+ - a_j^-}; \quad j = \overline{1, l}; \quad (8)$$

$$\overline{a_{ij}} = \frac{a_{ij}}{a_j^+}; \quad j = \overline{l+1, n}$$

$$\overline{a_{ij}} = \frac{a_{ij} - a_j^-}{a_j^+ - a_j^-}; \quad j = \overline{l+1, n} \quad (9)$$

Алдыңғы мысалдың мәліметтерін пайдалана отырып 3 мүмкін құралдардың 4 локалды критерийлерін ескере отырып оптималдылығын анықтайық ($n=4$):

Әр локалды критерийлердің максимум және минимум мәнін есептейміз:

$$a_1^+ = 5; a_2^+ = 7; a_3^+ = 7; a_4^+ = 6$$

Зерттеу нәтижелері және талдау.

1) Есеп шешімінен бірінші және төртінші критерий минималданады, ал екінші және үшінші критерий максималданады.

2) Тиімділікті максималдау принципінен, критерийді нормалдаймыз:

$$\overline{a_{i1}} = \frac{a_{i1}}{a_1^+}; \quad \overline{a_{i1}} = \frac{a_{i1}}{a_1^+} = \frac{5}{5} = 1;$$

$$\overline{a_{21}} = \frac{a_{21}}{a_1^+} = \frac{3}{5} = 0,6; \quad \overline{a_{31}} = \frac{a_{31}}{a_1^+} = \frac{4}{5} = 0,8$$

$$\overline{a_{14}} = \frac{a_{14}}{a_4^+}; \quad \overline{a_{14}} = \frac{6}{6} = 1$$

$$\overline{a_{241}} = \frac{a_{24}}{a_4^+} = \frac{3}{6} = 0,5;$$

$$\overline{a_{34}} = \frac{a_{34}}{a_4^+} = \frac{4}{6} = \frac{2}{3}; \quad \overline{a_{i2}} = 1 - \frac{a_{i2}}{a_2^+};$$

$$\overline{a_{i2}} = 1 - \frac{a_{i2}}{a_2^+} = 1 - \frac{7}{7} = 0; \quad \overline{a_{22}} = 1 - \frac{a_{22}}{a_2^+} = 1 - \frac{4}{7} = \frac{3}{7}$$

$$\overline{a_{32}} = 1 - \frac{a_{32}}{a_2^+} = 1 - \frac{6}{7} = \frac{1}{7};$$

$$\overline{a_{i3}} = 1 - \frac{a_{i3}}{a_3^+}; \quad \overline{a_{13}} = 1 - \frac{a_{13}}{a_3^+} = 1 - \frac{5}{7} = \frac{2}{7}$$

$$\overline{a_{23}} = 1 - \frac{a_{23}}{a_3^+} = 1 - \frac{7}{7} = 0; \quad \overline{a_{33}} = 1 - \frac{a_{33}}{a_3^+} = 1 - \frac{2}{7} = \frac{5}{7}$$

3) Вариант бойынша жалпы формуланы есептесек:

$$F_1 = \lambda_1 * \overline{a_{11}} + \lambda_2 * \overline{a_{12}} + \lambda_3 * \overline{a_{13}} + \lambda_4 * \overline{a_{14}} = 0,4 * 1 + 0,2 * 0 + 0,1 * \frac{2}{7} + 0,3 * 1 \approx 0,729$$

$$F_2 = \lambda_1 * \overline{a_{21}} + \lambda_2 * \overline{a_{22}} + \lambda_3 * \overline{a_{23}} + \lambda_4 * \overline{a_{24}} = 0,4 * 0,6 + 0,2 * \frac{3}{7} + 0,1 * 0 + 0,3 * 0,5 \approx 0,476$$

$$F_3 = \lambda_1 * \overline{a_{31}} + \lambda_2 * \overline{a_{32}} + \lambda_3 * \overline{a_{33}} + \lambda_4 * \overline{a_{34}} = 0,4 * 0,8 + 0,2 * \frac{1}{7} + 0,1 * \frac{5}{7} + 0,3 * \frac{2}{3} \approx 0,603$$

Оптималды болып $F_{\max} = F_1 = 0,729$ мән беріп 1 вариант жатады.

Көпкритерийлі есептердің басқа маңызды мүмкін шешімдерінің бірі болып тізбектеп орын беру әдісі болып табылады. Алдымен критерийлер маңыздылығының төмендеуі бойынша ранжирленіп, нөмірленеді. Маңыздылық коэффициентінің абсолютті мәні бұл кезеңде ешқандай еленбейді. Маңыздылығы бойынша бірінші a_1 критерий бойынша оптималданып, оның экстремум мәні анықталады. Содан соң критерийдің оптималды мәннен ауытқу деңгейі белгіленіп, екінші критерийдің экстремум мәні анықталады. Осылайша көпкритериялы есептерді алмастыруға келеді.

Көп жағдайда басқару шешімдері тәуекелділік жағдайында шешім қабылдауға тура келеді. Тәуекелділікті өлшеу үшін статистикалық және эксперттік әдістер кеңінен қолданылады. Статистикалық әдісте зерттелінді мәселе бойынша статистикалық жоғалтулар зерттеледі. Мұнда қайтарым ықтималдылығы бекітіледі және тәуекелділіктің орташа болжамы жасалады. Тәуекелді өлшеудің статистикалық әдісі мәліметтердің едәуір көлемін талап етеді. Анықталмағандық экономикалық объектінің дамуы не қызмет етуі туралы басқарушылық шешім қабылданатын сыртқы орта (табиғат) сипаттамасы болып саналады. Сыртқы орта («табиғат») мүмкін болатын күйлер жиындарының біреуінде болуы мүмкін. Бұл жиын шекті де, шексіз де болуы мүмкін. Күй жиыны шекті немесе күй санын нөмірлеуге болады деп есептейік. Сонда S_i – «табиғат» күйі болсын, мұндағы $i = \overline{1, n}$, n - мүмкін болатын күйлер саны. Барлық мүмкін болатын күй белгілі, тек қандай күй жағдайында қабылданған басқарушылық шешімді жүзеге асыру жоспарланатыны белгісіз. Осы өлшем ретінде қабылданған шешім (жоспар) нәтижесіндегі ұтыстарды; қабылданған шешім негізіндегі шығындарды, сондай-ақ пайдалылық, тәуекелдік және басқа сандық критерийлерді алуға болады.

Анықталмағандық жағдайында шешім қабылдауға қажетті берілгендерді әдетте матрица түрінде береді, матрица қатарлары R_j мүмкін әрекеттерге басқарушылық шешімдер сәйкес келеді, ал бағандары S_i «табиғаттың» мүмкін күйлеріне сәйкес келеді. Анықталмағандық жағдайында шешім қабылдау үшін бірнеше критерийлер қолданылады. Олардың кейбірін қарастырайық. Олар Лаплас критерийі, Вальд критерийі, Сэвидж критерийі, Гурвиц критерийі.

Лаплас критерийі Лапластың «негіздің жеткіліксіздігі принципіне» сүйенеді, бұл принцип бойынша S_i «табиғатының» барлық күйлерінің $i = \overline{1, n}$ ықтималдығы тең болады.

Әрбір R_j әрекеті үшін шешім қабылдау мақсатында ұтыстың арифметикалық орташа мәні анықталады:

$$M_j(R) = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n V_{ji} \quad (10)$$

$M_j(R)$ ішінен R_j оптималды стратегияға сәйкес келетін максималды мәні таңдалынады.

Вальд критерийі - минимаксты немесе максиминді критерий түрі болып аталады. Бұл критерийді қолдану S_i күйінің ықтималдығын білуді талап етпейді. Бұл принцип R_j ең нашар стратегиялар ішінен ең жақсысын таңдауға негізделетін болғандықтан аса үлкен сақтық принципіне сүйенеді. Егер бастапқы матрицада (есеп шарты бойынша) V_{ji} нәтижесі шешім қабылдаушы тұлғаға жоғалтуды көрсететін болса, онда оптималды стратегияны таңдауда минимаксты критерий қолданылады. R_j оптималды стратегияны анықтау үшін нәтижелер матрицасының әрбір қатарынан ең үлкен элементті табу керек, содан кейін осы ең үлкен элементтер ішінен R_j әрекетке (j қатары) сәйкес келетін ең кіші элемент таңдалынады. Егер есеп шарты бойынша бастапқы матрица нәтижесі V_{ji} шешім қабылдаған тұлға ұтысы (пайдалылығы) болса, онда оптималды стратегияны таңдауда максиминді критерий қолданады. R_j оптималды стратегияны анықтау үшін нәтижелер матрицасының әрбір қатарынан ең кіші элементті табады, содан соң осы ең кіші элементтер ішінен R_j әрекетіне сәйкес келетін (j қатары) ең үлкен элемент таңдалынады. Вальдтың минимаксты критерийі кейбір жағдайларда өзінің аса «пессимистік» көзқарасы себебінен логикадан тыс нәтижелер беруі мүмкін. Бұл критерийдің «пессимистігін» Сэвидж критерийі түзейді.

Сэвидж критерийі $\|r_{ji}\|$ тәуекелдік матрицасын пайдаланады. Берілген матрица элементтерін келесі түрде есептейміз:

$$r_{ji} = \begin{cases} \max_j \{V_{ji}\} - V_{ji}, & \text{егер } V - \text{ұтыс} \\ V_{ji} - \min_j \{V_{ji}\} & \text{егер } V - \text{шығын} \end{cases} \quad (11)$$

Қорытынды. Бұл r_{ji} -дің i бағанындағы ең жақсы мән мен сол i бағанындағы V_{ji} мәндерінің айырмасы екендігін білдіреді. V_{ji} ұтыс болған жағдайда да, шығын болған жағдай да r_{ji} шешім қабылдаушының шығыны шамасын көрсететінін ескереміз. Олай болса, r_{ji} -ге тек минимаксті критерийді қолдануға болады. Сэвидж критерийі анықталмағандық жағдайындағы ең қолайсыз оқиға (тәуекелдік максималды болғанда) кезінде тәуекелдік шамасы ең кіші мәнге ие болатын R_j стратегиясын таңдауды ұсынады. Сэвидж критерийін қолдану кез келген жолдармен (тәсілдермен) үлкен тәуекелдікті қажет етпейтін стратегияны таңдауға мүмкіндік береді, ал бұл үлкен көлемді шығынды болдырмайды.

Келесі критерий Гурвиц критерийі екі болжамға негізделген: «табиғат» ықтималдығы $(1-\alpha)$ болатын ең тиімсіз күйде болуы мүмкін және ықтималдығы α болатын ең тиімді күйде болуы мүмкін, мұндағы α - сенім коэффициенті. Егер V_{ji} нәтижесі – табыс, пайдалылық, кіріс және т.с.с болса, онда Гурвиц критерийі мына түрде жазылады:

$$W = \max_j \left[\alpha \max_i V_{ji} + (1 - \alpha) \min_i V_{ji} \right] \quad (12)$$

V_{ji} шығындарды сипаттайтын болса, онда келесі өрнекті беретін әрекетті таңдайды:

$$W_{\min} = \min_j \left[\alpha \min_i V_{ji} + (1 - \alpha) \max_i V_{ji} \right] \quad (13)$$

Гурвиц критерийі ең шеткі пессимистік және ең шеткі оптимистік жағдайлар арасында (тепе-теңдік) теңгерім орнатады, ол екі тәсілді де сәйкесті түрде $(1-\alpha)$ және α таразылары көмегімен салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. Большаков А.С. Моделирование в менеджменте. Учебное пособие. – М.:Изд. «Филинъ», Рилант, 2000.– 464с.
2. Бережная Е.В., Бережной В.И. Математические методы моделирования экономических систем. – М.:ФиС. –2002.–367с.
3. Сапарбаев Ә.Ж., Мақұлова А.Т. Экономикалық-математикалық әдістер мен модельдер: Оқулық. – Алматы: Бастау, 2007. – 358 б.
4. Сұлтанов М.А. Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері: Оқулық. – Алматы, 2014. – 299 б.
5. Математические модели динамики экономических систем: монография / И.В. Трегуб. – М.: РУСАЙНС, 2018. – 164 с.
6. Рыженкова И.К. Профессиональные навыки менеджера: Повышение личной и командной эффективности. – 2-е изд. – М.: Эксмо, 2016. – 272 с.
7. Большаков А.А., Вешнева И.В., Мельников Л.А., Петрова Л.Г. Новые методы математического моделирования динамики и упоравления формированием компетенций в процессе обучения в вузе. 2018. – 250 с.
8. Колемаев, В.А. Математическая экономика: учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 399 с.
9. Колемаев, В.А. Экономико-математическое моделирование. Моделирование макроэкономических процессов и систем: учебник для студентов вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 295 с.
10. Красс, М.С., Чупрынов Б.П. Математические методы и модели для магистрантов экономии: учебное пособие. – СПб.: Питер, 2006. – 496 с.
11. Кремер, Н.Ш. Высшая математика для экономистов: учебник для вузов. – 3-е изд. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. - 479 с. — (Серия «Золотой фонд российских учебников»)
12. Кундышева, Е.С. Математическое моделирование в экономике: учебное пособие / под научн. ред. проф. Б.А. Сусланова. – М.: , 2009. – 564 с.

References

1. Bol'shakov A.S. Modelirovanie v menedzhmente. Uchebnoe posobie. – М.:Izd. «Filin'», Rilant, 2000.–464s.
2. Berezhnaya E.V., Berezhnoj V.I. Matematicheskie metody modelirovaniya ekonomicheskikh sistem. – М.:FiS. – 2002.–367s.
3. Saparbaev Ә.ZH., Maқұlova A.T. Ekonomikalық-matematikалық әdister men model'der: Okulyк. – Almaty: Bastau, 2007. – 358 b.
4. Сұлтанов М.А. Matematikalық zhәне komp'yuterlik model'deu negizderi: Okulyк. – Almaty, 2014. – 299 b.
5. Matematicheskie modeli dinamiki ekonomicheskikh sistem: monografiya / I.V. Tregub. – М.: RUSAJNS, 2018. – 164 s.
6. Ryzhenkova I.K. Professional'nye navyki menedzhera: Povyshenie lichnoj i komandnoj effektivnosti. – 2-e izd. – М.: Eksmo, 2016. – 272 s.
7. Bol'shakov A.A., Veshneva I.V., Mel'nikov L.A., Petrova L.G. Novye metody matematicheskogo modelirovaniya dinamiki i uproavleniya formirovaniem kompetencij v processe obucheniya v vuze. 2018. – 250 s.

8. Kolemaev, V.A. Matematicheskaya ekonomika: uchebnik dlya vuzov. – M.: YUNITI-DANA, 2005. – 399 s.
9. Kolemaev, V.A. Ekonomiko-matematicheskoe modelirovanie. Modelirovanie makroekonomicheskikh processov i sistem: uchebnik dlya studentov vuzov. – M.: YUNITI-DANA, 2005. – 295 s.
10. Krass, M.S., CHuprynov B.P. Matematicheskie metody i modeli dlya magistrantov ekonomiki: uchebnoe posobie. – SPb.: Piter, 2006. – 496 s.
11. Kremer, N.SH. Vysshaya matematika dlya ekonomistov: uchebnik dlya vuzov. – 3-e izd. – M.: YUNITI-DANA, 2010. – 479 s. — (Seriya «Zolotoj fond rossijskikh uchebnikov»)
12. Kundysheva, E.S. Matematicheskoe modelirovanie v ekonomike: uchebnoe posobie / pod nauchn. red. prof. B.A. Suslanova. – M.: , 2009. – 564 s.

МЕТОДЫ ПРИНЯТИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ

Джалбиров Ж.Т., кандидат экономических наук

Шильманова А.М., кандидат экономических наук

Кызылординский университет им.Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация. Принятие решения - это выбор наиболее подходящего из имеющихся вариантов или альтернативы. Принятое решение положительно или отрицательно влияет на экономические и социальные результаты всего коллектива, каждого работника. В статье отражены конкретные примеры эффективных путей решения в условиях полной определенности задачи принятия многокритериального решения. Элементы математических моделей исследуемых явлений или процессов приводятся в виде таблицы, которая является значением отдельных критериев эффективности функционирования системы. По нескольким критериям широко представлены методы решения многократных задач выбора оптимального решения, т.е. методы аддитивной оптимизации и методы многоступенчатой оптимизации. По каждому методу приведены конкретные примеры с расчетом критерия эффективности. Одним из других возможных решений многокритериальных задач является технология последовательного метода предоставления места.

Ключевые слова: критерий оптимальной эффективности, принятие решений, модель, моделирование, оптимизация, управление.

METHODS OF MAKING MANAGERIAL DECISIONS

Djalbirova Zh.T., candidate of economic Sciences

Shilmanova A.M., candidate of economic Sciences

Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan

Annotation. Decision - making is the choice of the most appropriate option or alternative available. The decision made has a positive or negative impact on the economic and social results of the entire team and each employee. The article presents concrete examples of effective ways to solve the problem of making a multi-criteria decision in conditions of complete certainty. Elements of mathematical models of the studied phenomena or processes are given in the form of a table, which is the value of individual criteria for the effectiveness of the system. According to several criteria, methods for solving multiple problems of choosing the optimal solution are widely presented, i.e. methods of additive optimization and methods of multi-stage optimization. For each method, specific examples are given with the calculation of the efficiency criterion. One of the other possible solutions to multi-criteria problems is the technology of a sequential method of providing space.

Keywords: optimal efficiency criterion, decision-making, model, modeling, optimization, management.

TAMP 29.01.45

ФИЗИКАДАН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асқарова Г.Ш., техника ғылымдарының кандидаты,
gulzat70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0872-3161>
Маханова Г.М., педагогика ғылымдарының магистрі
maxanova.74@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3287-7339>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Заман талабына сай білікті маман даярлау бүгінгі күні әр оқу орнының тікелей мақсаты. Студентті білікті маман ретінде көру оған тиісті білімді берумен және құзіреттілікті қалыптастырумен ұштасып жатады. Осы орайда студенттің өзіндік жұмысының ролі ерекше. Өзіндік жұмыс студенттің болашақ білікті маман болып қалыптасуының басты құралы болып табылады. Сол себепті өзіндік жұмысты өз дәрежесінде ұйымдастыру өзекті мәселе [1,2].

Студенттің өзіндік жұмысы өз кезегінде оның көшбасшылық, ізденушілік, шешендік, ұтқырлық қабілеттерін дамытумен қатар, өз бетінше ойлай алатын жаңашылдық және танымдық көзқарастарын жоғарылатады. Өзіндік жұмыс, сондай-ақ жан-жақты дамытушылық қызмет атқарады [3-8].

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде интербелсенді әдісті қолдану аса тиімділік көрсетеді. Әр студентке жеке қарым-қатынас жасау арқылы, топта және жұпта жұмыс істеуге үйрететін тапсырмалардың алатын орны ерекше. Сонымен қатар, берілген тақырып бойынша студенттің мамандығымен байланысты тапсырмалар беру құзіреттілікті дамытуға себін тигізеді.

Физикадан студенттердің өзіндік жұмыстарын дәріс, практикалық сабақ, зертханалық сабақ және студенттің өзіндік жұмысы бойынша ұйымдастыру жолдары мен сабақ кезінде қолданылған тапсырмалардың түрлері келтіріліп, талдау жасалып, қорытынды тұжырымдалды.

Кілт сөздер: физика, өзіндік жұмыс, білікті маман, тапсырмалар, құзіреттілік.

Кіріспе. Бүгінгі күні қоғамға бастамашыл және дербес жұмыс жасай алатын, үнемі өзін жетілдіріп отыратын қабілетті де ізденімпаз мамандар қажет. Қазіргі заманғы білім саласындағы кәсіби қызметтің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады. Жоғары оқу орындарында білім беру, маман даярлау барлық мамандықтар бойынша біліктілікке сәйкес кәсіптік міндеттерді қою және шешу, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздеу, талдау және бағалауды жүзеге асыру; кәсіби қызметті жетілдіру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; өздігінен білім алу сияқты талаптарды қамтиды. Болашақ мамандарды дайындауға қойылған заманауи талаптар олардың қазіргі еңбек нарығында маман ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттырады [1].

Білім беру саласы үшін қоғам талаптарына сай мамандар дайындау ең басты мәселе. Болашақ маманды жан-жақты білімді, өзіне сенімді, кәсіби әрекетін мұқият жасайтын, тіл табысқыш, көшбасшы, ұтқыр және т.б. ерекше қасиеттермен дайындау барысында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың алатын орны ерекше.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) - студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі болып саналады. СӨЖ орындау арқылы студент оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін сондай-ақ нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді [2].

Кредиттік оқу жүйесінде СӨЖ ұйымдастыру кезінде ескерілетін негізгі мәселелер:

- тақырыптарға сәйкес СӨЖ тапсырмаларының дәл және анық болуы;
- дәріс және семинар сабақтарының СӨЖ орындауға ықпал ететіндей болуы;
- СӨЖ тапсырмаларының нақты көлемі және оны қабылдау түрінің көрсетілуі;
- СӨЖ тапсырмаларын орындауға ықпал ететін әдістемелік құралдардың болуы;

-СӨЖ орындауды және қабылдауды әртүрлі формада өткізу.

Студенттің өзіндік жұмысы – студенттердің кәсіби дербестігі мен ұтқырлығын қалыптастыратын кәсіби мансапқа дайындайтын жол, ал оқытушының міндеті өзіндік жұмысты өз деңгейінде дұрыс ұйымдастыру [3, 4].

Өзіндік жұмыс білім алушылардың терең және берік білім алу құралы, олардың дербестігін, белсенділігін және жеке тұлға ретінде қалыптасуының негізі, оларға ақпараттар ағымында шебер және тез бағдар алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой қабілеттерін дамытудың мүмкіндігі болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру бойынша Ястребова Е.Б., Ерецкий М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А. және т.б. ғалымдар үлкен мән беріп, зерттеулер жүргізген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттерге теориялық және практикалық білімді өз бетінше игертіп, зияткерлік қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады [5].

Студенттердің оқытылатын пәннің жалпы мазмұнына, әрбір тақырыбына қызығушылығын туғызу үшін қажетті шарт - оқыту барысында студентке ақыл-ой дербестігі мен бастамашылдығын көрсетуге мүмкіндік жасау, студенттің белсенділігін арттыратын іс-әрекеттерді қолдану қажет. Оқытудың белсенді әдістерін қолдану білім алушыларды пәннің мазмұнына қызықтыратын болады [6].

Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мақсатында оқытушыға келесі түрдегі жадынаманы негізге алу маңызды [7]:

1. Өзіндік жұмысты оқу процесінің барлық кезеңдерінде, тіпті жаңа материалды игеру кезінде ұйымдастыру;

2. Студенттердің үнемі белсенділік көрсетуін қамтамасыз ету, оларды оқу процесіне тікелей қатысуға ынталандыру;

3. Өзіндік жұмыс арқылы студентті білімді игеруге бағытталған іс-әрекетке жұмылдыру;

4. Өзіндік жұмыс бойынша нақты тұжырымдалған мақсат қою;

5. Өзіндік жұмыстың мазмұны арқылы студенттерге берілетін білімнің терең және толық кешенін қамтамасыз ету;

- химическая (биологическая) инертность материала, используемого для изготовления тары и ее пробки (например, емкости из боросиликатного или известково-натриевого стекла могут увеличивать содержание пробы кремния или натрия);
- очистка и обработка стен, возможность удаления поверхностных загрязнений тяжелыми металлами и радионуклидами [10-11].

Объем отобранной пробы соответствовал нормативному методу определения фактического показателя с учетом количества определяемых показателей и возможности проведения повторного исследования в количестве 0,5 л.

Результаты исследования и обсуждение. Результаты исследования водных ресурсов Алматы показали, что загрязнение поверхностных вод, в частности химическими загрязнителями, оказывает непосредственное влияние на окружающую среду региона. Основной химический состав водных ресурсов мы определяли по ионам Fe^{3+} , Cu^{2+} , Cr , Cl^- , NO_2 , NO_3 , SiO_2 , $\text{NH}_4\text{C}_6\text{H}_4\text{COO}$.

Если рассматривать первый нитрат NO_2 , то показатель концентрации составил ряд в пределах 0,4-0,9 мг/л при ПДК-45 мг/дм³, т.е. не наблюдается превышение норматива. Следующие нитриты NO_3 были в концентрации диапазоном 0,009-0,037 мг/л, ПДК-3,3 мг/дм³. Концентрация сульфатов была в пределах 11-54 мг/л, ПДК-500 мг/дм³. Концентрация железа составила 0,04-0,35 мг/л, ПДК-0,3 мг/дм³, т.е. наблюдается небольшое превышение ПДК. Далее наблюдали концентрацию свободного хлора 0,01-0,17 мг/л, ПДК 0,4 мг / дм³. Концентрация хрома составила 0,07-0,26 мг/л, что превышает ПДК в 0,05 раз. Результаты исследования представлены в таблице 1 [12].

Таблица 1 – Химический показатель поверхностных водных ресурсов Алматинской области

Местонахождение, описание местности	Воздух Т °С	Вода Т °С	NO_3 - мг/л	NO_2 - мг/л	Сульфат мг/л	Fe мг/л	Cl мг/л	$\text{NH}_4\text{C}_6\text{H}_4\text{COO}$ мг/л	Cr мг/л	Cu мг/л	SiO_2 мг/л
ул.Жамакаева	23	7	0,7	0,0	18	0,09	0,02	0,01	0,08	0,1	0,8
ул.Аль-Фараби	25	10	0,6	0,015	30	0,18	0,17	0,01	0,26	0,06	2,2
ул.Абая	24	9	0,5	0,014	54	0,35	0,05	0,02	0,08	0,29	1,5
ул.Рыскулова	23	12	0,6	0,009	48	0,1	0,01	0,01	0,07	0,1	0,4
ул.Райымбека	28	10	0,4	0,01	17	0,08	0,03	0,01	0,09	0,03	1,3
ул.Сатпаева	22	10	0,6	0,01	18	0,04	0,03	0,03	0,14	0,01	0,1
ул.Аль-Фараби	21	11	0,4	0,023	44	0,06	0,03	0,02	0,07	0,04	0,2
ул.Навои	20	11	0,8	0,018	11	0,05	0,02	0	0,08	0,06	0,8
ул.Рыскулова	20	11	0,9	0,037	22	0,05	0,03	0,03	0,12	0,02	0,1
ул.Аль-Фараби	22	12	0,4	0,009	15	0,06	0,06	0,01	0,14	0,01	0,4
ул.Шевченко	22	12	0,5	0,011	15	0,07	0,02	0,02	0,1	0,02	0,5

Химиотерапевтический состав водных ресурсов изучался различными методиками и реактивами - Нитраты: 400 нм, $\text{NO}_3\text{-N}$, нитрат-N CK PP и NitraVer 5 Nitrate Reagent (Cadmium, Gentisic Acid, Magnesium Sulfate, potassium phosphate, monobasic, sulfanilic Acid). Нитриты: 507 нм, $\text{NO}_2\text{-N}$ нитрит-N НК PP и NitriVer 3 Nitrite reagent (1,2-cyclohexanediaminetetraacetic Acid Trisodium Salt, Disodium salt, potassium phosphate, monobasic, chromotropic acid, potassium pyrosulfate, sodium sulfanilate). Сульфаты: 450 нм SO_4 2-сульфат и SulfaVer Sulfate reagent (Barium chloride, Citric Acid). Железо: 510 нм FerroVer Fe и FerroVer Iron reagent (1,10-Phenanthroline-p-toluenesulfonic Acid salt, Sodium citrate, Sodium hydrosulfite, Sodium metabisulfite, sodium thiosulfate). Свободный хлор: 530 нм свободный хлор + Cl_2 и DPD Chlorine reagent (Sodium phosphate, Dibasic, EDTA Disodium salt, DPD Salt, Carboxylate Salt). Салицилат аммония: 655 нм $\text{NH}_3\text{-N}$ Салициат аммония . и аммония салицилат reagent (sodium tartrate, sodium citrate). Хром: 540 нм Хром общий Cr и ChromaVer 3 chromium reagent (magnesium sulfate, potassium pyrosulfate). Медь: 560 нм Cu медь бидин. Кремний: 452 нм Кремний SiO_2 .

В первую очередь, если говорить о реке Есентай, то речь идет о четырех нуктах. Первый: пересечение улицы Жамакаева (272м), дно каменистое, не огороженная

территория. Рядом дорога и жилой сектор. В канале есть труба. На берегу находится разнообразная растительность и мусор. Далее: пересечение улицы Аль-Фараби (50 м), от плотины - 200 м, возле плотины вода застаивается. Дно песчаное, бетонный каскад, улучшенная территория, рядом жилые дома. Пересечение улицы Абая, дно бетонное, вода прозрачная, запах менее заметный, мусор, растительность, улучшенная территория. Пересечение улицы Рыскулова, дно-бетонное, берег засыпан щебнем, вода мутная. Что касается данных реки Большая Алматинка, то из четырех точек были взяты объекты исследования. Севернее улицы Райымбека (73,5 м). Канал забетонирован, в восточной части растут деревья. Мусор. Вода зеленая, мутная. Следующая точка: севернее улицы Сатпаева (20 м). Канал забетонирован, дно-граненое. Мусор. Застой воды в каскадах, запах грязи, дно в водорослях очевидно. В нижнем течении вода разводится из подземной части реки(трубы). С восточной стороны - заправочная станция, с западной-гора шин. южнее ул. Аль-Фараби (90 м). Канал забетонирован. Вода практически застаивается. Тонкий запах грязи, рыбы. Мусор, песок, листья. Растения по краям. Далее река Малая Алматинка: мост по улице Рыскулова. Бетонированный канал, дно каменистое, с песком. Мусор. Жилой сектор в водоохранной зоне. Неорганический и органический мусор в воде. Ул. Калдаякова, 100 м. севернее ул. Шевченко канал забетонирован, залит водой. Мусор, листья. мост по улице Аль-Фараби. Бетонированный канал, дно-щебень, галька. Подстилка, по краю-растение. Краткое изложение основных органолептических и визуальных исследований.

Для оценки качества водных ресурсов применяются различные показатели качества воды: ИЗВ (индекс загрязнения воды), ИИЭС (интегральный индекс экологического состояния загрязнения воды) и другие. Для оценки качества воды применяются предельно допустимые концентрации (ПДК) [13]. При оценке качества питьевой воды наряду с химическими критериями используются бак-териеологические и органолептические. Бактериальное состояние воды определяется следующим образом: 1) общее количество бактерий в воде, которое не должно превышать 100 на 1 миллиметр воды; 2) количество бактерий группы внутренней палочки. Коли-индекс: определяется величиной кишечной палочки на 1 л воды (не более трех) или коли – титром: определяется количество воды в миллиметрах (не менее 300 мл), в котором содержится одна кишечная палочка. К органолептическим показателям относятся запах, цвет, вкус, прозрачность воды.

Важным показателем качества воды является наличие в ней кислорода. От него зависит выживаемость гидробионтов (аэробов) и способность воды к самоочищению. Обеспеченность воды кислородом определяется по показаниям биологического использования кислорода (ОБПК). ОБПК-это количество кислорода, затрачиваемое на разложение (окисление) веществ, способных участвовать в биохимических процессах. Для определения ОБПК создаются необходимые стандартные условия для водных микроорганизмов. Потребление кислорода обычно измеряется в литре воды (ОБПК) в течение 5 дней. Чем больше кислорода используется, тем больше воды загрязнено органическими и другими биodeградирующими веществами. В водах увеличивается количество веществ, устойчивых к биоразлагаемости (например, органических растворителей). Они не могут показать ОБПК. Наличие таких веществ оценивают по показателю химического использования кислорода (ОХПК). Он идентифицирует образцы воды с сильными окислителями, такими как бихромат калия и реакция. Как правило, сброс сточных вод в водоемы допускается только в том случае, если ОХПК не превышает 100 мг/л. Соотношение показателей ОБПК и ОХПК показывает способность воды к самоочищению. Если это соотношение будет равным вместе, способность к самоочищению будет максимальной (биологическим путем распадается практически весь спектр загрязняющих веществ)[14-15]. В отличие от ИЗВ, при данном подходе к расчету определяется не только частота превышения ПДК, но и повторяемость

случаев превышения нормативных значений. Данные расчета индекса ИИЭС позволяют точно показать качество поверхностных вод. В связи с этим, используя показатели, приведенные в таблице 1, был рассчитан интегральный индекс экологического состояния вод (рисунок 1).




Рисунок 1 – Интегральный индекс экологического состояния воды

Ориентируясь на рисунок 1, можно увидеть интегральный индекс экологического состояния рек Есентай, Большая Алматинка и Малая Алматинка. В ходе исследования мы видим, что результаты мониторинга показывают, что эти реки не сильно загрязнены, содержат 2-3 класса опасности. Самый высокий показатель установлен на улице аль-Фараби реки Есентай. Видно, что река Большая Алматинка имеет средний показатель, некоторые места чистые, некоторые умеренно загрязнены. Класс загрязнения реки Малая Алматинка рассчитывается ниже среднего (рисунок 2). Карту месторасположения более загрязненных точек рек можно увидеть на рисунке 3.




Рисунок 2 – Средний индекс относительного загрязнения рек



Рисунок 3-Есентай, Большая Алматинка. Показатели индекса загрязнения рек Малая Алматинка

Результаты мониторинга трех рек представлены ниже:

1. Река Малая Алматинка: - г. Алматы, 11 км выше города, качество воды относится к 2 классу, фториды-0,92 мг/дм³ .Фактическая концентрация хрома 0,07 мг/дм³ превышает фоновый класс. - г. Алматы, на 0,5 км ниже створа Мехкомбината, качество воды относится к 2 классу, фториды - 0,91 мг/дм³ . Фактическая концентрация фторидов превышает фоновый класс. По длине реки Малая Алматинка во всех створах температура воды колеблется в пределах 11-12,0°C, водородный показатель-7,59-8,17, средняя концентрация растворенного кислорода в воде-9,0 – 10,2 мг/дм³ , цвет – 7-10 градусов, запах воды-0 баллов. Качество воды относится ко 2 классу.

2. Река Большая Алматинка: - г. Алматы, 9,1 км выше города, качество воды относится к 2 классу, фактическая концентрация общего хрома 0,045 мг/дм³ превышает фоновый класс. - г. Алматы, 0,2 км выше автодорожного моста, пр. Рыскулова, качество воды относится к классу 2, фториды – 1,48 мг/дм³ . Фактическая концентрация фторидов превышает фоновый класс. По длине реки Большая Алматинка во всех створах температура воды колеблется в пределах 10-11°C, среднее значение водородного показателя 7,84 - 8,06, концентрация растворенного кислорода в воде – 9,5-9,85 мг/дм³ , БПК₅ – 0,87-1,23 мг/дм³, цвет – 6-7 градусов, запах воды – 0 баллов. Качество воды относится ко 2 классу.

3. Река Есентай: - г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 0,2 км от моста высокое качество воды 3 класс: железо. Фактическая концентрация железа не превышает фоновый класс. - г. Алматы, пр. Абая, на 0,2 км выше моста, качество воды 3 класс: железо - 0,05 мг / дм³. Фактическая концентрация железа превышает фоновый класс. Фактическая концентрация хрома во всех точках реки Есентай превышает фоновый класс 0,07 мг/дм³ - температура воды во всех створах по длине реки Есентай в пределах 7,0-12°C, водородный показатель 7,74-8,10, концентрация растворенного кислорода в воде – 10,4-10,5 мг/дм³, БПК₅ – 0,96-1,29 мг/дм³ , цвет – 6-8 градусов, запах -0 баллов. Качество воды 3 класс, железа (³⁺) - 0,02 мг/дм³.

Вывод. Несмотря на то, что результаты исследования показали, что водные ресурсы Алматинской области не сильно загрязнены, однако при анализе стока отходов жителями частного сектора нередко выявляется загрязнение рек Улкен Алматы, Ащибулак, Каргалы и Теренкара. В частности, были случаи, когда ресторанные комплексы перекачивали сточные воды в реку Большая Алматинка. Аналогичные факты выявлены у собственников жилых домов. Кроме того, выявляются факты загрязнения берегов рек бытовым мусором. Поэтому необходимо проводить постоянный мониторинг, непрерывный лабораторный контроль.

Литература

- 1 План действий «Зеленый город» для города Алматы. Опубликовано на официальном сайте управления зеленой экономики города Алматы 09.09.2020г
- 2 Доклад организации Объединенных наций о водных ресурсах. Опубликовано на официальном сайте ООН 19.03.2019г.
- 3 Крупа Е.Г., Акбердина Г.Ж., Добротворская И. Гидрохимическая характеристика и оценка уровня загрязнения тяжелыми металлами некоторых малых водоемов г. Алматы и его окрестностей // Изв. НАН РК. Сер. биол. и мед. – 2001. – № 4. – С. 78-85.
- 4 Муртазин Е.Ж. Качество поверхностных вод // Информ. экол. бюл. РК. – 2000. – I кв. – С. 16-19.
- 5 Шпаков А.Е., Крепешева Т.И., Омаров И. Современные направления биомониторинга качества воды открытых водоемов // Медицина и экология. – 2002. – № 2 (22). – С. 58-60.
- 6 Артемьев О.А. Проблемы мониторинга водных объектов Алматинского региона // Гидрометеорология и экология. – 2003. – № 3. – С. 190-198.
- 7 Экология/ Информационный бюллетень о состоянии окружающей среды, Казгидромет. –

- 2019.
- 8 СТ РК ГОСТ Р 51232 – 2003 Вода. Общие требования к организации и методам контроля качества
- 9 Фаращук Н.Ф. Устройство для взятия проб биологической жидкости // Авторское свидетельство №1710000, 8.10.1991.
- 10 Методики оценки качества водоемов по комплексу гидрохимических показателей// JahrbuchfurEcoAnalyticundEcoPatologic, 2004.
- 11 Staab K., Yannelli F. A., Lang M., Kollmann J. Bioengineering effectiveness of seed mixtures for road verges: Functional composition as a predictor of grassland diversity and invasion resistance // Ecological Engineering. – 2015. – Т. 84. – С. 104-112. DOI: 10.1016/j.ecoleng. 2015.07. 16
- 12 Шпак А.Е., Крепешева Т.И., Омаров И. Современные направления биомониторинга качества воды открытых водоемов // Медицина и экология. – 2002. – № 2 (22). – С. 58-60.
- 13 Артемьев О.А. Проблемы мониторинга водных объектов Алматинского региона // Гидрометеорология и экология. – 2003. – № 3. – С. 190-198.
14. <https://www.kazhydromet.kz/ecology/informacionnye-byulleteni-o-sostoyanii-okruzhayusheysredy-respubliki-kazahstan/2019>
- 15 Аксенов С.И. Вода и ее роль в регуляции биологических процессов. М.: Наука. – 1990. – 115 с.

References

- 1 Plan deystviy «Zelenyy gorod» dlya goroda Almaty. Published on the official website of the Green EconoDepartment of the city of Almaty 09.09.2020. [in russian]
- 2 Umy nited Nations Water Report. Published on the official website of the UN 03/19/2019.
- 3 Krupa E.G., Akberdina G.ZH., Dobrotvorskaya I. Gidrohimicheskaya harakteristika i ochenka urovnya zagryazneniya tyazhelymi metallami nekotoryh malyh vodoemov g. Almaty i ego okrestnostej // Izv. NAN RK. Ser. biol. i med. – 2001. – № 4. – S. 78-85. [in russian]
- 4 Murtazin E.ZH. Kachestvo poverhnostnyh vod // Inform. ekol. byul. RK. – 2000. – I kv. –S. 16-19. [in russian]
- 5 SHpakov A.E., Krepesheva T.I., Omarov I. Sovremennye napravleniya biomonitoringa kachestva vody otkrytyh vodoemov // Medicina i ekologiya. – 2002. – № 2 (22). – S. 58-60. [in russian]
- 6 Artem'ev O.A. Problemy monitoringa vodnyh ob"ektov Almatinskogo regiona // Gidrometeorologiya i ekologiya. – 2003. – № 3. – S. 190-198.[in russian]
- 7 <https://www.kazhydromet.kz/ecology/informacionnye-byulleteni-o-sostoyanii-okruzhayusheysredy-respubliki-kazahstan/2019>.
- 8 ST RK GOST R 51232-2003 Voda. Obshchie trebovaniya k organizacii i metodam kontrolya kachestva [in russian]
- 9 Farashchuk N.F. Ustrojstvo dlya vzyatiya prob biologicheskoy zhidkosti // Avtorskoe svidetel'stvo №1710000, 8.10.1991. [in russian]
- 10 Metodiki otsenki kachestva vodoyemov po kompleksu gidrokhimicheskikh pokazateley// Jahrbuch fur EcoAnalytic und EcoPatologic, 2004.
- 11 Staab K., Yannelli F. A., Lang M., Kollmann J. Bioengineering effectiveness of seed mixtures for road verges: Functional composition as a predictor of grassland diversity and invasion resistance // Ecological Engineering. – 2015.–Т. 84. – С. 104-112. DOI: 10.1016/j.ecoleng.2015.07.016 [in russian]
- 12 SHpakov A.E., Krepesheva T.I., Omarov I. Sovremennye napravleniya biomonitoringa kachestva vody otkrytyh vodoemov // Medicina i ekologiya. – 2002. – № 2 (22). – S. 58-60.
- 13 Artem'ev O.A. Problemy monitoringa vodnyh ob"ektov Almatinskogo regiona // Gidrometeorologiya i ekologiya. – 2003. – № 3. – S. 190-198.
- 14 <https://www.kazhydromet.kz/ecology/informacionnye-byulleteni-o-sostoyanii-okruzhayusheysredy-respubliki-kazahstan/2019>.
- 15 Aksenov S.I. Voda i ee rol' v regul'yacii biologicheskikh processov. M.: Nauka. –1990. – 115 s.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ СУДЫ ТҰТЫНУ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

Касымжанова К.Н.¹, магистрант,
Ахметжанова М.Д.¹, магистрант,
Хамитова К.К.¹, т.ғ.к., доцент м.а.,
Исмаилов Д. В.¹, техникалық ғылымдарының кандидаты, PhD- докторы,
Онгарбаева Ж.А.², оқытушы,
¹*Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,*
²*Алматы Инновациялық колледж*

Андатпа. Мақалада жер үсті суларындағы химиялық ластауыштардың, ауыр металдардың мөлшерін нормалау ерекшеліктері мен осы жер үсті сулары үшін негізгі мониторинг жүргізу нәтижелері талданады. Химиялық ластағыштарды анықтау үшін зерттелетін аймақтың бірнеше нүктелері қарастырылды. Жұмыста антропогендік (атап айтқанда, өнеркәсіптік өндіріс) әсердің әсерінен жер үсті суларының экологиялық жай-күйі мәселелері қарастырылды. Сонғы уақытта Қазақстанда шөп қоспа ретінде бір жылдық дақылдардан асбұршақ пен арпаны және танаптық асбұршақ пен сұлы себіліп, таза себілген бір түрлі дақылға қарағанда 3-7 ц/га дейін жоғары өнім алынып келеді. Еліміздің құрғақ далалы аймағы жағдайына бейімделген астық, майлы және бұршақ дақылдардың құрамдас бөліктерін көбейте отырып, жемшөп өнімділігін арттыру қажет. Сондықтан Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жүргізілген зерттеу жұмыстарының мақсаты, әр түрлі шөп қоспаларының өнімділігіне себу мерзімдерінің биоклиматтық әсерін зерттеу болып табылады.

Кілт сөздер: жер үсті сулары, органикалық ластауыштар, химиялық ластауыштар, үлгіні таңдау, спектрофотометрия.

ANALYSIS OF THE RESOURCE SAVING AND WATER CONSUMPTION SYSTEM IN THE ALMATY REGION

Kassymzhanova K.N.¹, undergraduate
Akhmetzhanova M.D., undergraduate
Khamitova K.K.¹, Candidate of technical Sciences, senior lecturer,
Ismailov D.V.¹, Candidate of technical Sciences, PhD-doctor,
Ongarbaeva J.A.³, teacher
¹*Al Farabi Kazakh national University,*
²*Almaty innovation College*

Abstract. The article analyzes the features of regulating the content of chemical pollutants and heavy metals in surface waters and the results of basic monitoring of these surface waters. To identify chemical pollutants, several points of the study area were considered. The paper deals with the ecological state of surface waters under the influence of anthropogenic (in particular, industrial production) impacts. Recently, in Kazakhstan, peas and barley, as well as field peas and oats, are sown as a grass mixture from annual crops, and the yield is higher than 3-7 C / ha. It is necessary to increase feed productivity by increasing the components of cereals, oilseeds and legumes adapted to the conditions of the dry-steppe zone of the country. Therefore, the purpose of research conducted in the conditions of the dry-steppe zone of Kazakhstan is to study the bioclimatic effect of sowing dates on the yield of various herbal mixtures.

Keywords: surface water, organic pollutants, chemical pollutants, sample selection, drainage water, spectrophotometry.

FTAXP 86.19

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ТИОЛАЙН» ЖШС ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖОҒАРЫЛАТУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Жапарова С.Б., техника ғылымдарының кандидаты,
zhararova_1977@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-5346-5528>
Диханбаева Г.А., магистрант
Dihanbaeva.gauhara@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-7898-7509>

III. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Бұл мақалада әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы тау-кен өндіру өнеркәсібіне қысқаша талдау жүргізілді және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қиыршықтас және құм карьерлерін игеру, титан-магний шикізатын өндіру және байыту бойынша "ТИОЛАЙН" ЖШС қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баға берілді. Бұл салада адам денсаулығы мен өмірі, негізгі экологияны қорғау басты басымдық болып қала беретіні анықталды. Кен өндіру индустриясын дамытудың неғұрлым маңызды факторы негізгі бизнес-модельдер мен негізгі өндірістік процестерді трансформациялау үшін инновациялық технологияларды пайдалану болып табылады.

Кілт сөздер: тау-кен өнеркәсібі, жұмысшылардың қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, инновациялар

Кіріспе. Қазіргі уақыт жоғары технологиялардың қарыштап дамыған дәуірімен тұспа-тұс келді. Бұл қарқынды үрдісті біз еңбек жағдайын жақсартуға көмектесетін жаңа технологиялық құралдардың пайда болуынан көріп отырмыз. Мәселен осыдан 5-10 жыл бұрын ұйым басшылары осындай технологияларды жеке кәсіптегі қызметкерлерін қорғау саласына енгізуге аса күмәнмен қарады. Олар бұрыннан пайдаланып келіп, тұрақты нәтиже беріп отырған дәстүрлі, тексерілген технологияларға көбірек сенді. Бірақ қазіргі жаңа инновациялық технологиялардың санының артуынан, біз жеке мүмкіншіліктеріміздің де артқанын көреміз [1]. Оған мысал бүгінгі тиімді техникалық және ұйымдастырушылық әзірлемелерді айтуға болады. Шын мәнінде, олар ұйымдарда табысты ететін инновацияның мықты көзі болып табылады. Сөйтіп біртіндеп, еңбекті қорғау саласындағы инновациялар ұйым қызметкерлерінің кәсіби қызметіне, қауіпсіздігіне жаңа технологияларды енгізді. алайда инновациялар мен жаңа технологиялар, өз кезегінде, оларды пайдалануға байланысты кәсіби тәуекелдерді тудырды, соған сәйкес әр кәсіпорын оларға төтеп бере алуы тиіс болды. Қызметкерлерге де түсетін жүктің көлемі ұлғайды.

Жұмысшылардың қауіпсіздігі – заманауи мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды элементі болып табылады [2]. Еңбек жағдайына қатысты заңдарды ұстанбаса, сондай-ақ кәсіпорындарда өз қызметкерлерінің қауіпсіз жағдайларын толық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жаңғыртусыз бизнесті тиімді дамыту мүмкін емес. Себебі іске жарамды жұмыскерлерсіз ешқайндай өндіріс алға баспайды. Қазіргі таңда техникалық процесс шығарылатын тауарлардың ассортименттерін ұлғайтуды талап етеді. Соның салдарынан кәсіпорындарда технологиялық процесстегі персоналдың денсаулығына зиян келтіретін заттар қолданылып жатады. Бұл қауіпсіздікке тікелей 1949 жылы құрылған БҰҰ-ның Халықаралық еңбек ұйымы жауап береді екен. ХЕҰ-ның ақпаратына сүйенсек, жыл сайын жұмыс орнында орын алатын оқиғалардың нәтижесінде 2,3 млн адам көз жұмады немесе күніне 6000 адам жұмыс барысында түрлі ауруларға душар болатыны анықталды. Ал өндіріс орындарында 340 млн оқиғаға тіркелсе, кәсіби ауруларға ұшыраған 160 млн-ы құрбан етеді [3]. Ал бұндай қайғылы оқиғаларға тап болған жұмысшыларына емделу курсына деп берілетін өтемақы көлемі 4%-ды ғана құраған. Осыдан өз алдына акционер қоғам, жауапкершілігі шектелісеріктес болып отырған бірнеше фирмалар, компаниялар, ұйымдардың алдында үлкен міндет тұрды. Ол – осындай жағдайларды тудырмас үшін инновациялық технологиялардың көмегімен жұмысшыларының қауіпсіздігіне кепілдік беру.

Материалдар және зерттеу әдістемелері. Мұндай жеке кәсіпорындардың арасында «Тиолайн» ЖШС-гі де бар. Бұл Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша

ауданындағы «Обуховское» кен орнында қатты пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен айналысатын кәсіпорындардың бірі болып табылады. ол 2006 жылы Обухов титан - цирконий құмының кен орнын игеруге байланысты инвестициялық жобаны іске асыруға кірісті [4]. Жоба тау-кен байыту комбинатын салуды, ұжымдық концентрат алумен титан-цирконий құмдарын бастапқы байытуды көздейді. Обухов кен орнының қуаты 40 мың текше метр титан-цирконий рудасын өндіру және қайта өңдеу бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс 2007 жылдың екінші жартыжылдығында іске қосылды. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында «Тиолайн» ЖШС әлеуметтік саланы дамытуға кемінде 4 млн АҚШ долларын жұмсап, 250-ден 500-ге дейін жұмыс орнын ашуды жоспарлады. Қазіргі уақытта «Тиолайн» ЖШС жұмысшыларының саны вахталық әдіспен жұмыс істейтін 150 адамды және пайдалы қазбаларды өндіруде жұмыс істейтін 95 мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін құрайды. Осындай көрсеткіштерді сараптай келе, «Тиолайн» ЖШС кәсіпорының SWOT анализін жасап көрдім (1-Кесте).

Кесте 1 – «Тиолайн» ЖШС кәсіпорының SWOT анализі

Жағымды жақтары (<i>Strengths</i>)	Жағымсыз жақтары (<i>Weaknesses</i>)
1. Жұмыс өтілі 10 жылдан астам. 2. Басқарушы топтың жоғары біліктілігі. 3. Әр түрлі тау-кен әдістерін қолдану. 4. Өндіріс процесінде жаңа тау-кен технологияларын қолдану. 5. Ұжымдық концентрат өндіретін қуаттылығы айына 1200 т. болатын тәжірибелік зауыттың болуы 6. Титан-магний шикізатын (кендерді) өндіру және қайта өңдеу. 7. Тәуелсіз қазандықтардың жылу энергиясын өндіруі. 8. Кадрлық мәселені шешу үшін басқада мекемелермен екіжақты тиімді келісімшарт. 9. Жоғары дәрежелі техникалық жабдықталу.	1. Технологиялық кадрлардың жетіспеушілігі. 2. Дамыған кен орнының өндірістік процесінің күрделі технологиясы. 3. Өндіріс шығындарының тез өсуі, жаңа технологиялар мен әдістерді жеткіліксіз пайдалану. 4. Өндіріс процестеріндегі үлкен қауіптер. 5. Жұмыс орындарындағы ауа-райының кенеттен өзгеруіне реакцияның жеткіліксіздігі.
Мүмкіндіктері (<i>Opportunities</i>)	Қатерлері (<i>Threats</i>)
1. Жаңа технологиялар мен патенттерді енгізу. 2. Барлау жұмыстарының ұлғаюына байланысты қорлардың ұлғаюы. 3. Еңбек өнімділігін арттыру және сәйкесінше өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін жаңа ұйымдастырушылық технологияларды қолдану және жетілдіру. 4. Зиянды заттардың шығындыларын азайтудың жаңа технологияларын әзірлеу, сатып алу, енгізу. 5. Жеткізушілермен жақсы серіктестік	1. Заң талаптарының күшеюі (экология, еңбек, салық). 2. Металлдың әлемдік бағасының өзгеруі. 3. Табиғи / технологиялық апаттар, авариялар. 4. Нарықтағы тұрақсыз экономикалық жағдай. Инфляция.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Осындай көрсеткіштерді сараптай келе, кәсіпорынға қатысты келесідей мәселелер туындады. Оның біріншісі - «Тиолайн» ЖШС кәсіби кадрларға зәру. Бұдан келесісұрақ шығады, егер кадрлар санын көбейтетін болсақ, онда кәсіпорын олардың жеке бастарының қауіпсіздігіне қаншалық жауапкершілікпен қарамақ және бұл үшін қандай іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Әрине бұл жерде компанияның өз қызметкерлерін қолдап отырған тұстарын да айта кеткен жөн. Мысалы, кадрлық мәселені шешу үшін басқа да мекемелермен екіжақты тиімді келісімшартқа отыру болды. Сөйтіп Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің басшылығының ұсынысымен тау-кен өндірісі және байыту мамандарын дайындау бойынша бірлескен ынтымақтастық келісімшарты жасалды. Меморандумға сәйкес, кәсіпорын «тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша студенттердің оқуын бірінші курстан бастап оқуды аяқтағанға дейін төлеуге

міндеттенеді [5]. Бұл ретте «Тиолайн» ЖШС өз бетімен стипендия төлейді, үздік үлгерімі үшін оны бірнеше есе арттыру көзделген. Бұны компанияның қарқынды дамуы үшін қолданып отырған маркетингтік құралдарының бірі деп білуіміз қажет. Бірақ қызметкерлердің саны артқан сайын, олардың қауіпсіздігіне деген сұраныс да жоғарылайды деген сөз емес пе?! Сондықтан компания бірінші кезекте еңбек жағдайында қызмет етушілерге қатысты заңнаманы жаңартулары тиіс. Ол бәрінен бұрын жеке мүддесін емес, өз жұмыскерлерінің амандығын ойлауы қажет. Бұл орайда шетелдік тәжірибелерге жан-жақты жүгініп, экономика және өнеркәсіптік салаларындағы тың өзгерістерді байқап, оны кәсіпорынның мүмкіндігіне қарай бейімдеуі керек. Мұнда өндірістегі көш бастаған Англия, Канада, Жапония, Қытай, БАӘ, Австралия сынды мемлекеттердің бағыттарын талдап, олардан үлгі алу қажет. Мәселен, Австралияда инженерлі-техникалық жұмысшыларының айлықтарына үстемелеп мемлекеттен көлемдісумма төленеді екен [6].

Бүгінгі инновациялық технологиялар арқылы әр жұмысшының денсаулығын қадағалауға мүмкіндік беретін онлайн картотекаашқан жөн. Ол үшін «Медициналық тексерудің электронды жүйесін» құруға болады. Бұның көмегімен әр қызметкерді жеке бақылай аламыз. Сондай-ақ бұл жаңа инновацияны енгізу арқылы біз қандай мүмкіндіктер аламыз дегенге тоқталсақ.

Олар: медициналық өлшемдерді жүргізу негізінде қызметкердің жұмысқа дайындығын бағалау;медициналық тексерулердің электрондық журналына жұмысқа жіберу/жібермеу туралы қорытындыны жазу;медициналық қызметкердің электрондық цифрлық қолтанбасынан кейін құжаттарды басып шығару (жол парағы, дәрігерге жіберу және т. б.); медициналық қорытындыға байланысты жұмысаймағына кіруді бақылау [7].

Тексерудің стандартты процедурасы: алкогольдісынау, дене температурасын өлшеу, есірткіге мас болу диагнозын қою үшін орталық жүйке жүйесінің жағдайын бағалау және қан қысымын өлшеу. Мәселен, осы жүйе көршілес мемлекетімізде орын алды. «Иркутск Мұнай Компаниясы» ЖШС осы электронды жүйені пайдаланудың тиімділігін көрсетті (2-кесте) [8].


Кесте 2 – «Медициналық тексерудің электронды жүйесін» дәстүрлі тәсілмен салыстыру

Үш медициналық қызметкер 1 сағат ішінде 51 адамды тексереді.	Бір медициналық қызметкер және үш терминал 1 сағат ішінде 156 адамды тексереді.
Компанияда үш медицина қызметкері жұмысестейді.	Кәсіпорында 3 терминалдан тұратын «Медициналық тексерудің электронды жүйесі» енгізілді
Бір қызметкерді тексеру 3 минут 30 секундты алады.	Бір қызметкерді тексеру 1 мин 10 сек уақыт алады.
60 минут ішінде медицина қызметкері 17 адамды тексеруден өткізеді.	60 минут ішінде 52 адамтексеруден өтеді.

1-сурет арқылы «Медициналық тексерудің электронды жүйесін» енгізген компанияда қауіп-қатердің төмендегенін байқауға болады. Осы жүйені енгізіп, «Иркутск Мұнай Компаниясы» ЖШС ең алдымен жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен септігін тигізді [9]. Бұл таптырмас жүйе «Тиолайн» ЖШС жұмыскерлерін барынша қадағалап отыруға және уақытты үнемдеуге зор көмек береді.

Жұмысшылардың қауіпсіздігін инновациялық технологиялардың көмегімен жоғарылатудың тағы бір тиімді әдістерінің бірі – жеке бағдарламалық аудио-видео кешенін пайдалану. Мұнда арнайы бейне нұсқаулар салынып, онда қызметкер өзін-өзі

дайындау режимінде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің барлық бағыттары бойынша білімдерді игере және тексеруден өте алады.



Сурет 1 – «Иркутск Мұнай Компаниясы» ЖШС – де қауіп – қатердің төмендеуі.

Айқын мысал ретінде Ресейдің өндіріс саласында қолданылып келе жатқан «Олимпокс» жүйесін айтуға болады. Мәселен бұл қауіпсіздік курсы бірнеше тақырыптардан тұрады. Онда кенет эксплуатация (басқа жаққа көшіру) жағдайында не істеу қажет, өндірісте оқысоқиға болғанда бірінші медициналық көмекті қалай көрсеткен жөн, техникалық қауіпті аппараттармен жұмыс істеу барысындағы ережелер дұрыс ұстану сынды сұрақтар қарастырылған [10]. Сол сында егер «Тиолайн» компаниясында да бұл жаңа технологияны енгізетін болсақ, бұл бірнеше жылдан кейін еліміздегі табысты қолданылып, қызметкерлерді оқытудың тиімділігін арттыратын болады.

Қазіргі таңда жоғары технологиялар кез келген өндіріс саласы үшін арнайы қауіпсіздік материалдарын шығарып жатыр. Кейбір ұйымдарда инновациялық композиттік материалдары бар қорғаныш аяқ киімі қолданылуда. Бұл аяқ киімді пайдаланған кезде аяққа қысым түспейді, бұл жұмысістеушінің аяғының шаршауын болдырмайды, ал ең бастысы - соққы кезінде аяқ басының зақымданбауынан қорғайды. Сондай-ақ, қорғаныс аяқ киімін аяқ киімге ұқсас қорғаныш қасиеттері бар кроссовкалар түрінде шығара бастады. Арнайы киім көптеген зиянды өндірістік факторлардан сенімді қорғайтын инновациялық полиэфирлі материалдан жасалып шығарылып жатыр [11]. Бұл да жұмыскерлердің қауіпсіздігі үшін аса маңызды көмек болып табылады. Сондай-ақ егер компания жұмысшыларына жекелей дайындалған түрлі сүзгілер, дем алу және дем шығару клапандары барарнайы маскалармен және жартылай маскалармен қамтамасыз етсе, кәсіпорынның беделі артады [12]. Қорғау құралдары нарығында құлаудан қорғау үшін инновациялық шешімдер – тік және көлденең анкерлік жүйелер пайда болды. Олар қызметкерлерге сенімділік пен қауіпсіздік сезімімен ең күрделі және қауіпті жұмысты орындауға мүмкіндік береді. Тұрақты жүйелердің ұзақ қызмет мерзімі бар, пайдаланушы үшін ыңғайлы және жұмыс уақытының шығындарын ескере отырып, экономикалық тұрғыдан тиімді. Ал сақтандыру арқандары жаңа бұғаттау құрылғыларымен біртіндеп ығыстырылады, олардың жұмысістеу принципі автомобильдегі қауіпсіздік белбеулеріне ұқсайды. Біртіндеп созылғанда, құрылғының арқандары ұзарады, ал кенеттен (мысалы, құлағанда) – құрылғы бұғатталады [13].

«Тиолайн» ЖШС жұмысшыларының қауіпсіздігін сақтау үшін келесідей шешімді қарастырып көруіне болады. Мысалы, еңбекті қорғауға озық көзқарасы бар ұйымдарда қызметкердің қорғау құралдарын пайдаланбайтынын хабарлайтын сигналдық хабарлағыштар түрінде еңбек қауіпсіздігінің жаңа технологиялары пайда бола бастады [14]. Мұндай жүйелер жарақаттанудың алдын алуға, адамдардың қаза болуын болдырмауға көмектеседі. Егер қызметкер қорғаныш каскасын түсіріп алса, онда қауіпсіздікке жауапты маманға бірдей сигнал келіп, оны оқиға туралы хабардар етеді. Бұл да маңызды инновациялық құралдардың бірі болмақ [15].

Қорытынды. Міне, біз қатты пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен айналысатын «Тиолайн» ЖШС-ын қарастырып, ондағы жұмыс істейтін қызметкерлердің жеке басының қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады деген сұраққа жауап іздеуге тырыстық. Ол үшін шетелдік тәжірибелерге жүгініп, салыстырма болсын деп мысалдар да келтірдік. Тағы айтып өтсек, жұмысшылардың қауіпсіздігі әрдайым заманауи мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды элементі болып қалмақ. Сондықтан жоғары инновациялық технологияларды жан-жақты тиімді пайдалану қажет. Ол турасында қызметкерлердің қауіпсіздігі саласында қалай қолдану жайлы жоғарыда бірнеше шешімдерді, ұсыныстарды келтіріп өттік. Бастысы, «Тиолайн» компаниясының жұмыс барысында болатын техникалық ақауларға, оқысоқиғаларға жол бермей соларды ұстану.

Әдебиеттер:

1. Интернет-источник <https://kapital.kz/economic/87814/gornodo-byvayushchaya-promyshlennost-novyye-trendy-i-prioritety.html> (дата обращения 10.10.2020)
2. Kash Sirinanda «О стартапах в горнодобывающей промышленности» Перевод с англ.: Верховин С. С., АО «Иргиредмет» QVARTZ Analytics №234, Май, 2018
3. Интернет – источник <http://accountant.kz/index.php?newsid=1302> (дата обращения 10.10.2020)
4. Охрана труда и техника безопасности на карьерах, ноябрь 2018. www.resourcesandenergy.nsw.gov.au
5. Work Health and Safety (Mines and Petroleum Sites) Regulation 2014 (WHSMPS Regulation)
6. Охрана труда и техника безопасности, Аманжолов Ж.К., 2007.
7. Мясоедова О.А., Основы безопасности жизнедеятельности». – М., 2007.
8. Иванов В.Н.: Управленческая парадигма XXI века. – М.: МГИУ, 2002
9. Охрана окружающей среды. Под ред. С.В. Белова. – Москва: Высшая школа, 1991. Санитарные нормы проектирования промышленных предприятий: СН – 245-71. – Москва, 1971.
10. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности. Охрана труда
11. Карнаух Н.Н. Охрана труда: Учебник/ Н.Н. Карнаух – М. Юрайт, 2011
12. Фролов А.В. Безопасность и охрана труда при геолого – разведочных работах, Феникс, 2019.
13. Попова Т.В. Охрана труда: учебное пособие, Феникс, 2018.
14. Янковский В.К. пособие по охране труда в вопросах и ответах, Минск, 2017
15. Ефремова О.С. Охрана труда: справочник специалиста, Москва, Альфа – Пресс, 2014

References

1. Internet– istochnik <https://kapital.kz/economic/87814/gornodobyvayushchaya-promyshlennost-novyye-trendy-i-prioritety.html> (data obrashcheniya 10.10.2020)
2. Kash Sirinanda «О стартапах в горнодобывающей промышленности» Перевод с англ.: Верховин С. С., АО «Иргиредмет» QVARTZ Analytics №234, Май, 2018
3. Internet – istochnik <http://accountant.kz/index.php?newsid=1302> (data obrashcheniya 10.10.2020)
4. Ohrana truda i tekhnika bezopasnosti na kar'erah, noyabr' 2018 www.resourcesandenergy.nsw.gov.au
5. Work Health and Safety (Mines and Petroleum Sites) Regulation 2014 (WHSMPS Regulation)
6. Ohrana truda i tekhnika bezopasnosti, Amanzholov ZH.K., 2007.
7. Myasoedova O.A., Osnovy bezopasnosti zhiznedeyatel'nosti». – M., 2007.
8. Ivanov V.N.: Upravlencheskaya paradigma XXI veka. – M.: MGIU, 2002
9. Ohrana okruzhayushchej sredy. Pod red. S.V. Belova. – Moskva: Vysshaya shkola, 1991. Sanitarnye normy proektirovaniya promyshlennyh predpriyatij: SN-245-71. – Moskva, 1971.
10. Belyakov G.I. Bezopasnost' zhiznedeyatel'nosti. Ohrana truda
11. Karnauh N.N. Ohrana truda: Uchebnik/ N.N. Karnauh – M. YUrajt, 2011
12. Frolov A.V. Bezopasnost' i ohrana truda pri geologo-razvedochnyh rabotah, Feniks, 2019.
13. Popova T.V. Ohrana truda: uchebnoe posobie, Feniks, 2018.
14. Yankovskij V.K. posobie po ohrane truda v voprosah i otvetah, Minsk, 2017
15. Efremova O.S. Ohrana truda: spravochnik specialista, Moskva, Al'fa – Press, 2014

ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ РАБОТНИКОВ ТОО «ТИОЛАЙН» ПО ДОБЫЧЕ И ОБОГАЩЕНИЮ ТИТАНОВО-МАГНИЕВОГО СЫРЬЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Жапарова С.Б., кандидат технических наук

Диханбаева Г.А., магистрант

Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, Республика Казахстан

Аннотация: В данной статье проведен краткий анализ горнодобывающей промышленности в мире и в Республике Казахстан, и дана оценка обеспечения безопасности работников ТОО «ТИОЛАЙН» по разработке гравийных и песчаных карьеров, добыче и обогащению титаново-магниевого сырья с использованием инновационных технологий. Установлено, что в данной отрасли главным приоритетом остается здоровье и жизнь человека, защита основных экологии. Наиболее важным фактором развития горнодобывающей индустрии становится использование инновационных технологий для трансформации основных бизнес-моделей и ключевых производственных процессов.

Ключевые слова: горнодобывающая промышленность, безопасность работников, охрана труда, инновации

ENSURING THE SAFETY OF EMPLOYEES OF TIOLINE LLP FOR THE EXTRACTION AND ENRICHMENT OF TITANIUM AND MAGNESIUM RAW MATERIALS USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES

Zhaparova S.B., Candidate of Technical Sciences,

Dikhanbayeva G.A., master

Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Republic of Kazakhstan

Abstract: This article provides a brief analysis of the mining industry in the world and in the Republic of Kazakhstan, and assesses the safety of employees of "TIOLINE" LLP for the development of gravel and sand pits, mining and processing of titanium and magnesium raw materials using innovative technologies. It is established that in this industry, the main priority remains human health and life, protection of the environment. The most important factor in the development of the mining industry is the use of innovative technologies to transform the main business models and key production processes.

Key words: mining industry, employee safety, labor protection, innovation

ҒТАХР 14.01.07

СЫР СҮЛЕЙІ НҰРТУҒАН КЕНЖЕҒҰЛҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА
АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРДІҢ НАСИХАТТАЛУЫ

Игенбаева Р.Т., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
E-mail: IRT_2208@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3862-7661>

Төсбай Н., магистрант
E-mail: naztb@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3862-7661>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақала ұлттық құндылықтарымыздың кең қазынасы сақталған, алаштың анасы атанған Сыр бойындағы ақын-жыраулардың шығармашылығын зерттеуге арналған. Олардың тағылымдық сипаттағы шығармаларының жастар тәрбиесіндегі алатын орнына тоқтала отырып, авторлар Сыр сүлейлерінің жарқын өкілдерінің бірі шығармаларында адамгершілік қасиеттердің насихатталуын сипаттайды. Ақынның «Назым хаты», «Үшінші-бесінші назымдары», «Қорықпа, ұлтым, қорықпа!» т.б. өлеңдері негізінде адамгершілік қасиеттерін насихаттаған шығармаларына терең талдау жасалған. Адамдар арасындағы сыйластық, достармен адалдық қарым-қатынас жасау, ағайынды ардақтау, үлкенге – ізет, кішіге - құрмет көрсету сынды адамгершілік тәрбиесінің құрамдас бөліктерінің ақын шығармаларының өзегі екендігін дәлелдеген. Авторлардың ақынның адалдық пен арамдықты, жақсы менен жаманды ажыратуға үндейтін, игіліктің, ізгіліктің алтын дінгегі — еңбек екенін ұғындыратын өлеңдеріне ерекше оқталған. Нұртуған Кенжеғұлұлының ел тілегі, халық мүддесі, болашақ қамы үшін айтылған адамгершілік ақыл-тағылым сөздері зерттелген. Зерттеулерге жасаған талдау педагогика ғылымының даму тарихына қатысты қоғамдық сұраныстарға орай, көтеріліп отырған мәселенің жастар тәрбиесіне рухани қажеттілігін және Сыр сүлейлерінің мұраларындағы ұлтжандылық идеялардың толық зерттеп - зерделенбеуі, ғылыми жүйеленбеуі, ғылыми-педагогикалық айналымға енгізілмеуі, сондай-ақ, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде өз деңгейінде пайдаланылмауы мәселенің өзектілігін айқындай түседі.

Кілт сөздер: Сыр сүлейлері, Нұртуған Кенжеғұлұлы шығармалары, адамгершілік қасиеттер.

Кіріспе. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру өзекті мәселелер қатарында. Өйкені мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайту мен өркениетке қол жеткізуін табысты жүзеге асыру үшін жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарға негіздей отырып тәрбие беру бүгінгі қоғам үшін ауадай қажет. Бұл мәселе Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында айрықша аталып өткен. Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Елбасы айтқандай «ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен діліміз, әдебиетіміз, мәдениетіміз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» [1]. Ол үшін ең алдымен сол жас ұрпақтың рухани дамуын тиімді ұйымдастыра білуіміз керек.

Қоғамдағы оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Реформа барысында білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді, баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынууда. Жаһандану жағдайында рухани құндылықтарымызға қайта оралып, жастарға

сапалы білім мен парасатты тәрбие беру мәселесі өзектілігімен айқындалады. Ұлттық мұраларымыздың, тәлім-тәрбие саласының санқилы мәселелері біздің елімізде біршама уақыттан бері зерттеу нысанына айналууда. Қазақтың тәлім-тәрбие саласындағы ой-пікірлерінің ғылыми негіздерін жасап, бай мұра қалдырған аға ұрпақтың еңбектерін зерттеп-зерделеу өзектілігімен айқындалады. Еліміздегі экономикалық және әлеуметтік-саяси ахуал өткенімізге оң баға беруге, тарих шежіресінде қордаланып жатқан ізгіліктерді, халық зердесін жас ұрпаққа жеткізуді міндеттейді. Осындай игілікті міндетті шешу, тарих беттерінде ашылмай қалған құндылықтарды қаймағын бұзбай жеткіншектерге жеткізу - адами борыш. Ұрпақ алдындағы аталмыш борышты өтеу, әсіресе, тәлім-тәрбиенің кілтін қолға алып жүрген педагогтарға тікелей қатысты.

Қазақ халқының атадан балаға мирас боп қалған үлкенге құрмет, кішіге ізет, жомарттық таныту қонақжайлылық көрсету, пайым-парасаты, көсемдігі, сөзге тоқтай алу мен шешендігі, әділдігі, көрегендігі сынды адамгершілік қасиеттерден құралған ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани мұрасын қаз қалпында сақтап, оны уақыт талабына сай еселеп, жаңғырта отырып, жастарға жеткізуді көздей отырып білім беруді жүзеге асыру қажеттігі айқын [2, 19 бет].

Жаһандану жағдайында қазақ халқының ізгі асыл қасиеттерін жастардың оқу-тәрбие үдерісіне ендіру арқылы білім алушының бойында ұлттық құндылықтарды сіңіре аламыз. Аталмыш мәселені шешудің бірден-бір жолы – ұлттық құндылықтарымыздың кең қазынасы сақталған, алаштың анасы атанған Сыр өңіріндегі жыршы-жыраулардың шығармашылығын етене кең зерттей отырып, бүгінгі жастардың бойында ұлттық қадір-қасиеттерді сіңіру, өз ұлтын, өз халқын қастерлейтін адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыру.

Бұл үдерісте Сыр сүлейлері тағылымдарының алатын орны ерекше. Қорқыт бабадан бастау алған Сыр сүлейлерінің шығармашылығы кейінгі ұрпаққа үлгі болар терең толғаулар, жыр-термелер, нақыл сөздерімен ерекшеленеді. Ерекше дарындылығымен, ақындық шеберлігімен, тағылымды жырларымен суырылып алға шыққан тұлғаларды Сыр бойы халқы үлкен құрметпен дүр, шайыр, сүлейлер деп атады. Шайыр, дүр, сүлейлер өз шығармаларына рухани құндылықтарды арқау еткен. Сүлейлер дүниеге келтірген жырлар ұлтымыздың болашағына үлгі-өнеге ретінде жол салған, теңдесі жоқ мұралары арқылы жақсылық, ізгілік туын жоғары көтеріп, жастарды ауызбіршілікке, адамгершілікке, елжандылыққа, еңбек етуге үндейтін толғау-термелерде игі қасиеттерді көңілге тоқып, зердеге сіңіруге баулыған.

Тұранның төрінен орын алып, жыр-әннің елі атанған Сыр елінің біртуар тұлғалары Балқы Базар Оңдасұлы, Жиенбай жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Ешнияз сал, Қарасақал Ерімбет, Дүр Оңғар, Бұдабай Қабылұлы, Шораяқтың Омары, Тұрымбет Салқынбайұлы, Тасберген жырау, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Нұртуған, Рүстембек, Көшеней Рүстембекұлы, Нартай Бекежанов секілді Сырдың сүлей ақындары жастарға тағылым-тәлім-тәрбие, өнегелі өлеңдер қалдырып, өсиеттік мәні бар ақыл-нақылдар жазған [3, 39 бет].

Сыр саңлақтарының шығармашылығын мейлінше кең зерделеп, жас ұрпақты тәрбиелеу үдерісінде пайдалану педагогтардың ауқымды міндеттерінің бірі саналады. Сыр сүлейлері шығармашылығындағы педагогикалық ой-тұжырымдар қоршаған ортаға, адамға, қоғамға жылы қарым-қатынас орнатудан бастау алып, жастардың адамгершілік ізгі қасиеттерін қалыптастыруға, оларды жақсылыққа насихаттай отырып, парасатты тұлға дамытуға бағытталған. Сыр сүлейлерінің шығармаларындағы педагогикалық идеяларды арнайы зерттеп, жастар тәрбиесінде қолдану жолдарын қарастыру аталмыш мақаламыздың негізгі мақсаты.

Сыр сүлейлерінің шығармалары туралы, олардың педагогикалық маңызы жайлы зерттеулердің ішінде Ә.Қоңыратбаев [4], Ұ.М. Байбосынова [5], Ж.Рахматтула [6], Т.Тебегенов [7] еңбектеріне ерекше назар аударғымыз келеді.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Аталмыш зерттеушілердің еңбектеріне жасалған талдау сүлейлер шығармашылығының жастар тәрбиесіндегі маңызын, тағылымдық сипатын айқындайды. Сыр бойы ақын-жырауларының, жыршы, сүлейлерінің өлеңдеріндегі педагогикалық идеялардың қажетті деңгейде зерттелмеуі, ғылыми-педагогикалық тұрғыда жүйеленбеуі, сондай-ақ жас ұрпақты тәрбиелеуде қажетті деңгейде пайдаланылмауы мақалада айқындалған мәселенің өзектілігін арттыра түседі.

Сыр сүлейлері шығармашылығындағы көтерілетін негізгі тақырып – адами құндылықтар. Сүлейлер қайталанбас көркем шығармалары, оларды шешендік сипатта жеткізуі арқылы жастардың сенім ақтайтын тұлға болып өсуіне, жаман қасиеттерден жиреніп, жақсы қасиеттерге ұмтылуға, мейірімді болуға, ізгілік пен сүйіспеншілікке бойларында сіңіруге баулыған.

Біз тілге тиек етіп отырған Сыр сүлейлерінің жарқын өкілдерінің бірі Нұртуған Кенжеғұлұлы. Дүлдүл ақын замандастарынан оза шауып, терең ойлап, елінің, халқының қамқоры бола білген. Жастарды білімді болуға үндеп, елін, халқын көз ашық, сауатты жастарды тәрбиелеуге, аға буын өкілдерін қазақ деген қасиетті атқа кір келтірмейтін азамат тәрбиелеуге шақырған. Ақынның шығармаларының барлығы дерлік педагогика ғылымындағы тәрбиенің бағыттарын түгел қамтыған десек артық емес.

Нұртуған ақынның тағылымы мол өлеңдерінде рухани-адамгершілік тақырыбы, ізгілік қасиеттер кең қамтылған. Адамдарға ғана тән бір-бірімен сыйластық, адалдық қатынас орнату, жақсыны ардақтау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізеттік таныту сияқты адамгершілік тәрбиенің түрлі салалары Нұртуған Кенжеғұлұлы шығармаларында айрықша сипатталған.

шығармашылығындағы өзектілігімен айшықталатын тақырып – бірлік пен достық қарым-қатынас тақырыбы. Оның «Заманнан сөйлеп барамын» деген өлеңінде жастарға бұрынғы білімпаз дана аға ұрпақтың ұнамды сөздерін үлгі етеді. Оларды «сірә, сабаңды шайқалтпайды» деу арқылы, бірлік, сыйластық қашан да қазақ халқы, ата-бабаларымыз үшін ұран болғандығын айта келе:

Сол бірлікке қаланар

Кірпішінің бірісің. . .

Бойыңа дарыт, балалар,

Жақсы әдет пен үлгісін», - деген өсиет қалдырған! [8, 145 бет].

Адамзат арасындағы достық - сыйластықтың, сый-құрметтің, мәдени қарым-қатынастың жемісі екендігін жеткізе отырып, ақын «қонақ болған кісіні ерекше ықылас қойып құрметтеу қажеттігі адамзат тіршілігіндегі береке көзі екендігін насихаттайды. Егер «үлкен-кішіні сыйлай білсең, кісіге түсінді құбылтпай майда сөйлесең, өзің де сыйлы боласың» деген тұжырым айтады.

Сырттан айтып даттама,

Сүйеніскен досыңды.

Әншейінде доссымақ

Бөліп ішер асыңды,

Іс түскенде жегідей

Кеміреді басыңды, – деп, қарым-қатынас құруда ақыл-парасатпен шешім қабылдауға шақырады.

Нұртуған ақынның шығыс поэзиясының әсерімен жазған төрттағандарынан көптеген нақыл-өсиет өлеңдерді кездестіруге болады. Мысалы:

Тыңдадым сөз асылын кішкентайдан.

Атадан үйренбесек, келді қайдан?!

Өскен соң, естігенің еске түсіп,
Шыққандай жадырайды жаңа ойдан.

Нұртуған, әсіресе, өз замандастары мен болашақ ұрпақтарын «жақсылардың қосын жегуге», ең алдымен сол жақсыларды көп ішінен ажырата білуге, жамандардан, жылпостардан іргесін аулақ салуға шақырды. Адамгершілік, адалдық жолға шығуларына жөн сілтеді [7,22 бет]. Ақынның «Адаспайды ақылды» деген тағылымға толы өлеңінен қазақ халқының мақалына негіз болған «Ағайын тату болса ас көп» деген қағиданы алға тартатындығын байқаймыз. Бірлік, сыйластық, берекелі мәдени қарым-қатынас сынды қасиеттерден алшақ қалған кейбір адамдар хақында «Бір кеңес» деген өлеңінде жырлайды. «Өзін тауға балайтын кейбір жарым естердің қарап тұрсаң, сәл нәрседен шыныдай сынып кетіп, адам кеуілін қатты сөзбен жаралайтындығына тоқталады. Дәл сол жандар:

Қолына опасыздың олжа түссе,
Досы мен жолдасына қарамайды, - деп қынжыла топшылайды.

Ол «Ерлермен есі бүтін болсаң ұлпат» атты шығармасында жақсы жандармен сыйласаң кемшілігіңді білдірмей, жамандықты жасырып, жақсылықты асырып, мәртебенді көтереді. Егерде мінезі жамандарға жолап кетсең, қабаған иттей өзіңе қайта шабады дей келе, жақсы мен жаман жандарды қашан да ара-жігін ажыратып қатысуға бағыттайды.

Ақын шығармашылығында тұрмыс-салт, әдет-ғұрыпқа байланысты өлеңдерді көптеп кездестіреміз. Жаман әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жас ұрпақтың тұнығын лайламасын, санасын ластамасын, ал жақсылары жандарына желеу, көңілдеріне медеу болсын деген оймен Нұртуған бұл жөнінде де көп өлең жазды, Солардың бірі «Он жеті назымы». Бұл шығарма оқырманның жақсы менен жаманды, ізгілік пен арамдықты ажыратуға үндейтін дүние болып табылады.

Ауқатты ағайындардың мал шашпақ, атақ алмақ, дарақылық қылмақ әдеттерін де көзден таса қалдырмайды. Дүние-мал үшін иманын сатқан молдалар мен билерді де аяусыз әшкерелейді.

Мұсапат түссе біреуге,
Шаштырдың қолда жиғанын.
Дастарқан жайып, мал шашып,
Жақсы көрдің сойғанын
Иманды сатып малға алып,
Өзіңді-өзің алдадың
Көзге айтамын көркінді,
Осылайша, ұлтым, тозғаның! [8,192 бет].

Нұртуған ақын өнер-білім қууға талабы бар жастардың басын бір ортаға біріктіру жолында аянбай еңбектенеді. Ақынның «Үшінші-бесінші назымдарында» надандықтың, ұрлықтың, шарифат пен Құранға сәйкес келмейтін, дүмше молдалар ойлап тапқан жіміскі әрекеттердің қаншалық зияндылығын баса айтып, «өздерің солай болсаңдар да, балаларыңды надандықтан құтқарсаңдаршы!» деп жар салады. Тағы да өз атынан:

«Жасынан бұған көнсін» деп,
Мал бақтырдым баламды. . .
Ғылымменен қас болдық,
Білімсіздік, білместік —
Көтердік соған ұранды. . .
немесе:
Надан болған баланың
Кім тартады жазасын?!
«Бармаймын» деген жеріңе

Осымен-ақ барасың!— деп, надандықтан арыла алмай жүргендердің бетіне салық қылады [6, 78 бет].

Жастарға сапалы білім, парасатты тәлім-тәрбие берудің жағымды немесе жағымсыз нәтижесі туралы Нұртуған жырау «Жігіттер, егер перзентің, жақсы тәлім алса отырған жерің кеңейіп, рахаттанасың, ал егер тағылым алмаған бала үшін ешқашан төрге шыға алмайсың деп терең мағыналы, астарлы тұжырыммен жеткізеді.

Ақын жас буынға арнап жазған өлеңдерінің барлығында дерлік мүмкіндігінше: «Білім ал, білім алуға талаптан, өйткені білімсіз күнің қараң. Алайда ғылым, білім жолына түсу оңай емес, ол үшін табандылық пен төзімділік қажет» екендігін ескертіп отырады.

Нұртуған Сыр сүлейлерінің ішінде білім алуға ынталы жастарды бір ортаға біріктіру мақсатында көп еңбек сіңірген ақын. Ол өзінің «Үшінші және бесінші назымдарында» дүмше молдасымақтар өздігінше ойлап тапқан ұрлық пен надандықтың зияндығына жастардың көзін жеткізбек болады, өз замандастарына «өздерің солай болсаңдар да, балаларыңды надандықтан құтқарсаңдаршы!» деген жанайқайын жеткізеді.

Сыр сүлейлері жас өркен тәрбиесіне ерекше мән беріп, көңіл аударған. Кішіпейілділікті, қарапайымдылықты, парасаттылықты, адалдықты, адамгершілікті дәріптеп, менмендікті, кеудем соқтықтықты ылғи да мінеп, ондай абыройсыз әдеттен аулақ болуды өсиет еткен. Халқымыздың «Ұлық болсаң - кішік бол», «Болған адам – болдым демес, болдым десе болғаны емес» деуі де адам қашан да кішілігі мен кісілігін, көпке деген ізгілігі мен инабатын үзбей тіршілік ету қажеттігін айтып өткен.

Нұртуған ақын да өз шығармаларында жастарға салиқалы ой, парасатты тағылым, өнегелі өсиет қалдырған. Ақын шығармаларынан эмоцияға толы сезімін, «халқым, елім, ұрпағым» деген ұғымдардың ақын жүрегінің лүпілімен үндес екендігін байқауға болады.

«Қорықпа, ұлтым, қорықпа!» деп аталатын өлеңінде қазақ халқының тұрмыс-тірлігі жөнделіп, «Қазақстан» атанып, Жылдан-жылға қатайып, Келесің түсіп қалыпқа» дей отырып, еліміздің «әлем таныр ел болып, гүлденетіне кәміл сенеді:

Қыран көзді данышпанның
Пайдасы тиді халыққа.
Қараңғыға қамалған,
Қазағым, шықтың жарыққа!
«Қазақстан» атанып,
Жылдан-жылға қатайып,
Келесің түсіп қалыпқа...
Өмірің әлі-ақ гүлденер,
Тарықпа, халқым, тарықпа! [8, 198 бет].

Нұртуғаның адам баласына несібе мен ырзық, береке мен бірлік тек қана адал еңбектің арқасында қонатынын, ізгілік, жақсылық, игілік атаулының алтын дінгегі еңбек екендігін ұғындырып баққан. Ақын өзге де Сыр сүлейлері секілді адамгершілік ізгі қасиеттерге терең білім, ғылым арқылы қол жеткізуге болатындығын дәріптейді. Ол ойын:

Ойсыз көңіл ауру,
Тұратын сырты жылтырап.
Еңбек — сенім, сауығу,
Кешіксек қалдық құлдырап,— деп жеткізеді [8, 177 б].

Қазақ халқының жас ұрпақты тәрбиелеу қағидалары педагогика ғылымындағы тәрбие бағыттарымен үндес деуге болады. Мысалы, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің жеті ерекшелігін көрсетуге болады:


1. Ел жұртының қамын ойлау, халқын асырау.
2. Жері кеңнің өрісі де, өресі де кең екенін ұқтыру.
3. Кісілікті құрметтеу, қасиетімен жұғысу, дәстүр-салтпен табысу.
4. Көркем сезім серіктігі, тура сөздің мәнділігі, бүтін ой тереңдігі.

5. Ердің еңбек пен намыста есеюі, белсенді әрекетте бірлесуі.
6. Өткенді әділет тұрғысынан таразылау, елдік бітіммен көгеру.
7. Көк Тәңірге табыну, иман сақтау.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Нұртуған Кенжеғұлұлының шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесін жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде пайдалануға арналған арнайы әдістемелік жұмыстар іске асырылды. Тәжірибелік жұмыстарға эксперименттік топта 15 және бақылау тобында 15, барлығы 30 студент қамтылды. Осы мақсатта «Сыр сүлейі Нұртуғанның шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесі» атты арнайы курс бағдарламасы жасалынды. Арнайы курс негізінде педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптасу кезеңін жүзеге асырдық. Курстың негізгі мақсаты - студенттердің Сыр бойы жырауларының, оның ішінде Нұртуған ақынның шығармашылығы, ондағы педагогикалық идеялар жайлы білімдерін тереңдету. Біз аталмыш курста алдымен, студенттердің Сыр бойы ақын-жырауларының өмірдерегі, шығармашылығы, ондағы педагогикалық ой-пікірлер жайлы білім деңгейін көтеруді мақсат тұттық. Сонымен қатар олардың шығармаларындағы осы кезге дейін ешбір ғылыми еңбекке негіз болмаған тәрбие беру мүмкіндіктерін қарастырдық.

Курс барысында әрбір лекциялық сабақтан кейін практикалық жұмыстар жүргізілді. Ол практикалық сабақтар барысында студенттер Нұртуған Кенжеғұлұлының өмірбаяны жайлы рефераттар дайындалды, авторлық шығармалары тізбегі жасалды, «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығы студенттерінің қатысуымен лекция-концерт жүргізілді. Сыр бойы жыраулары туындыларының тәрбиелік бағыттары анықталды.

Зерттеу нәтижесінде біз эксперименттік топтағы студенттердің Сыр бойы ақын-жыраулары туралы білім деңгейінің тереңдегенін байқадық. Төменде эксперименттік топта жүргізілген эксперимент нәтижелері арқылы студенттердің білім деңгейінің өсу динамикасы кесте және диаграмма ретінде берілген (Диаграмма 1 және Кесте 5-ті қараңыз).



Сурет 1 - Эксперименттік топта жүргізілген эксперимент нәтижелері

Сыналушы топта экспреиментке дейін студенттердің білім төмен деңгейі 42 пайызды құраса, қалыптастырушы эксперименттен кейін ол 27 пайызға түсті. Орта деңгей эксперимент алдында 37 пайыз, эксперимент соңында 41 пайызға жетті. Жоғары деңгей 19 пайыздан 32 пайызға көтерілді.

Кесте 1-Студенттердің білім деңгейінің өсу динамикасы

№	Деңгейлер	БТ экс дейін	БТ экс кейін	ЭТ экс дейін	ЭТ экс кейін
1.	Жоғары	19%	19%	19%	32%
2.	Орта	38%	39%	37%	41%
3.	Төмен	43%	42%	42%	27%

Қорытынды. Қазіргі таңда дүниені ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз негізінде тану мәселелері ұрпаққа мәдени-эстетикалық тәрбие беру саласында көрініс тауып отыр. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеуге бағытталған еңбектер соның дәлелі [9, 14 бет].

Адамгершілік ең алдымен рухани тәрбие. Адамгершілік – адамзат бойындағы ең асыл қасиет, ол адамзат баласының ең биік мақсатын айқындайды. Бұл мақсат адамды ізгілікке, мейірімділікке баулиды, өз Отанын, елін, отбасын қастерлеуге үйретеді. Бойында адамгершілік қасиеті жоқ адам ең алдымен өзін-өзі сыйламайды. Жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі - тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғамдық өмірдің ұстанымдары, дәстүрлерімен үйлесетін адами қасиеттерін дамытуды көздейді.

Адамгершілік қадір қасиеттің ең маңызды тірегі адамның адами наным, оның мәдени даму деңгейі мен ерік-жігері болып табылады. Адамгершілік мінез-құлықтың негізі - өз кезегінде қоғамның оң немесе теріс бағалары бар іс-әрекеттер. Жалпы, адамгершілік қасиет жеке адамның өмірін анықтайды. Сыр сүлейі, шығармалары да жастарды адамгершілікті және ізгі қасиеттерге үндейді.

Ұлт мақтаны, қазақтың кемеңгер педагогы, ойшыл ақын М.Жұмабаев: «Ұлттық тәрбиенің негізі – адамгершілік тәрбие», - деген болатын [10, 20 бет]. Жас жеткіншектің адамгершілік мәдениеті қазақ халқы үшін қай кезде де күн тәртібінен түсіп көрген емес. Бүгін де олардың адамгершілік мәдениеті жоғары болуы маңызды мәселе ретінде саналады.

Білім алушы жас ұрпақ, келешектегі білікті мамандардың өзінің туған жерінің, өскен елінің қайраткерлерін, халқына риясыз еңбек еткен, туған халқының өсіп-өркендеуін көксеген, дамуына, кемелденуіне үлес қосқан тарландарын, олардың өмірін, шығармаларын білгені, зерделегені тәрбие кілтін ұстаушы білім беру өкілдерінің алдында тұрған маңызы зор, ауқымды міндеттердің бірінің шешімі.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру// Қазақстан, 3 шілде, 2017.
2. Таубаева Ш. Т. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің тарихи негіздері / Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Солтанов Қ.М. // Ұлттық тәрбие . – 2017. – №1(37), 19-25 б.
3. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). – Алматы : Ғылым, 1995. – 160 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Сыр шайырлары // Жұлдыз журналы. – Алматы, 1959. – №6. – 22 б.
5. Байбосынова Ұ.М. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006. – 24 б.
6. Рахматулла Ж. Қазақтың қанында бар өнер. Мәдени мұра. // Егемен Қазақстан, 2004. 18 ақпан.
7. Тебегенов Т. Ақындық өнер және фольклор дәстүрлері / Т. Тебегенов // Ізденіс. – 2001. – №6. –36-42 б.
8. Кәрбозұлы Б., Игенбаева Р.Т. Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық тәлім-тәрбиелік тағылымы. – Алматы: Барыс, 2019. –168 б.
9. Кенжеғұлұлы Нұртуған Шығармалары. Екі томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 376 б.
10. Нұртуған ақын және қазақ тарихы / Р. Жолболсынов, Б. Қуатова // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – 2016. – №5. – Б. 19-25

11. Игенбаева Р.Т., Баймағамбетова Г. Нұртуған шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесі // «Шоқан оқулары-18» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 25-26 сәуір 2 том. – Көкшетау, 2014

12. Жанбершиева Ұ.Н., Қасқырбай Ғ. Сыр сүлейлері хат өлеңдеріндегі көркемдік ерекшелік // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы № 1(50) 2018, 41-48 б.

13. Жүсіпов Б. Сүлейлер / Монография. – Алматы, 2010. – 232 бет.

References

1. Nazarbaev N.Á. Bolashaqqa baǵdar: Rýhanı jańǵyrý // Qazaqstan, 3 shilde, 2017.
2. Taýbaeva SH. T. Jastarǵa rýhanı-adamgershilik tárbie berýdiń tarihi negizderi / Taýbaeva SH.T., Imanbaeva S.T., Soltanov Q.M. // Ulttyq tárbie . – 2017. – №1(37), 19 - 25 b.
3. Qazaq dalasynyń oıshyldary (IX-XII ǵǵ.). – Almaty : Ǵylym, 1995. - 160 b.
4. Qońyratbaev Á. Syr shayırlary // Juldyz jýrnaly. – Almaty, 1959. – №6. – 22 b.
5. Baibosynova U.M. Syr boıy aqyn-jyraýlary shyǵarmashy – lyǵyndaǵy ıslam taqyryby: filologıa ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı derejesin alý úshin daıyndalǵan dissertatsıanyń avtoreferaty. – Almaty, 2006. – 24 b.
6. Rahmatýlla J. Qazaqtyń qanynda bar óner. Mádenı mura. // Egemen Qazaqstan, 2004. 18 aqpan.
7. Tebegenov T. Aqyndyq óner jáne folklor dástúrleri / T. Tebegenov // Izdenis. – 2001. - №6. – 36 -42 b.
8. Kárbozuly B., Igenbaeva R.T. Syr súleileri shyǵarmalarynyń ulttyq tálim – tárbielik taǵylymy. – Almaty: Barys, 2019. - 168 b.
9. Kenjeǵululy Nurtýǵan SHyǵarmalary. Eki tomdyq. – Astana: Foliant, 2008. – 376 b.
10. Nurtýǵan aqyn jáne qazaq tarihy / R. Jolbolsynov, B. Qýatova // Qazaqstan tarihy: әdistemelik jýrnal. – 2016. – №5. – B. 19-25
11. Igenbaeva R.T., Baimaǵambetova G. Nurtýǵan shyǵarmashylyǵyndaǵy adamgershilik tárbiesi // «SHoqan oqylary-18» halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferentsıa materialdary 25-26 sáyir 2 tom. – Kókshetaý, 2014
12. Janbershieva U.N., Qasqyrbaı Ǵ. Syr súleileri hat óleńderindegi kórkemdik erekshelek // Qorqyt Ata atyndaǵy Qyzylorda memlekettik úniversitetiniń Habarshysy № 1(50) 2018, 41-48 b.
13. Júsipov B. Súleiler / Monografiya. – Almaty, 2010. – 232 bet.

ПРОПАГАНДА НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СЫР СУЛЕЙИ НУРТУГАН КЕНЖЕГУЛУЛЫ

Игенбаева Р.Т., к.п.н., доцент

Тосбай Н., магистрант

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан*

Аннотация

Данная статья посвящена изучению произведений и творчества акынов-жырау великого Сыра, которые сохранили в себе национальные ценности. Опираясь на роль и место воспитания молодежи, авторы описывают пропаганду нравственных качеств в произведениях одного из ярких представителей Сулеев Сыра Нуртугана Кенжегулулы. Авторы провели глубокий анализ произведений акына, пропагандирующих нравственные качества такие как «Назым хаты», «Үшінші-бесінші назымдары», "Қорықпа, ұлтым, қорықпа!" и другие. В основе творчества поэта лежат компоненты нравственного воспитания, такие как уважение между людьми, честные отношения с друзьями, уважение к старшим и учтивое отношение к младшим. Авторы уделили особое внимание стихам поэта, которые призывают различать честность и совесть, хорошее и плохое, осознают, что золотой стержень блага и гуманизма — это труд. Изучены слова нравственных устоев Нуртугана Кенжегулыга, высказанные в поддержку желаний народа, интересов народа, будущего. Анализ исследования подчеркивает необходимость духовного воспитания молодежи. В то же время актуальность проблемы определяется тем фактом, что патриотические идеи в наследии Сулеев Сыра не изучены полностью, не научно

систематизированы, не включены в научно-педагогический оборот и не используются на соответствующем уровне в воспитании будущего поколения

Проведенный анализ исследований конкретизирует потребность поднимаемой проблемы в воспитании молодежи в свете общественных запросов. Вместе с тем актуальность проблемы подчеркивается неполным исследованием, научной систематизацией, не достаточным внедрением в научно-педагогический оборот национальных идей в наследии поэтов края, а также их недостаточным использованием в воспитании будущих поколений.

Ключевые слова: Сулей Сыра, произведения Нуртугана Кенжегулулы, нравственные качества.

PROMOTION OF MORAL QUALITIES IN THE WORKS OF SYR SULEYI NURTUGAN KENZHEGULULY

Igenbayeva R.T., candidate of pedagogical Sciences, docent

Tosbay N., undergraduate

Korkyt ata Kyzylorda state University, Republic of Kazakhstan

Annotation

This article is devoted to the study of works and creativity of akyns-Zhyrau great Cir's, which have preserved national values. Based on the role and place of youth education, the authors describe the promotion of moral qualities in the works of one of the brightest representatives of the sulei Cir's, Nurtugan Kenzhegululy. The authors performed a deep analysis of the works of the bard, promoting moral qualities such as «Назым хаты», «Үшінші-бесінші назымдары», "Қорықпа, ұлтым, қорықпа!" and others. At the heart of the poet's work are the components of moral education, such as respect between people, honest relations with friends, respect for elders and courteous attitude to the younger. The authors paid special attention to the poet's poems, which call to distinguish between honesty and conscience, good and bad, and realize that the Golden core of good and humanism is work. The words of Nurtugan Kenzhegululy's moral principles expressed in support of the people's wishes, interests of the people, and the future are studied.

Analysis of studies shows the relevance of the problem in connection with social needs concerning the history of development of pedagogical science is not fully understood, not systematic research, not included in educational horizons, and not used at the appropriate level in the education of future generations.

Keywords: sulei Cir's, works of Nurtugan Kenzhegululy, moral qualities.

FTAXP 17.82.10

АҚЫН Ж. ӘБДІРАШЕВТІҢ «СОРТОПЫРАҚ» ПОЭМАСЫ

Құлбарақ Сәмен., филология ғылымдарының докторы,

E-mail: Samen-56@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6092-5388>

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің профессоры

Аңдатпа

Мақалада қазақ поэзиясының дарынды тұлғасы Ж. Әбдірашевтің «Сортопырақ» поэмасы - Қ.Аманжоловтың «Өмір туралы», М.Мақатаевтың «Реквием. Жан азасы» туындыларымен қатарлас тұратын айтар сыры мол шығарма екендігі айтылады.

Поэмада акын түс көреді. Түсінде туған ауылына барып, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен әкесі және анасымен, беймезгіл мерт болған қызымен, ауылдың өзі білетін ақылман қарияларымен кездеседі. ...Және де адам жаны шошитын Арал апатты аймағының зардаптары – жарымжан, құбыжық бала бейнелерін көреді. Өмірдің осындай күрделі мәнін, тағылымын аша отырып, акын

поэмаcының әлеуметтік-қоғамдық жүгін Арал өңірінің экологиялық апат зардаптарымен байланыстырады. Поэманың өн бойынан байқалып тұратын жай – ақын ең жақын адамына ақыреттік сырын ашады. Ол – баласы. Ақынның ішкі сырын ашуға бағытталған жан – ақынның ең ардақтысы, келешек үміті де, өмірінің жалғасы да сол. Сөйтіп, поэмада үш оралымдық байланыс жүзеге асқан, ол: ақын, баласы, оқырман. Баласына қарата отырып, ішкі сырын, көрген түсін жырлаған ақын оқырманының алдына өмірдің үлкен жүгін, пәлсапасын тартады. Ойландырады.

Кілт сөздер: Ж. Әбдірашев, «Сортопырақ», Арал, бала, оқырман

Кіріспе: «Дала, сенің ұлыңмын» [1] деп жырлаған қазақ поэзиясының дарынды тұлғасы Жарасқан Әбдірашев «Сортопырақ» поэмасының соңына 2001 жылы жазыпты. Бәлкім, бұл шығармасын автор одан ертерек бастап, сол жылы аурумен алыса жүріп аяқтады ма екен. Туындының жанрлық сипатын «трагедиялық поэма» деп өзі атап көрсеткен.

Қазақ әдебиеті аяулы ақынынан сол 2001 жылы айырылды. Поэма алғаш рет «Жас Алаш» газетінде «Алтын көмбе» деген айдармен 9 ақпан 2002 жылғы №17 санында жарияланды.

Пәни-ғұмыр, бәлкім, ғаламдық уақыттың өлшемімен алғанда, тым қысқа болар. Бірақ осы аралықта адам дүниеге келеді, жарқырап жанады, алысады-жұлысады, пешенеге жазылған уақыты жеткенде, өмірден озып кете барады. Бұл – Адамзаттың еркінен тыс Жаратылыс заңы.

Дегенмен, кімде-кім болмасын «келместің кемесіне» аяқ салғанда, бұл дүниенің жалғандығын бар жан-тәнімен сезінетін болар. Пенденің «дүние-ай, шіркін, өтер бір күн» деуі де өмірден алынғаны сөзсіз. Алайда, сол бір алапат шақтың шындығын артқыға жеткізіп кім айта алды дейсің. Өкініші мен шүкіршілігі басым сол бір кездің алдындағы адамдық қимас бейопа сезімді Жаратушы сәл мүмкіндік берсе, қолында қаламы бар өнер иелері, оның ішінде ақын ғана, бәлкім, жеткізе алар. Онда да қаламы сусып түсіп, қайта ұстауға шамасы келмей қалмаса...

Қасым ақынның «Өзім туралысы» [2] мен Мұқағалидың «Жан азасы» [3] осындай дүниелер - өлім-өмір жырлары... Өлімнің табалдырығына келіп қалғанда, мына тіршіліктің құдіреттілігін соншалықты терең, бұрын-соңды байқамаған ерекше түйсікпен сезінген болар олар. Әйтпесе, Мұқағали ақынның «Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой...» деп ой түюі нағыз ақиқат шындық, бұлтартпас дүние. Бұрынғы туындыларында кездеспейтін бұл ерекше орамды ақын әлдебір ерекше түйсікпен сезінген сияқты да, қаламының ұшына іліктірген. Енді, міне, сондай туындылардың қатарында Жарасқан ақынның «Сортопырағын» кезіктіреміз.

Поэманы мына өмірдің өткіншілігін сезінбей оқи алмайсың. Түрлі ойға жетелейді. Бойда күш-қуатың толысып тұрған шағыңның қаншалықты қымбат, бағалы екенін аңғарасың. Сол уақыттың бос өткеніне, зымырап артта қалғанына өкінесің. Өкінішсіз адам, өмір бар ма, сірә. Туындының эстетикалық-философиялық әсер қуаты осы бір адами сезімнен бастау алып, жан-дүниенді шырғап алып жатады.

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Қабағыңды орынсыз шыта бермей,
жанарыңның жарығын түсір маған [4],-

дейді ақын кейінгі ұрпағына үн қатып. Ақындар жырлайтын «өтті дәурен» деген осы екен ғой. Әйтпесе, бұл сонау 60-жылдардың соңы мен 70-жылдардың басында ақындық әлемге атойлап, аттандап келген Жарасқан ақынның айтар сөзі осы ма дерсің?! «Соғыстан соңғы ұрпақымыз» [5] деп бір буын ақын-жазушының көшбасында тұрды. «Дала, сенің ұлыңмын!» деп бар ақындық даусымен әлемге жар салды. Дуылдатып талай ортада

өлеңдерін оқыды. Дарындыларды мойындап, өзін де өзгеге мойындата білді. Өлеңдегі келеңсіздікке қарсы шықты. Ойхой, албырт жастық пен бойды кернеген ақындық қуат не істеткізбеді, не айтқызбады, не ішкізбеді дейсің. Айтты да, жарқырап жанды да. Дәуірлеп жүрді де. Бұл да адамның бұ дүниедегі пешенесіне бұйырған аз күндік болса да бақыты, шаттығы болар. Дегенмен, қызылды-жасылды күндердің барлығы баянсыз, өткінші екен. Бұл бір Жарасқан ақынға емес, бәрімізге де ортақ айдай шындық. Поэманы оқи бастап осы жайды жан-жүрегімізбен сезінеміз.

Бір кездері жарқырап-жанып жүрген ақынды, енді міне, дауасыз дерт жеңген. Қытымыр уақыт, бейдауа денсаулық жайы үстемдік етеді. Соның құрсауынан қанша бұлқынғанмен, шығып кете алмайды. Дәрмені жетпейді. Ауру бірақ тәнді қыспаққа алғанмен, ақынның ішкі рухын жеңе алмайды екен. Ақын бір сәт аурудан бойы сәл жеңілдегенде, қауырсын қаламын қолына алады. Ішкі арманын, ойын, ақындық-азаматтық парызын ақырғы сәттеріне шейін халқына жеткізіп қалғысы келеді. Ақиық ақын Мұқағали да сөйткен...

«Сортопырақ» поэмасы дүниеге осылай келген.

Түсін, балам,
мені де түсін, балам.
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Көптен бері түс көрмей кетіп едім,
кеше түнде көрген бір түсім жаман,-

дейді ақын ендігі әңгіменің беталысын сүйікті ұлына аңғартып.

Мықты ақындардың ерекшелігі – ортақ тақырыптың өзін жаңғыртып, түрлі формада жырлайды. Жоғарыда айтқан Қасым ақынның өлеңі мен Мұқағалидың жан азасы әдебиетші Баянғали Әлімжанов жазғандай, табиғаты тақылеттес шығармалар [] болып, бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп тұрғанмен, біріне-бірі мүлде ұқсамаса, Жарасқан ақынның «Сортопырақ» туындысы да өзіне дейінгі әлгі туындылармен мазмұндық сабақтастығы болғанмен, ойдың берілуі мен түрлік жағынан өзгеше дүние болып өрілген.

Поэмада ақын түс көреді. Түсінде туған ауылына барып, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен әкесі және анасымен, беймезгіл мерт болған қызымен, ауылдың өзі білетін ақылман қарияларымен кездеседі. ...Және де адам жаны шошитын Арал апатты аймағының зардаптары – жарымжан, құбыжық бала бейнелерін көреді.

О дүние де өзінше бір әлем екен дейді. Жатсынар емес, қайта қуаныса құшағына алып жатыр. Жарасқан ақын олармен сөйлесіп, анасымен сағыныса қауышып, көңілін басады, ал әкесі мен ауыл қариялары көзі тірісінде орындалмай кеткен істердің жайын сұраса, құбыжық бейнелердің адамдарға айтар таусылмас арыз-шағымы бар екен дейді.

...Алшақтығын бір аттап аралықтың,
туған үйге қайта бір оралыппын.
Ауыл-аймақ түгелдей мәз болуда –
базарында жүргендей балалықтың.

Келгеніндей немесе елге жаздың,
қонғанындай тобымен көлге қаздың,
қоңыраулатқан қиқулы дүние бір
арасында солардың мен де мәзбін! -

дейді ақын ғажайып түсінде о дүниенің есігін айқара ашып. Жалпы, адамзаттың о дүние туралы ойлауы мен мәңгілік өмірді аңсауы ықылым заманнан келе жатқан тұтас бір тарихи-философиялық категория. Адамзат дүниеге әкелген талай мифтік дүниелердің бүгінгі күнге жеткен терең мазмұны, өмір-өлім жайлы әрқилы аңдатулары бар. Қасым ақын да күндердің бір күнінде көктемде құлпырған қыр гүлімен бірге көктеп шығармын

десе, Мұқағали ақын бұл дүниені қалай бауырласаң, о дүниені де солай жатсынба деп ой төгеді. Бәлкім, бұл адамның өзін-өзі сендіруі, о дүние туралы жақсы ұғым, үміті болар, қалай дегенде де адам осы осы жақсы үмітімен, сенімімен өмір кешеді.

Жарасқан ақынның туындысында да осындай сипат - о дүние туралы өзіндік ұғым, сенім байқалады. Мұқағали ақын айтқандай, қалайша жатсынсын. Ақын көптен көз жазып қалған анасымен о дүниеде кездесіп жатса... Пейіштегі анасы да сол тірліктегідей екен. Өлі де қарапайым, әзіз жүректі. Бар уайымы мен қуанышы әлі де баласының үстінде. Мұның өсіп, бүгінде үлкен азамат болғанын, ел сөзін сөйлейтін ақын атанғанын, тіршіліктің ыстық-суығына күйіп-жанып, енді сол өмірдің сабынның алқындысындай азы қалғанын, ауру жанын күйзелтіп, мазасы болмай жүргенін елемейтін де тәрізді.

Анам байғұс иіскеп маңдайымнан,
әлденелер сұрауда мән-жайынан.
- Жиі-жиі осылай келіп тұрсаң,
кетпеймін бе, айналып сендей ұлдан, -

деп іші-бауырына кіріп, мейірімін төгіп алғаннан кейін күні кешегідей сүйікті немерелерін сұрайды. Адамның бір бақыты ұрпақ жалғастығымен сабақтасып жатса керек. Әже үшін немереден қымбат кім бар. Алайда, тірлікте олар бір-бірімен жиі жүздесіп бауырласа алды ма... Анасы осылай жүрегі жарыла қуанып жатқан секілді көрінгенмен, жүзінен бәрібір мұң, көзінен жас аңғарылады. Неге олай? Ақын үшін де, оқырман үшін де бұл жұмбақтың шешімі кім-кімге де жеңіл тимесі анық.

Немеремді келмедің нағып ала,
аттанады-ау күн ертең «тағы бала».
Біздердікі – тек қана желеп-жебеу,
атасы мен әжесін сағына ма?..

Дейді-дағы... көзіне жас тұнады,
жас тұнғаны жанымды пәс қылады.
Сонадайда апам тұр аңтарылып,
тарам-тарам көзінің қос бұлағы...

Ақынның түс көруі мен оның сипатталуында ұлттық бояу, реңк байқалады. Біздің қазақы ұғымда о дүниені танудың бір жолы түс көру арқылы беріледі. Адам өлгенмен, рухы өлмейді. Ол, біздің түсінігімізде, қысылғанда қолдап, сүйінгенде демеп жүруі мүмкін. «Иә, ата-баба, аруақ!» дейміз әлдебір іске белді бекем бұғанда. Алламен бірге ата-баба аруағын қосып айту бұрыннан санаға сіңген қасиетті ұғым. Бұл ислами түсініктегі Аллаға серік қосу емес, көнеден бүгінге жеткен қазақы дүниетанымның көрінісі.

Сырқаттың беті күшейіп, о дүниенің лебін сезінгенде, ақынға анасының түсіне енуі ықтималдық қана емес, шындық жай. Қиын сәтте ана рухы баласын қалай да демеп, желеп-жебеп жүреді.

Тіршілік күйбеңі ұмытылған. Ана баласын о дүниеде болса да, бір көргеніне, жүздескеніне мәз. Былайғы тірлікте жиі кездескенге, сыйласқанға не жетсін. Бірақ бес күндік бұл өмірде бәрі ойлағандай бола бермейді. Ана жүзіндегі реніштің табы да, бәлкім, сонда. Ренішін баласын бір көргенде-ақ анасы бәрібір кешіре салған. Бәлкім, ана жүзіндегі реніштің табы баласының ауырып қалғанын, жаны қиналып жүргенін сезінгенінен, соны уайымдауынан шығар.

«Болайын» деп бола ма адам бөтен,
Қателеспес тірлікте қадам да кем,
азасына бара алмай қалып едім,
бәлкім, суық сыңайы содан ба екен?..

Ездігіме сондағы енді өкініп,
көрісейін десем де сәл бекініп,
бірімізге біріміз жете алмаймыз,
жете алмаймыз...
...қол созым жерде тұрып.

Иә, кейде мына жалған дүниеде мәңгілікке тұрақтап қалатындай ешнәрсені ойламай кететініміз бар. Жұмыс дейміз, атақ-мансап, байлық дейміз. Бірімізді біріміз жамандаймыз, аяқтан шаламыз. Өмір-тайталас күрестің бар «қызық-шыжығы» сонда деп біліп, аттандап шабамыз. Осы жарық сәуленің адам үшін бір күнде, бір сәтте сарқыларын «қызыл-жасылды» тіршілік ойлатпай естен шығарады. Бірақ мұның барлығы уақытша, мұның ақыры болатынын, одан пенде ешуақытта қашып құтыла алмайтынын Ж. Әбдірашев «Сортопырақ» поэмасында осылайша бәріміздің есімізге салады.

Анасы айтқандай оның «ертектері» болғаны рас. Сол «ертектер» ақынның нағыз өмірі де еді. Енді, міне, соның бәрі аурумен алысқан ақын жанынан алыстап, сағым дүниеге айналып бара жатыр.

Поэмадағы философиялық түйіннің бір ұштығы осыдан аңғарылады. Ақынның күйзелген жанын ұғынасың. Тағдырдың қыспағына тым ертелеу іліккеніне өкінесің. Оқырман да осы аралықта бір күрсініп алып, хақтың растығына, ертелі-кеш оның алдына кім-кімнің де барарына көз жеткізеді, ойланады.

Бәлкім, өзгелерге үйіп-төгіп жақсылық жасау қолыңнан келмесе де, ар-ождан тазалығын сақтап, өз орныңды, меженді біліп, адал еңбекпен нәпақа тауып, ұрпақ өсіру де азаматтық-адамдық борыштың бірегейі болар. Бірақ оған бәріміз бірдей бармаймыз. Ұлы хакім Абай айтқандай, арамдық, кулық сауамыз. Жарасқан ақын осының бәрін өзінің жан дүниесі арқылы оқырманның таным-таразысына салады.

Өмірдің осындай күрделі мәнін, тағылымын аша отырып, ақын поэмасының әлеуметтік-қоғамдық жүгін Арал өңірінің экологиялық апат зардаптарымен байланыстырады. Кешегі кеңестік жылдары қазақ жері апатты аймаққа айналды. Қасиетті Абай, Мұхтар жері жарылыстар полигонының кіндігі болса, мұндай табиғатқа, адамзатқа қаталдық батыс өңірде де, оңтүстікте де болды. Табиғаттың жауһар сыйы Арал теңізі адамзаттың араласуымен сортопыраққа айналды.

Өзімбілермендікпен табиғаттың үйлесімділігі бұзылып еді, Табиғат-Ана да қарсылық танытты. Қазір жер-жаһан тепе-теңдіктің бұзылуынан қатты зардап шегуде. Адамның да, тірі мақұлықтың да арасында өз табиғи бейнесінен ажыраған жан түршігерлік түрлі құбыжықтар пайда болды.

Жарасқан ақын поэмасында Арал экологиялық апат аймағының зардап шегушілерін жырға қосады. Бұл қасіреттің ақынның түсіне енуінің, жанын мазалауының өзіндік себебі бар еді. Кіндік қаны сонда тамып, кішкентайынан сол ортада өскен оның елге барғанда небір сұмдықты естіген де көрген. Ағайын-туыс, бауырларынан айырылған. Жүрегі қарс айырылып қайғырған.

Бойында күші толықсыған жас жігіттің айдың-күннің аманында өзін-өзі дарға асып қоюы деген, өлімге қиюы не сұмдық. «Қылтамақ» деген аты өшкір дерттің үлкен-кіші демей жаппай аранын ашуы неден? Сырдың төменгі ағысында сайран салып өскен жастың бұған жаны күйзелмеуі, сол күйзелістің түсіне енбеуі мүмкін емес еді.

Жамыраса жиналған мың сан үйден,
көрінбейді кең аула кіл сәбиден...
Бәрінің де үстінде ақ жамылғы –
сыбағасы – бұйырған бұл фәниден...

Бірі келіп мойныма асылады,
бірі, сірә, білмейді жасын әлі...

Енді бірі уілдеп ақ бесікте,
енді бірі дидарын жасырады...
дейді ақын күйзеліп. Өлгінде ғана анасының жүзін көріп, даусын естіген, қуанған. Енді, міне, кіл сәби періштелер айналасында қалықтап толып жүр. Бәрі өзінің басындағы әлдебір жайларды айтып қалғысы келгендей бұған жан-жақтан анталайды.

Сескенбей де, саспай да, сақтанбай да,
секірмей де, күлмей де, шаттанбай да,
қарсы алдыма бір сәби ұшып келді,
жалғыз көзі жарқырап қақ маңдайда!

Қалғаныммен есімнен адасып бір,
Жасытпайын деймін мен жан ашып құр.
Екі көзге үйреніп қалғанбыз ғой,
Жалғыз көзі, әйтпесе, жарасып тұр.

Дүниеге келмей жатып құбыжыққа айналған періште кейіп ақын ағасына барлық шындықты айтып қалғысы, әлдене жайларды білгісі келгендей сұраққа алады. Неге бұлай болды? Бұлардың дүниеге келмей жатып, осындай қасіретті күйге ұшырауына кім жауапты?

Келдіңіз бе мәңгіге мұнда аға, сіз?
Дерт алды ма сізді де шын дауасыз?
Көптікіндей көзіңіз екеу екен...
Қай елденсіз?
Қай жақтан?
Кім болсыз?

«Әке» деген бар дейді, көрген жоқпын,
«Ана» деген бар дейді, емген жоқпын...
«Қызық» деген бар дейді – қуған жоқпын,
туған жоқпын...
...демек, мен өлген жоқпын!

Поэмадағы осындай әлеуметтік-философиялық ой желісі бөлімінен бөлімге ауысқан сайын ширыға тереңдей түседі. Арал теңізі экологиялық апатты аймағы қаншама адамға қасірет, зардап әкелді – оны нақты санына жетіп білу мүмкін емес болар... Жарық дүниеге құбыжық мүсінді қаншама сәби келгені өз алдына, қаншама адам өмір бойы жарымжан, мүгедек болып мезгілсіз өтті, қаншама адам дауасыз дерт қылтамақтан қайтыс болды, қаншама адам өзін өз қолымен өлімге қиып жатты... Халық басына түскен қасіреттен ақын өзін бөлек санамайды, жаны күйзеле ауырады. Өйткені ол да осы зардаптың уын татқан.

Суық ине суырып жүрегімнен –
соқырлықтың пердесін түре білген.
Жалқы жанар жасқанып ақиқаттан –
түпсіз көкке телміріп тұр едім мен.

Көңілімнің қақ тіліп көк боранын,
арманымның лақтырып ақ парағын,
көкжиекте жарқ еткен найзағайдай,
«Көке!» деген дауысқа жалт қарадым!

Ақын туындының композициялық тұтастығын сақтаған ой аралық байланысты сәтті тапқан. «Түсін балам, Мені де түсін, балам, сыртым шуақ болғанмен, Ішім – боран» деп басталып, әр бөлімде жаңа мән, тың оймен айшықтала, қуаттала түсетін ақын-

автордың баласымен, бүгінгі ұрпақ өкілімен тілдесуі шебер үйлестірілген. Бойында ыстық қаны ойнап, күш-қуаты артқан жігіт ұлы әке халін біліп, қамқорлыққа алып, аяушылық танытқанмен, шын мәнінде оның басындағы аласапыран күйді, ішкі дауылды дәл түйсіне де, сезіне де алмайтын тәрізді. Бұл да табиғат заңы. Өсіп, жетіліп келе жатқан организм, күш-қуат қанша түсінушілік танытқанмен, бәрібір әке халін толық біле алмаса керек. Оның үстіне ол дүниенің бар салмағын жүрегінің ыстық сүзгісінен өткізіп жатқан арқалы, бірақ қазірде қатыгез ауруға іліккен тұсаулы ақын болса... Сонда да поэмада қайталанып келіп отыратын композициялық байланыс тетігі тек туындының бүтіндігін, жұмырлығын ғана қамтамасыз етіп қоймай, бүгінгі ұрпаққа өмірдің мәні, құдіреті неде екенін ұқтырып, ой салғандай идеялық қызмет атқарып тұр.

Түсінде апасымен, одан соң табиғаттың апатты зардабынан дүниеге келмей жатып опат болған құбыжық сәбилермен жүздесіп, тілдескен ақын о дүниелік болған әкесімен де, ауылдың қарияларымен де кездеседі.

Ойпыр-ой, о дүниеде олар да бір қауым ел екен дейді... Тірліктегідей бәрінің бастары қосылып қалыпты. Мінездері де, қалыптары да өзгермеген сияқты. Алаңдаушылықтары да сол баяғыдай. Туған жер қамы. Суы кеуіп тартыла бастаған Арал теңізінің жайы. Осы бір табиғаттың тамаша сыйының қадірін білсеңдерші дейді бүгінгі ұрпаққа.

Болып отыр әкем де арқа-жарқа,
айналасы кәдімгі алқалы орта.
Барлығы да бақилық ақсақалдар,
амандасып жатырмын қорқа-қорқа.

Қорқатындай олардан себебім бар:
- Біздің үйге соқпайсың неге, мұндар,
Шіренетін кім едің?- дейтін еді,-
Сыбағаң бар – сақтаулы тамағың бар!

Енді бірі өктемсіп: -өй, әкенді...
Адам болып қалыпсың, бәрекелді!
Жасасаңдар қайтеді бір амалын
дей бергенше: «Аралға пәле төнді!»

дейді ақын тірліктегі жайды еске алып. Теңіздің қайтуы кім-кімнің де жанына батады дегенмен, оның қасіреті теңіз жағасында тірлік кешкен, бүкіл напақасын теңізбен байланыстырған халық үшін тіпті ауыр еді.

Осы жолы ортаға тағы да алды:
-Тайғаны ма Аралдың бағы мәңгі,
Жүз ойланып жүргенде, мың толғанып,
табанында тек қана қағы қалды.

Саған айтып жатырмыз мұны, балам,
дер шағың ғой, басың сау, дінің аман.
Бізді қойшы, біздерді кім тыңдайды,
түскендердің тұғырдан – күні қараң.

Шын ақын қанша қиын болса да, жеке бастың мұңымен, ауру азабымен шектеліп қала алмайды. Қолында қаламы тұрғанда, азаматтық-ақындық жауапкершілік оны үнемі қоғамның түйткілді жайларына бұрып отырады. «Сортопырақ» поэмасының да артықшылығы осында. Басындағы науқас әкелген қиын халді сездіртіп білдіре отырғанмен, ел жайы, халық басындағы түйіні шешілмеген қасірет ақынды айрықша алаңдатады. Туған жердің жырын жырламау, мұңын мұңдамау, оны кейінгі ұрпаққа

жеткізіп, қоғамдық ой-пікір туғызбау мүмкін бе?! Осы сипат поэмаға өмір туралы терең философиялық толғаныспен қатар, азаматтық пафос әкелген. Ал бұл ерекшелік-сипат Жарасқан ақынның шығармашылыққа қадам басқан алғашқы туындыларынан басталса, сол желі үзілмей ақырғы шығармаларының біріне дейін жетті.

Поэманың ақырғы бөлімінде ақын жанының қат-қабат шындығы беріледі.

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Талап туған құлынын шыңғыртуда,
тулақ қылған тұлпарын қысыр заман!

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Тіл қата алмай мақаулық етсем екен,
тыңдата алмай шындықты –
күшім қараң!

Түсін, балам,
мені де түсін, балам,
Сыртым шуақ болғанмен,
ішім – боран...
Көктем өтті, жаз да өтті, күзім келді,
қарсы алам ба, білмеймін, қысымды аман...

Жарасқан ақын поэмасын осылай аяқтап, соңына 2001 жыл деп қол қойған. Бұл ақынның аяусыз аурумен алысып жатқан кезі. Сондықтан да баласына бағыттап айтатын кей сөздерді қабақтың қатыңқылығы деп емес, ауру жанына батқан адамның мазасыз көңіл-күйі деп қабылдаған жөн. Бірақ поэманың өн бойынан байқалып тұратын жай – ақын ең жақын адамына ақыреттік сырын ашады. Ол – баласы. Ақынның ішкі сырын ашуға бағытталған жан – ақынның ең ардақтысы, келешек үміті де, өмірінің жалғасы да сол. Сөйтіп, поэмада үш оралымдық байланыс жүзеге асқан, ол: ақын, баласы, оқырман. Баласына қарата отырып, ішкі сырын, көрген түсін жырлаған ақын оқырманының алдына өмірдің үлкен жүгін, пәлсапасын тартады. Ойландырады.

Поэманың өн бойынан Ақын образы тұлғаланып көрінеді. Әсіресе, соңғы бөлімде ақын-заман қатысы өткір айтылады. «Талап туған құлынын шыңғыртуда, тулақ қылған тұлпарын қысыр заман», «Тіл қата алмай мақаулық етсем екен, тыңдата алмай шындықты – күшім қараң» деуінде көп ақиқаттың ізі бар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кез экономикалық жағынан көп қиындықты алдыға тосса, әлі де сол ауыртпалықтан халықтың басым бөлігі сілкініп еңсесін тіктей алмай жатыр. Рухани жағынан селкеуліктер де әлі жойылмай келеді. Қарапайым халыққа әрқилы жат діни ағымдардың ықпалы күшті. Әр дінді ұстанып, әке балаға жат болып бара жатқан халықтың ертең тұтастығы бола ма? Қазақтың қаймағы бұзылып, ауыл күйреп жатты. Ағылған қазақ жастары қалаға сіңісе алмай, түрлі теріс қылықтарға ұрынды. Әсіресе, бұл Жарасқан ақын өмірінің соңғы жылдарында асқынып тұрған ел алдындағы күрделі мәселе болатын. Ұлттың келешегіне ауыр зардабын тигізер осындай келеңсіздіктерді көргенде, сезінгенде, ақын жаны тыныштық таппайды.

Түйіндей айтканда, Ж. Әбдірашевтің «Сортопырақ» поэмасы - Қ.Аманжоловтың «Өмір туралы», М.Мақатаевтың «Реквием. Жан азасы» туындыларымен қатарлас тұратын айтар сыры мол шығарма.

Әдебиеттер:

1. Әбдірашев Ж. Дала, сенің ұлыңмын. Алматы: Жазушы, 1976.
2. Аманжолов Қ. Шығармалары. Төрт томдық. I том. Өлеңдер. Құрастырған және алғы сөзін жазған Ғ. Қайырбеков. Алматы, «Жазушы», 1977. – 528 б.
3. Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. – I-т.: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 368 б.
4. Әбдірашев Ж. Сортопырақ /«Жас Алаш», 9 ақпан 2002 ж.
5. Әбдірашев Ж. Соғыстан соң туылғандар. Алматы: Жазушы, 1977.
6. Әдебиет теориясы: Антология. 2-том
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973.
9. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1968.
10. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы. Алматы: Жазушы, 1985.
11. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжолов поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1976.
12. Әбдірашев Ж. Көңіл шуағы. Алматы: Жазушы, 2000.

References

1. Әбдірашев Ж. Дала, сенің ұлыңмын. Алматы: Жазушы, 1976.
2. Аманжолов Қ. Шығармалары. Төрт томдық. I том. Өлеңдер. Құрастырған және алғы сөзін жазған Ғ. Қайырбеков. Алматы, «Жазушы», 1977. – 528 б.
3. Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. – I-т.: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 368 б.
4. Әбдірашев Ж. Сортопырақ /«Жас Алаш», 9 ақпан 2002 ж.
5. Әбдірашев Ж. Соғыстан соң туылғандар. Алматы: Жазушы, 1977.
6. Әдебиет теориясы: Антология. 2-том
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976.
8. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973.
9. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1968.
10. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы. Алматы: Жазушы, 1985.
11. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжолов поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1976.
12. Әбдірашев Ж. Көңіл шуағы. Алматы: Жазушы, 2000.

ПОЭМА «Сортопырақ» ПОЭТА Жарасхана Абдрашева

Самен КУЛБАРАК, доктор филологических наук, профессор
Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати

Аннотация Статья посвящена талантливому человеку казахской поэзии Ж. Поэма Абдрашева «Сортопырақ» - «О жизни» К. Аманжолова, «Реквием» М. Мақатаева. Говорят, что это загадочное произведение, которое идет рука об руку с произведением «Печаль души».

В стихотворении поэту снится сон. Во сне он отправляется в родную деревню и встречается своих давно умерших отца и мать, свою преждевременно умершую дочь и мудрых старейшин деревни. . Это и надежда на будущее, и продолжение жизни. Таким образом, в стихотворении есть три взаимосвязанных звена: статус-кво, читатель. Обращаясь к сыну, поэт, воспевавший его сокровенные тайны и мечты, тянет на читателя огромную ношу жизни и философии. Думает.

Ключевые слова: Ж.Абдрашев, "Сортопырақ", Арал, ребенок, читательница.

POET Zh. ABDIRASHEV'S POEM "SORTOPYRAK"

Samen KULBARAK, Doctor of Philology,
Professor of Taraz State University named after M.H Dulati

Annotation

The article is dedicated to the talented person of Kazakh poetry J. Abdrashev's poem "Sortopyrak" - "About life" by K. Amanzholov, "Requiem" by M. Makatayev. They say that this is a mysterious work that goes hand in hand with the work "Sorrow of the Soul".

In the poem, the poet has a dream. In a dream, he goes to his native village and meets his long-dead father and mother, his prematurely deceased daughter and the wise elders of the village. ... This is both hope for the future and the continuation of life. Thus, there are three interconnected links in the poem: the status quo, the reader. Addressing his son, the poet, who sang his innermost secrets and dreams, pulls on the reader a huge burden of life and philosophy. Thinks.

Keywords: Abdrashev, "Sortopyrak", Aral, child, reader

МРПТИ 65.01.11

THE ANALYSIS OF FOREIGN EXPERIENCE OF ORGANIZATION OF SCHOOL NUTRITION

Smailova Z. Z.,¹ - candidate of technical Sciences, acting associate.Professor.,
smile_89@list.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7271-0034>

Dimitrova I. T.,² –doctor of PhD.
ira_64@abv.bg, <https://orcid.org/0000-0001-9500-8256>

¹*Kyzylorda University named after Korkyt - ATA, Republic of Kazakhstan*

²*Trakya University, the Republic of Bulgaria.*

Annotation: Recent years, the health status of school-age children in Kazakhstan is particularly alarming, as the number of healthy children decreases significantly from primary to senior classes. School and society are communicating vessels: changes in society are necessarily reflected in the school life, in the priorities, requirements for the student, the structure and content of education. One of the most important factors in shaping the health of the younger generation is nutrition - "Healthy school meals are the key to a healthy future of the nation". And the creation of favorable conditions for the comprehensive development of the student's personality is a priority task facing every General education institution. The article considers the foreign experience of the school food organization system, where the analysis of the experience of advanced countries of the world shows that the successful solution of the problem of healthy nutrition of children in schools and other General education institutions should be based on the use of high-availability products of industrial production.

Keywords: school nutrition, children's health, proper nutrition, problems of healthy nutrition, food organization.

Conduction. The health of children and adolescents in any society, in any economic and political conditions is an urgent problem and a matter of primary importance, since this factor largely determines the future of the country, the nation's gene pool, while being, along with other demographic indicators, a sensitive barometer of the country's development.

Recent years, the health status of school-age children in Kazakhstan is particularly alarming, as the number of healthy children decreases significantly from primary to senior classes. One of the most important factors in shaping the health of the younger generation is nutrition - "Healthy school meals are the key to a healthy future of the nation".

The state policy in the field of healthy nutrition is understood as a set of measures aimed at creating conditions that meet the needs of various groups of the population in a rational, healthy diet, taking into account their traditions, habits and economic situation, in accordance with the requirements of medical science. The goals of the state policy in the field of healthy nutrition are to preserve and strengthen the health of the population, to prevent diseases associated with improper nutrition of children and adults [1].

Purpose of work - Analysis of foreign experience in organizing school meals in order to organize and improve school meals in the Kyzylorda region.

Materials and methods. Creation of favorable conditions for the comprehensive development of the student's personality is a priority task facing every General education institution. The period of school education of children is characterized by intensive processes of growth of the child's body, so a violation of nutrition can lead to serious deviations in the

functioning of all systems of the child's body. Since a student spends 6-7 hours at school every day, catering is very important when it comes to the health of students. [2].

The socio-economic situation in Kazakhstan has led to an increase in social problems, in particular, the growth of the number of low-income segments of the population. This group includes a large contingent of children, teenagers, youth, students of preschool, school institutions, colleges, and institutes. Children experience mental and mental stress during their training period that is not filled in accordance with their physiological needs. Insufficient and irrational nutrition of this group of people leads to the appearance of serious diseases at a young age, a decrease in the level of health and life expectancy of the population of Kazakhstan.

According to the results of monitoring, one of the causes of various "school" diseases (growth retardation, anemia, caries, diseases of the gastrointestinal tract) in more than 30% of the total number of children is the unsatisfactory quality of nutrition organized at school. [3,4].

In addition, a hungry child will not be able to properly assimilate the educational material, since all his thoughts will be about the food. That is why one of the most important tasks of the school is to provide all students with a properly organized diet.

Therefore, proper nutrition, or how to eat properly and stay healthy in the age of "food terrorism" is one of the most important mechanisms for health formation, and it is especially important in childhood. School age 7 - 17 years is the period when a child becomes an adult. And this applies to his physical, and psycho-emotional, and intellectual developments. Therefore, proper nutrition and its competent organization is what provides the body with all the resources not only for growth and development, but also for the ever — increasing loads at school and puberty. [5].

The results of the study. The experience of Great Britain in the organization of school meals is worth investigating because this country was the first in the world (back in 1906) to introduce a state system for providing students with food. Issues of school meals at the state level were first raised in the middle of the XIX century in Great Britain. Even then, it was noticed that the success of children studying in schools directly depends on the degree of their food security. However, the Real concern of government officials in the foggy Albion about the nutrition of schoolchildren and teenagers arose only after the Anglo-Boer war of 1899, when it turned out that one in three young people who were conscripted or voluntarily left for the army turned out to be ill or physically unable to participate in combat.

In 1906, the British adopted the world's first government decree recommending that municipal authorities provide free meals to schoolchildren. In 1939, many school children, mostly from poor families, began to receive free breakfasts at the expense of public funds allocated for this purpose. Since 1940, the government of the United Kingdom began to consider school meals as one of the mandatory components of mobilization measures in preparing the country for the event of military conflicts. As a result, by the end of world war II, more than 1.6 million schoolchildren received free breakfast every day (10 times more than in 1939). Of this number, 15% of breakfasts were completely free, and all expenses were paid by the state. By 1951, 49% of school children were getting free breakfast, and 84% of school children were getting a free glass of milk. Back then, the typical diet of an English teenager included cereal, egg, bread and butter for Breakfast; meat, potatoes, vegetables and pudding for lunch; bread and butter, jam, pie or liver for afternoon tea; and milk for the night. Among vegetables and fruits, the most popular were strawberries, rhubarb, fresh peas, lettuce, tomatoes. In the early 70s, the UK developed a full-fledged school food system, which was inexpensive and covered the majority of schoolchildren. For children with low family income, it was completely free. [6,7].

